

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

ӘОЖ 005.342+338.48 (574)

Қолжазба құқықтарында

ШОХАМАНОВА АРАЙЛЫМ МУРАТОВНА

Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы Қазақстан Республикасының туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретінде

8D04107 – Инновациялық менеджмент

Философия докторы PhD
дәрежесін алуға арналған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
экономика ғылымдарының докторы,
профессор
А.Т. Тлеубердинова,

PhD, қауымдастырылған профессор,
И. Ангелов
(Болгария, София)

Қазақстан Республикасы
Қарағанды, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	6
1 ЖАСТАР ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....	11
1.1 Жастар инновациялық кәсіпкерлігі: мәні мен дамуының ерекшеліктері.....	11
1.2 Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы туристік дестинацияның бәсекеге қабілеттілігінің факторы ретінде.....	20
1.3 Туризм саласындағы бәсекеге қабілетті стартап жобаларды дамытудың шетелдік тәжірибесі.....	33
2 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТУРИЗМНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ЖАСТАР ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІГІНІҢ ӘЛЕУЕТІН ТАЛДАУ.....	43
2.1 Қазақстандық туристік бизнесті дамытудың жалпы құрылымындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігі.....	43
2.2 Туризм саласындағы жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту әлеуетін және оның туристік саланың бәсекеге қабілеттілігіне әсерін бағалау.....	57
2.3 Қазақстандағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін қолдау мен дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық тетігін талдау.....	68
3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТУРИСТІК САЛАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ЖАСТАР ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ....	90
3.1 Туристік саланың бәсекеге қабілеттілігінің факторы ретінде жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамытудың кәсіпкерлік экожүйесін қалыптастыру.....	90
3.2 ҚР жастар инновациялық туристік кәсіпкерлігін дамытудың бәсекеге қабілетті стратегиясын әзірлеу.....	100
ҚОРЫТЫНДЫ.....	128
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	133
ҚОСЫМША А – Қызметке енгізу актілері.....	152
ҚОСЫМША Ә – «Кәсіпкерлік», «Жастар кәсіпкерлігі», «Инновациялық кәсіпкерлік», «Стартегия» ұғымдарының авторлық анықтамалары.....	155
ҚОСЫМША Б – 2017-2024 жж ҚР облыстары бойынша туризм саласындағы жастар кәсіпкерлігінің субъектілері.....	166
ҚОСЫМША В – Әлеуметтік сауалнама.....	169
ҚОСЫМША Г – Туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігі төңірегіндегі нормативтік-құқықтық актілер.....	174

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер қолданылған.

Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы N 211 Заңы.

Мемлекеттік жастар саясаты туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ.

«Инновациялық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 8 маусым N 775.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ.

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 250 қаулысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 қаулысымен бекітілген.

«Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.

«Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.

«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты 2025 жыл 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	- акционерлік қоғам
АҚШ	- Америка Құрама штаттары
БАӘ	- Біріккен Араб Әмірлігі
БАҚ	- бұқаралық ақпарат құралдары
БҰҰ	- біріккен ұлттар ұйымы
ҒЗТҚЖ	- ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
ДЗМҰ	- Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы
ДТҰ	- дүниежүзілік туристтік ұйым
ДЭФ	- дүниежүзілік экономикалық форум
ЕЭК	- Еуропалық экономикалық комиссия
ЖИК	- жастар инновациялық кәсіпкерлігі
ЖИКДС	- жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы
ЖК	- жеке кәсіпкер
ЖОО	- жоғарғы оқу орны
ЖӨӨ	- жалпы өңірлік өнім
ЖІӨ	- жалпы ішкі өнім
ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚР ҒЖБМ	- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім
ҒЖБССҚК	министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті
ҚРЗ	Қазақстан Республикасының заңы
МЖӘ	- мемлекеттік-жекешелік әріптестік
ММ	- мемлекеттік мекеме
ТТЖҚҚ	- тікелей туризмдегі жалпы қосылған құн
ҰКП	- ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ХӘКҚ	- халықаралық әуе көлігі қауымдастығы
ХЕҰ	- халықаралық еңбек ұйымы
ХТҚО	- халықаралық табиғатты қорғау одағы
ШОБ	- шағын және орта бизнес
ШОК	- шағын және орта кәсіпкерлік, шағын және орта кәсіпорын
AI	- artificial intelligence (жасанды интеллект)
BCG	- Boston Consult Group (Бостон консалтингтік тобы)
CAGR	- Compound Annual Growth Rate (орташа жылдық өсу қарқыны)
ICT	- Information and Communication Technologies (Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар)
ILO	- International Labour Organization (Халықаралық еңбек ұйымы)
GEM	- Global Entrepreneurship Monitor (Ғаламдық кәсіпкерлік мониторингі)
MVP	- minimum viable product (минималды өміршең өнім)
SBIR	- Small Business Innovation Research Program (шағын бизнесті инновациялық зерттеу бағдарламасы)

TTCI	- Travel and Tourism competitiveness index (туризм және саяхат бәсекеге қабілеттілік индексі)
TTDI	- Travel & Tourism Development Index (туризм және саяхат даму индексі)
UNWTO	- United Nations World Tourism Organization (Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік Туристік Ұйымы)
WTTC	- World Travel&Tourism Council (Дүниежүзілік саяхат және туризм кеңесі)

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Туризм әлемдік экономикада мультипликативтік әсері орасан зор, жоғары динамикалы сектор саналады: 2024 жылы оның тікелей, жанама және индуцирленген үлесі дүниежүзілік ЖІӨ-нің 10 %-ына жетті, яғни 10,9 трлн АҚШ доллары көлемінде бағаланды [1]. UN Tourism барометрі туризмнің таза тікелей қосылған құны шамамен 3 % деңгейінде қалып отырғанын көрсетеді; осылайша, саланың шынайы ықпалы ресми макрокөрсеткіштерден анағұрлым кең, өйткені ол көлік-логистика, құрылыс, ақпараттық технологиялар, креативті индустриялар секілді аралас салаларды да жандандырады [2]. Қазақстан жағдайында туризм стратегиялық өсім нүктесі ретінде айқындалғанымен, 2023 жылы оның ЖІӨ-дегі үлесі әлі 1 % шамасында ғана; бұл әлеует толығымен іске қосылмағанын білдіреді. Мемлекеттік бағдарлар мен инфрақұрылымдық жобалардың нәтижесі біртіндеп көріне бастағанымен, салааралық инновациялар мен жас кәсіпкерлердің үлесі жеткіліксіз.

Әлемдік көрсеткіштер аясында Қазақстанның бәсекелік позициясы нығайып келеді: 2024 ж. Дүниежүзілік экономикалық форумның Travel & Tourism Development Index-інде (TTDI) ел 119 мемлекеттің ішінде 52-орынды иеленіп, жиынтық балын 4,07-ге дейін арттырды; 2021 ж. рейтингінде бұл көрсеткіш 66-орын болған еді [3]. Дегенмен туризмдегі адами капитал, инновациялық кәсіпкерлік және цифрлық сервистер индикаторлары орташа мәннен жоғары емес. Бұл, бір жағынан, жас кәсіпкерлік субъектілерінің туризмге аз тартылуымен түсіндіріледі: ҚР Ұлттық статистика бюросының дерегінше, жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлердің 40 %-ы – 35 жасқа дейінгі азаматтар, бірақ олардың тек шамамен 4 %-ы ғана туристік қызмет түрлерін жүзеге асырады.

Мәселенің өзектілігін Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылдың 13 маусымында өткен туризмді дамыту жөніндегі кеңесте нақты атап өтті: «Соңғы төрт жылда туризмнің ұлттық экономикадағы үлесі 3,7 %-дан 3,2 %-ға дейін төмендеді – бұл әлемдік орташа деңгейден үш есе кем; сапалы серпіліс үшін шұғыл жүйелі шаралар қажет» [4]. Бұған қоса, 2025 жылдың 8 қыркүйегіндегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында Президент туризм саласында шешімін күткен түйткілдердің барын ашық көрсетіп, «осы саладағы бәсекеге қабілетіміз әлі де шамалы» екенін атап өтті, ал өңірлік туризмнің серпінді дамуы үшін «ең өзекті мәселе – заманауи инфрақұрылым салу» қажеттігін айқындады [5]. Сондай-ақ 2026 жыл қарсаңындағы Жаңа жылдық құттықтауында Президент шағын және орта бизнесті қолдау, туризм саласында көлік-логистика мен инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ цифрландыру және жасанды интеллектіні енгізу сияқты ұлттық басымдықтарды атап өтті, бұл туризмде сервистерді жаңғыртуға және нарықтық мүмкіндіктерді кеңейтуге институционалдық негіз қалыптастырады [6]. Осы міндеттерді іске асыруда жастар әлеуетінің орны ерекше: Жолдауда жастар үшін патриотизмнің басты өлшемі «жасампаздық пен жаңашылдық» екені, олардың «халыққа пайдасы тиетін жаңалық ашу, жаңа іс бастауға»

ұмтылатыны және жаһандық өзгерістер жағдайында жасанды интеллектінің маңызы жоғары екені көрсетілген. Демек, халықаралық бәсекенің күшеюі мен ұлттық көрсеткіштердің төмендеуі жағдайында Қазақстанның туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын қалыптастыруды өзекті ғылыми-тәжірибелік міндет ретінде алға қояды, өйткені дәл осы стратегия туризмде цифрлық сервистерді, жаңа туристік өнімдер мен бизнес-модельдерді кеңейту арқылы саланың тұрақты өсімі мен бәсекелік артықшылықтарын күшейтуге бағытталады. Осылайша, халықаралық бәсеке күшеюі, ұлттық көрсеткіштердің төмендігі және Президент белгілеген шұғыл шаралар қажеттілігі жастар инновациялық кәсіпкерлігін туризмдегі өсім драйверіне айналдыруды өзекті ғылыми-тәжірибелік міндет ретінде қояды.

Зерттеу тақырыбының ғылыми зерттелу дәрежесі. Зерттеу пәні бойынша алдыңғы зерттеулерді келесі бағыттар бойынша топтастыруға болады: кәсіпкерлік, жастар кәсіпкерлігі, инновациялық кәсіпкерлік, туристік кәсіпкерлік, даму стратегиясы, кәсіпкерлік экожүйе. Кәсіпкерлікті дамыту мәселелерін зерттеген шетелдік ғалымдар Р. Кантильон, А. Смит, А. Маршалл, Ф. Уолкер, Й. Шумпетер, Ж. Б. Сэй, П. Друккер, Л.ф. Мизес және туристік кәсіпкерлік бойынша Ф. Найт, Ф. Хайек, А. Тюнен, С. Пратт тағы да басқалары. Отандық ғылымда кәсіпкерлік теорияның негізін қалаушылар О. С. Сабден, А.Н.Токсанова, К.К.Жуйриков, Кошербаева А.Б., Бириншинова Г.Б., Кошанов А.К., Мухамеджанов Б.Г., Сейдахметов А.С., Бектимисова С.Т., Накипова Г.Е., Алипов А.Р., Шеденова У.К. және басқалар. Ал жастар кәсіпкерлігінің инновациялық бағыты оның тұлғалық қасиеттеріне, дербестікке және бастамашылдыққа негізделетінін келесі зерттеушілер атап өтеді: Н.В. Ахиярова, Е.К. Осифуах, С. Риахи, С.Г. Петросян, А.В. Иванова, А.И. Далибожко, Хусаинова Ж.С., Жартай Ж. және басқалар. Қазіргі отандық еңбектерде кәсіпкерліктің мәселелері және оның жұмыспен қамтуды арттырудағы рөлі Г.С. Ақыбаева, С. Ш. Мамбетова, А. О. Мұсабекова және т. б. жұмыстарында зерттеледі, онда институционалдық жағдайларға, шағын және орта бизнесті дамытуға және кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикалық дамудағы рөліне ерекше назар аударылады.

Туризм саласындағы кәсіпкерлікті дамыту мәселелерін зерттеуге ресейлік ғалымдар айтарлықтай үлес қосты: Бусыгин А.В., Боголюбов В.С., Шапиро А.И., Винокуров Б.Л., Можяева Н.Г., Жукова М.А., Сенин В.С., Зорина И.В., Кабак Г.В., Котляров Е.А. және басқалар. Қазақстан Республикасының туризм саласын және туристік кәсіпкерлікті дамыту мәселелеріне келесі ғалымдардың еңбектері арналады: Глеубердинова А.Т., Шаекина Ж.М., Борбасова З.Н., Салауатова Д.М., Садуов А.Ж., Смыкова М.Р., Шохан Р., Орынбасарова Е.Д., Косе Ж.К. және басқалары.

Ғылыми зерттеулерінде инновациялық қызмет, инноватика және инновациялық дамуды басқару мәселелеріне елеулі назар аударған авторлар қатарында Алиев Э.А., Бугаян И.Р., Каймачникова Н.В., Ярославская Е.А., Якубов Б.А., Крутилина С.Ф. және т.б.. Отандық ғалымдар арасында бұл мәселе

Аймағамбетов Е.Б., Алимбаев А.А., Притворова Т.П. және т.б. зерттеулерінде қарастырылған. Әр түрлі деңгейдегі жүйелерді дамыту стратегиясы мәселелерін зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері М. Портер, М. Хаммер и Д. Чампи, Г. Хамель, Ким и Мауборн, А. Чандлер, Г. Минцберг және басқалардың еңбектерінде қамтылған. Ал кәсіпкерлік экожүйе мәселесін зерттеуде Д.Айзенберг, Е. Стам, Мейсон және Браун, Спигел Б., Рахман Н., Новелли М. еңбектерін атап өткен жөн.

Алдыңғы ғылыми зерттеулер кәсіпкерлік саласындағы жекелеген аспектілерді анықтағанына қарамастан, саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегияларын қалыптастыруды зерделеуге арналған зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Диссертациялық зерттеу дәл осы ғылыми олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған және инновациялық менеджмент теориясы мен туризмология арасындағы алшақтықты азайтады.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты Қазақстанның туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамытудың ғылыми негізделген стратегиясын әзірлеу болып табылады.

Зерттеудің мақсаты **диссертацияның келесі міндеттерін** шешуді көздейді:

- «жастар инновациялық кәсіпкерлігі» ұғымының мәні мен дамуының ерекшеліктерін нақтылау;
- жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы туристік саланың бәсекеге қабілеттілігінің факторы ретінде айқындау;
- туризм саласындағы бәсекеге қабілетті стартап жобаларды дамытудың шетелдік тәжірибелерін талдау;
- қазақстандық туристік бизнесті дамытудың жалпы құрылымындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігінің орнын талдау;
- туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту әлеуетін және оның туристік саланың бәсекеге қабілеттілігіне әсерін бағалау;
- Қазақстандағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін қолдау мен дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық тетігін талдау;
- туристік саланың бәсекеге қабілеттілігінің факторы ретінде жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамытудың кәсіпкерлік экожүйесін қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар;
- Қазақстан Республикасы жастар инновациялық туристік кәсіпкерлігін дамытудың бәсекеге қабілетті стратегиясын әзірлеу.

Зерттеу нысаны Қазақстанның туристік саласында жастар инновациялық кәсіпкерлік қызметін қалыптастыру және дамыту үрдісі болып табылады.

Зерттеу пәні жастар инновациялық туристік кәсіпкерлігінің дамуы үрдісінде туындайтын ұйымдастырушылық – экономикалық қатынастар және даму стратегиясын айқындайтын факторлар болды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық-әдістемелік негізін инновацияларды басқару және кәсіпкерлік экожүйелерді басқару саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектері құрады. Әдістемелік

негізін диалектикалық, абстрактілі-логикалық, статистикалық және эконометрикалық әдістер, сондай-ақ саланың бәсекеге қабілеттілігін бағалау және мақсатты бағдарламаларды әзірлеу әдістері құрады. Эмпирикалық бөлігі туристік қызметтерді тұтынушылардың сараптамалық бағалауы мен әлеуметтік сауалнама нәтижесіне негізделген.

Диссертациялық жұмыстың ақпараттық базасын зерттелетін тақырып бойынша отандық және шетелдік экономист ғалымдардың еңбектері, Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері, Дүниежүзілік туристік ұйымның статистикалық деректері, Global Entrepreneurship Monitor талдамалы деректері, зерттеу мәселесі бойынша мерзімді баспа материалдары, ғаламтор желісінің ақпараттық ресурстары және ғылыми жарияланымдар құрайды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы. Ғылыми жаңалықты қамтитын және **қорғауға шығарылатын ең маңызды нәтижелерге** мыналар жатады:

1) «жастар инновациялық кәсіпкерлігі» ұғымына авторлық түсіндірме ұсынылып, оның мәні мақсаттар, міндеттер, критерийлер, факторлар және даму әсерлері жүйесі арқылы ашып көрсетілген;

2) «жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы» ұғымына авторлық түсіндірме беріліп, оны жастардың инновациялық және кәсіпкерлік белсенділігін ынталандыру құралы ретінде әзірлеудің артықшылықтары негізделді;

3) туризм саласында жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясының теориялық моделі тұжырымдалды;

4) халықаралық тәжірибе негізінде туристік стартаптардың негізгі бәсекеге қабілеттілетті сипаттамалары айқындалды;

5) Қазақстан Республикасы туристік саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігіне арналған авторлық кәсіпкерлік экожүйе моделі әзірленді;

6) 2027-2036 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының туристік саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы ұсынылды.

Қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің негізгі ғылыми ережелері. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қорғауға автор әзірлеген мынадай ережелер шығарылады:

- «жастар инновациялық кәсіпкерлігі» ұғымына авторлық түсіндірме;
- жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясының мазмұнына авторлық көзқарас;
- туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясының авторлық моделі;
- жастар туристік кәсіпкерлігінің елдің экономикалық өсу көрсеткіштеріне және саланың дамуына әлеуметтік-экономикалық әсерінің эмпирикалық дәлелі;
- Қазақстан Республикасындағы туристік саладағы жастар инновациялық кәсіпкерлігіне арналған кәсіпкерлік экожүйе моделіне авторлық көзқарас;

- 2027-2036 жылдарға арналған туристік саладағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы автордың туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеудің теориялық және әдістемелік негіздерін дамытуға қосқан үлесімен анықталады.

Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы туризмдегі жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамытуда диссертациялық зерттеу материалдарын пайдалану мүмкіндігі болып табылады. Атап айтқанда, инновациялық туристік кәсіпкерлікті дамыту стратегиясын қалыптастыру және кәсіпкерлік экожүйені модельдеу жөніндегі ұсыныстар республикалық, өңірлік және жергілікті мемлекеттік билік және басқару органдары тарапынан туристік дестинациялардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында туризмді дамыту жоспарларын жетілдіру үшін пайдалана алады. Зерттеу нәтижелерін білім беру процесінде қолдану келесі пәндердің практикалық маңыздылығын арттыруға мүмкіндік береді: «Кәсіпкерлік»; «Кәсіпкерлік жобалар: басқару және ұйымдастыру»; «Стратегиялық менеджмент», «Қазақстан экономикасындағы қазіргі заманғы басқару мәселелері».

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу. Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары ашық баспа беттерінде апробацияланып, халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалды. Диссертациялық жұмыстың мазмұны 9 басылымда, оның ішінде 1 мақала - Scopus деректер базасына енген журналда, 3 - ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналда, 5 - алыс шет елдердің халықаралық конференциясының еңбектер жинағында және материалдарында жарияланымдарда.

Диссертация нәтижелері зерделеніп, ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институтының қызметіне, «Қарағанды облысының туризм басқармасы» ММ қызметіне.

Диссертациялық зерттеу АР26199455 «Өңірлік экономиканы әртараптандыру кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру факторы ретінде: әлеуметтік-мәдени алғышарттар, іске асырудың жаңа бағыттары мен әдістері» шеңберінде орындалды.

Диссертация құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспе, 3 бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Диссертацияның негізгі мәтіні 151 бетте көрсетілген, жұмыста 28 кесте, 29 сурет, 5 қосымша және 267 атаудан тұратын пайдаланылған әдебиеттен тұрады.

1 ЖАСТАР ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

1.1 Жастар инновациялық кәсіпкерлігі: мәні мен дамуының ерекшеліктері

Жастар кәсіпкерлігіне деген қызығушылықтың артуы екі негізгі фактормен түсіндіріледі: жұмыссыз жастар санының үнемі көбеюі және бәсекеге қабілеттілікке ұмтылыс пен дағдыларды дамыту қажеттілігінің үйлесуі. Жастар кәсіпкерлігін кеңейту – жастарды еңбек нарығына интеграциялаудың ықтимал жолдарының бірі болып табылады [7]. Халықаралық еңбек ұйымының (International Labour Organization, ILO) бас директоры Juan Somavia атап өткеніндей: «Кәсіпкерлік пен бизнес ашу – бұл ... еңбек нарығында көбіне екі таңбалы жұмыссыздық деңгейімен бетпе-бет келетін жастар үшін өсіп келе жатқан балама нұсқа» (1999 жылғы 5 қарашада Женевада өткен Екінші кәсіпкерлік форумы) [8]. Жастар үшін жұмыссыздықтың әлеуметтік шығындары айқын байқалатын салдарлары әсіресе ауыр болуы мүмкін.

Кәсіпкерлік әлеуметтік-экономикалық артықшылықтарды қамтамасыз етеді: жұмыс орындарын ұсыну, инновацияларды кеңейту, бәсекелестікті күшейту, өзгермелі экономикалық мүмкіндіктер мен үрдістерге жедел әрекет ету. Кәсіпкерлік сондай-ақ басқа да оң сыртқы әсерлерге ықпал етеді. Мәселен, жас адам жаңа бизнес бастау арқылы басқа жастарға үлгі бола алады, бұл әсіресе қолайсыз жағдайдағы қауымдастықтарда маңызды, себебі табысты кәсіпкерлік әлеуметтік мәселелерді шешуге септігін тигізетін тетік ретінде әрекет етеді. Жұмыспен қамтудан және табыстың өсуінен бөлек, кәсіпкерлік жастардың адами капиталын жақсартуға ықпал етіп, олардың дербестігін, шаруашылық дағдыларын дамытады және түптеп келгенде елдегі бақыт деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Кәсіпкерлік адамдардың жетістікке жетуге, тәуелсіздікке және ілгерілеуге деген ұмтылысын қалыптастырады, шығармашылық қабілетті арттырады, өйткені кәсіпкерлер көбіне бұрын зерттелмеген немесе жүзеге аспаған идеяларды ұсынады. Осылайша, кәсіпкерлік адамдарға өз қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді, бұл қабілеттер өзге жағдайда пайдаланылмай қалуы мүмкін еді. Қоғамға тигізетін пайдасының арқасында кәсіпкерлік көптеген үкіметтердің басты назарындағы мәселеге айналды.

Жастар кәсіпкерлігінің мотивациялық ерекшеліктерін тереңірек түсіну мақсатында кәсіпкерлік теориясының дамуына арналған теориялық шолу жүргізілді, бұл аталған теорияның эволюциясын айқындауға мүмкіндік берді (2 қосымша). Шумпетер кәсіпкерліктің ең кең танылған теориясын әзірледі және кәсіпкерді экономикалық прогрестің басты қозғаушысы, жаңашыл ретінде сипаттады, оның негізгі функциясы – инновация: «Кәсіпкер – бұл қарапайым идеяны немесе өнертабысты табысты инновацияға айналдыра алатын ерік-жігері мен қабілеті бар, ұзақ мерзімді көзқараспен ойлайтын тұлға» [9]. Ол бір мезгілде жаңа бизнес-бөлімшенің бастамашысы әрі экономикалық өзгерістерді іске асыру

мен басқаруға ықпал ететін негізгі катализатор болып табылады. Шумпетердің пайымдауынша, кәсіпкерліктің басты мақсаты – жаңа нәрсе жасауға қабілеттілік, қоғамдағы өзгерісті бастамалау.

Кәсіпкерлік теориясының дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың еңбектеріне жүргізілген шолу бұл теорияның даму кезеңдерінің реттелген жүйесін анықтауға, сондай-ақ кәсіпкерліктің негізгі ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді:

- тәуекелдің болуы (Р. Кантильон [10], А. Смит [11], А. Маршалл [12], Ф. А. Уолкер [13], Ф. Х. Найт [14], И. Кирцнер [15], Р. Д. Хизрич [16], Р. Л. Дафт [17], И. Н. Герчикова [18], А. Н. Асаул [19], З. К. Океанова [20], Н. П. Котерова [21]);

- инновациялық сипаттылық (Ж. Б. Сэй [22], Й. Шумпетер [23], Л. Мизес [24], П. Ф. Друккер [25], И. Кирцнер, Ф. Хайек [26], Р. Лэмб [27], А.И.Агеев [28], Т. В. Дорожкина [29], Д. Ф. Куратко [30], У. К. Шеденов [31], О. С. Сабден [32], А.Н. Токсанова [33], К. К. Жуйриков [34]).

Эмпирикалық әдебиеттерде кәсіпкерлік жиі өзін-өзі жұмыспен қамтумен немесе жаңа қызмет түрімен теңестіріледі, ал теориялық еңбектерде кәсіпкер тұлғалық қасиеттері мен дағдыларына сүйенетін көшбасшы ретінде сипатталады. Алайда, көптеген зерттеушілер кәсіпкерліктің келесі сипаттамаларына қатысты бірыңғай пікірге келеді:

- белгісіздік пен тәуекелге бару;
- басқару үдерісін тиімді жүзеге асыру;
- мүмкіндіктерді іздеу және оларды пайдалану [35].

Кәсіпкерліктің экономикалық дамудағы рөлін қорытындылай келе, Dhaliwal (2016) орынды атап өткендей: «Экономика — бұл кәсіпкерліктің салдары» [36]. Кәсіпкерлік экономикалық мүмкіндіктерді кеңейте алады, ұлттың инклюзивті экономикалық тәсілін қалыптастыра алады және кәсіпкерлердің өз күшіне деген сенімін қамтамасыз ете алады.

Шағын кәсіпорындарда басқару құрылымының қарапайымдылығы мен бюрократиялық кедергілердің аздығы олардың өзгерістерге тез бейімделуіне және уақыт пен қаржы шығындарын азайта отырып әрекет етуіне мүмкіндік береді (O'Dwyer & Ryan, 2000) [37]. Дегенмен, кәсіпкерлік қызметтің экономикалық дамуға әсері әр елде даму кезеңіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, дамушы елде кәсіпкерлік қызметтің жылдам басталауы бұл елде жоғары экономикалық өсімді білдірмеуі мүмкін, ал дәл осы көрсеткіштер дамыған елдерде едәуір нәтижелі болмақ. Басқаша айтқанда, дамушы елдерде стартаптардың салыстырмалы түрде төмен үлесі болса да, олар жоғары қосылған құнды қамтамасыз ететін, жылдам өсетін компаниялардың құрылуына алып келуі мүмкін. Жоғары дамыған елдерде кәсіпкерліктің экономикалық өсуге әсері, әдетте, анағұрлым айқын көрінеді, өйткені инновациялық стартаптар жаңа нарықтарды белсенді түрде қалыптастырады, өнімділікті арттырады және жаһандық бәсекеге қабілеттілікті күшейтеді. Экономикалық жағынан аз дамыған елдерде қаржыландыруға, инфрақұрылымға қол жетімділіктің шектеулі болуына және институционалдық тәуекелдердің жоғарылауына байланысты кәсіпкерліктің үлесін бағалау қиынырақ.

Күмәнсіз, тәуекелге бейімділік, креативті ойлау, бастамашылдық, жоғары икемділік пен еңбекке қабілеттілік секілді қасиеттермен сипатталатын өмір кезеңі – бұл жастық шақ. Сондықтан да инновациялық әрі прогрессивті дамуға қатысты жастар кәсіпкерлігіне артылатын үміт ерекше жоғары.

Жастар кез-келген мемлекет халқының ең маңызды құрамдас бөлігі болып саналады, себебі олар табиғатынан жігерлі, тапқыр, ынталы және серпінді. Жастар – кез-келген ұлттың негізі, олар өз энергиясы мен сенімдері арқылы елдегі түбегейлі өзгерістер мен оның жұмыс істеу тәсілдеріне ықпал ете алады. Олар – халықтың ең маңызды бөлігінің бірі. Жастарда ұлтты мықты әрі бәсекеге қабілетті ету үшін қажетті барлық қасиеттер бар. Егде буынмен салыстырғанда, жастар жаһандану үдерісіндегі сын-қатерлерге төтеп бере алады және сәтсіздіктен кейін қайта қалпына келуге бейім. Олар үздіксіз еңбектенуімен, бұрыннан қалыптасқан ескірген нормаларға күмәнмен қарап, оларды қайта пайымдауымен, әлеуметтік өзгерістерге жол ашып, жаңа басқару әдістерін қабылдайтын қоғам құруға қабілетті. Мемлекеттің әлеуеті көбінесе оның жастарының саны мен сапасына байланысты. Жастар – цифрлық және шығармашылық инновацияларға белсенді түрде қатысатын күш. Алайда жастардың әлеуетін дұрыс пайдалану үшін тиісті саяси шаралар мен уәждеу тетіктері қажет, олар осы қуатты дұрыс бағытқа бағыттай алады [38].

Дегенмен, жастар кәсіпкерлігінің жас кезеңін анықтауда елдер арасында шамалы айырмашылықтар бар. Халықаралық деңгейде «жастар» ұғымына ортақ қабылданған бірыңғай анықтама жоқ. Әрбір ел бұл ұғымды өз мәдени, әлеуметтік және экономикалық ерекшеліктеріне негізделе отырып айқындайды [39]. Шартты түрде анықталатын жастық кезең – бұл жасөспірімдік шақтан орта жасқа дейінгі аралықты қамтиды. «Жастар» ұғымы көбінесе 15 пен 34 жас аралығындағы адамдарға қатысты қолданылады. Алайда, кейбір зерттеулерде жасты неғұрлым тар жас топтарымен шектеу кездеседі: мысалы, БҰҰ анықтамасы мен Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) жастарды жұмыспен қамту туралы деректеріне сәйкес – 15-24 жас аралығы; ал Ғаламдық кәсіпкерлік мониторингі (GEM) бойынша – 18-24 немесе 18-34 жас аралығы [40]. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының 1-бабы, 1-тарауына 04.07.2022 жылы №134-VII өзгерісіне сәйкес, жастар деп он төрт жастан отыз бес жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының азаматтары танылады [41].

Жас адамдар үшін кәсіпкерлік мансаптық өсуге, жоғары табысқа және лайықты өмір сүруге деген қажеттілікті қанағаттандырудың баламалы жолына айналды. Жастар кәдімгі жұмыспен қамтылу мүмкіндіктері олардың қажеттіліктері мен үміттерін ақтамаған жағдайда, кәсіпкерлікті өміршең кәсіби жол ретінде қарастырады. Кәсіпкерлік тек кәсіпкерлердің өзін ғана емес, сонымен қатар олар жалдайтын қызметкерлерді де жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді [38, p.7].

Питер (2004) өзінің жастар кәсіпкерлігіне арналған кітабында жастар кәсіпкерлігін идеяларды мүмкіндіктерге, ал мүмкіндіктерді практикалық кәсіпке айналдыру үрдісі ретінде тұжырымдайды. Бұл үдеріс басқару, жоспарлау,

жетілдіру, тәлімгерлік және хабардарлықты арттыру дағдыларын қолдануға негізделеді. [42].

Жастардың бизнес бастауына түрткі болатын түрлі себептер бар, олар өмірлік жағдайлармен, жеке көзқарастарымен, ұстанымдарымен, мақсаттары мен қызығушылықтарымен, сондай-ақ олардың жеке қабілеттері мен күшті жақтарымен тығыз байланысты. Бұл себептерді мойындау жастар кәсіпкерлігін түсіну және оны ынталандыру үшін шешуші мәнге ие.

Жоғары жұмыссыздық жағдайында жеке бизнес ашу – біреулер үшін жұмыс табудың және өз табысын иеленудің жалғыз мүмкіндігі болып табылады. Ал басқа біреулер үшін кәсіпкерлікке итермелейтін негізгі себеп – өз-өзіне басшы болу, лайықты өмір сүруге жеткілікті табыс әкелетін және экономикалық өсімді қамтамасыз ететін іспен айналысуға ұмтылыс.

Global Entrepreneurship Monitor (GEM) зерттеуінде кәсіпкерліктің екі түрі қарастырылады: мүмкіндікке негізделген кәсіпкерлік және қажеттілікке негізделген кәсіпкерлік. Экономикалық қажеттілікпен туындайтын кәсіпкерлік – бұл адамның табыс табуға немесе өмір сүру үшін қаражат алуға баламалы мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана бизнеске баруы [43]. GEM зерттеулеріне сәйкес, елдегі қажеттілікке негізделген кәсіпкерлік деңгейі келесі факторлармен өзара байланысты: салық түсімдерінің төмендігі, білім беру саласына ЖІӨ-нің аз пайызы бөлінуі, табыс теңсіздігінің жоғары деңгейі, әлеуметтік қамсыздандырудың төмен деңгейі. Бұл, әсіресе, дамушы елдер мен табысы төмен мемлекеттерде, жастар арасындағы кәсіпкерлік белсенділіктің неге жоғары екенін түсіндіреді. Ал мүмкіндікке бағытталған кәсіпкерлік — бұл табыс табудың жалғыз жолы емес, керісінше, нақты бір іскерлік мүмкіндікті іске асыру ниетінен туындайтын кәсіпкерлік түрі. Мұндай кәсіпкерлік деңгейі келесі факторлармен байланысты: бизнес бастауға қажетті дағдылардың бар екеніне деген сенім, соңғы екі жылда сәтті бизнес мысалдарының болуы, сондай-ақ жоғары инвестициялық белсенділік. Сондықтан мүмкіндікке негізделген кәсіпкерлік, әдетте, табысы жоғары елдерде басымдыққа ие. Алайда, іс жүзінде бұл екі кәсіпкерлік түрінің арасын нақты ажырату оңай емес, өйткені көптеген жағдайларда қажеттілік пен мүмкіндікке негізделген мотивациялар қатар жүреді және өзара тоғысады.

Өмір сүру жағдайларынан бөлек, жас кәсіпкерлердің мотивациясы олардың жеке ұстанымдарына, артықшылықтары мен мақсаттарына, ерекше қызығушылықтарына және жеке мықты қасиеттеріне байланысты болуы мүмкін. Мысалы, әлеуметтік кәсіпкерлердің қоғамды өзгертуге және жақсартуға деген ұмтылысы таза экономикалық кәсіпкерлерге қарағанда әлдеқайда жоғары. Олардың мотивациясы көбінесе альтруизмге, өз құндылықтары мен сенімдеріне адал болуға, жергілікті экономиканың, қоршаған ортаның және қоғамның жағдайына әлеуметтік жауапкершілікпен қарау қажеттілігіне негізделеді.

Өнеркәсібі дамыған елдерде жастар өз бизнесін бастауға түрлі жеке себептер мен уәждерді алға тартады: өз-өзіне басшы болу, тәуелсіз әрі икемді болуға ұмтылу, жаңа жұмыс әлеуетін іздеу, көп табыс табуға немесе бай болуға деген жаңа сын-тегеурінді қабылдау, идеясы мен көзқарасын жүзеге асыру, өмір

сапасын арттыруға бағытталған жақсы беделге ие болу, отбасылық дәстүрді жалғастыру. Кейбір жастарда өз идеяларын немесе көзқарасын жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Ақырында, шешуші мотив ретінде жас кәсіпкерлердің ерекше қабілеттері мен дағдылары саналуы мүмкін.

Біріккен ұлттар ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясының (БҰҰ ЕЭК) зерттеулеріне сәйкес, жас кәсіпкерлердің келесі түрлерін ажыратуға болады:

- техникалық кәсіпкерлер – техникалық бағыттылығы басым, жаңа өнімдерге арналған идеяларды ойлап табуды және әзірлеуді, жаңа нарықтар мен тіпті жаңа салаларды ашуды ұнататын кәсіпкерлер. Бұл жағдайда кәсіпорын құру – мақсатқа жетудің бір құралы ғана;

- ұйымдастырушы-кәсіпкерлер – кейбір кәсіпкерлер бизнесін адамдарды, жүйелер мен құрылымдарды дамытуға қабілетті бола отырып, ұйым құру үдерісінің өзінен ләззат алғандықтан бастайды;

- бір реттік мәміле кәсіпкерлері – жаңа кәсіпорын немесе стартапты бастау үшін бастапқы мәмілені жасауды ұнататын тұлғалар. Алайда ұйымдастырушылардан айырмашылығы – олар басқару ісін ұнатпайды және ұйыммен ұзақ уақыт байланыста болғысы келмейді. Көбінесе олар қаржылық немесе сауда операцияларына қатысады [44].

Дәстүрлі түрде жастар кәсіпкерлігінің негізгі функциялары төрт топқа бөлінеді: жұмыссыздық пен кедейлікпен күресу, әлеуметтік өзгерістер, нарық пен экономикалық даму, кәсіпкердің жеке тұлғалық дамуы (1 сурет).



Сурет 1 - Жастар кәсіпкерлігінің функциялары

Ескертпе - автормен [45] әдебиет негізінде құрастырылған

Қаржылық капиталға қол жетімділіктің болмауы бүкіл әлем бойынша кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін жастар үшін ең үлкен қиындық тудырады. Қаржылық қолдаудың болмауы көбінесе кәсіпкерлікті дамытуға үлкен кедергі болып табылады, дегенмен жастар бұл шектеулерге әсіресе осал, өйткені олар көбінесе несие тарихы немесе қаржы институттарынан несие алу үшін кепіл ретінде қызмет ететін активтері жоқ және коммерциялық кәсіпорынды қаржыландыруда өз жинақтарын пайдалана алу үшін жеткілікті капиталды жинақтау ықтималдығы аз.

Елде микроқаржы институттарының, венчурлық капиталдың және бизнес-періштелердің болмауы жас кәсіпкерлерді қаржылық қолдау мәселесін ушықтыруы мүмкін. Сонымен қатар, коммерциялық банктер көбінесе жас кәсіпкерлерге несие бергісі келмейді, бұл іс-шараны бір жағынан кепілдің болмауы және екінші жағынан бизнесті жүргізу тәжірибесінің болмауы салдарынан инвестициялар тәуекелі ретінде қарастырады [46].

Сонымен қатар, жастардың көпшілігінде коммерциялық тұрғыдан өміршең бизнес-идеялар болмауы мүмкін немесе оларда тұрақты кәсіпорындарды іске қосу және басқару үшін қажетті білім мен дағдылар жеткіліксіз болады. Бұл жағдай жастарды қажетті біліммен қамтамасыз ететін бизнес-дамыту институттарының маңыздылығын айқындайды.

Жас кәсіпкерлердің тәлімгерлік қызметтеріне қолжетімділігі жаңа бизнесті іске қосу кезеңінен кейін қолдау мүмкіндігін едәуір арттырады. Мысалы, бизнес-инкубация Чили, Бразилия және Малайзия сияқты елдерде бизнесті бастап, оны тұрақты кәсіпке айналдыруға айтарлықтай ықпал еткен. Бұл елдер инкубаторларды инновацияларды ынталандыру, жұмыс орындарын құру және шағын бизнестің өсуін қамтамасыз ету құралы ретінде сәтті пайдаланған [45, р.7]. Еуропа мен АҚШ-тағы инкубациядан өткен стартаптардың 90%-ы өз қызметін сақтап қалып, инкубациялық қолдаусыз құрылған стартаптарға қарағанда әлдеқайда табысты болған [47].

Ұлттық кірістің елеулі үлесін қамтамасыз етумен қатар, жастар кәсіпкерлігі жаңашылдық пен нарықтық кеңістік арасындағы дәнекер рөлін атқарады. Жалпы алғанда, кәсіпкерлік – бұл құндылығы жоғары жаңа нәрсені жасап шығару тәжірибесі, негізгі тәуекелдерді қабылдай отырып, жеке және қаржылық қанағаттану түрінде сыйақы алуға бағытталған үдеріс [48]. Ал жастар – қоғамның инновациялық әлеуетінің басты тасымалдаушысы, ел дамуының аса маңызды стратегиялық ресурсы және қоғамдық өндірістік күштерді толықтыратын шешуші фактор болып табылады [49]. Күмәнсіз, жастар мобильділігі жоғары, өзгерістерге дайын және нарықтық жағдайларға жылдам бейімделе алады. Алайда, осы ерекшеліктер жастар кәсіпкерлігін жеке бір ерекше санат ретінде қарастыру қажеттілігін туындатады.

Тақырып бойынша жүргізілген ғылыми еңбектерге шолу осы артықшылықты сипаттамаларды растайды. Атап айтқанда, жастар кәсіпкерлігінің инновациялық бағыты оның тұлғалық қасиеттеріне, дербестікке және бастамашылдыққа негізделетінін келесі зерттеушілер атап өтеді: Н.В.

Ахиярова [50], Е.К. Осифуах [51], С. Риахи [52], С.Г. Петросян [53], А.В. Иванова [54], А.И. Далибожко [55], Хусаинова Ж.С. және басқалар [56] (2 қосымша).

Чигунта және қосымша авторлар (2005) еңбектеріне сәйкес, жастар кәсіпкерлігі – бұл бастамашылық, жаңашылдық, креативтілік және тәуекелге баруға дайын болу сияқты іскерлік қасиеттерді тәжірибе жүзінде қолдану, яғни оларды еңбек қызметінде (өзін-өзі жұмыспен қамту немесе шағын стартап-фирмаларда жұмыс істеу) іске асыру, сондай-ақ жастардың табысқа жетуіне қажетті тиісті дағдыларды қолдану үдерісі [57]. Ел алдында инновациялық экономика құру міндеті тұрған жағдайда кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыты ретінде жастар кәсіпкерлігін алға шығару қажет [45, р.8].

Инновация ұғымы ғылыми зерттеу нәтижесінде немесе жаңалық ашу негізінде өндіріске табысты енгізілген, бұрынғы баламаларынан сапалық тұрғыдан ерекшеленетін және пайда әкелетін объектілермен тығыз байланысты [58]. Инновацияға кең таралған түсіндірудің бірі – бұл идеяны, өндірістік үдерісті немесе басқару жүйесін өзгерту арқылы өнімді жетілдіруді және экономикалық тиімділікке қол жеткізуді қамтамасыз ететін трансформациялық үдеріс ретінде қарастыру [59].

Инновациялық қызмет елеулі жоғары кәсіпкерлік тәуекелмен сипатталады, бұл тәуекел инновациялық қызметтің нарықтық келешегінің белгісіздігімен және салынған қаржы немесе басқа да ресурстардың жоғалу қаупімен байланысты. И.Р. Бугаян мен Н.Ф. Каймачникова инновациялық кәсіпкерлікке қатысты былай деп орынды атап өтеді: бұл – өзгермелі қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын және мүлде жаңа сұраныс нысандарын қалыптастыратын экономиканың ерекше бір секторы [60]. Инновациялық кәсіпкерліктің экономикалық қызмет түрі ретіндегі көпқырлылығы және оның субъектілері ретінде жеке және заңды тұлғалардың әрекет етуі Е.А. Ярославская мен Б.А. Якубов тарапынан атап көрсетілген [61]. Әртүрлі авторлар бұл ұғымның әр қырын баса көрсетеді: жинақталған ғылыми-техникалық жетістіктерді жаңа немесе жетілдірілген тауарлар (қызметтер) жасау мақсатында пайдалану [62], технико-технологиялық жаңалықтар енгізу арқылы табыс табу және инновацияларды халық шаруашылығының барлық салаларына тарату [63] (2 қосымша).

«Кәсіпкерлік», «жастар кәсіпкерлігі», «инновациялық кәсіпкерлік» ұғымдарына жүргізілген талдау мен Қазақстан Республикасының заңнамалық анықтамалары негізінде авторлық тұжырымдама ретінде «жастар инновациялық кәсіпкерлігі» ұғымына анықтама ұсынылды.

Жастар инновациялық кәсіпкерлігі (ЖИК) – бұл жас буынның заңдылық пен инновация қағидаттарына негізделген, жоғары тәуекел жағдайындағы белсенді қызметі, оның мәні – халық пен мемлекет сұранысын қанағаттандырудың жаңа мүмкіндіктерін іздеу және жүзеге асыру, жоғары бәсекеге қабілетті өнімдер мен қызметтерді жасау арқылы өзін-өзі жүзеге асыру және коммерциялық пайда табу [64].

Осылайша, жастар инновациялық кәсіпкерлігінің негізгі критерийлері болып мыналар табылады: инновациялық идея, осы идеяны іске асырудағы

жастардың белсенділігі, кәсіпкерлік дағдылар, бастамашылдық, креативтілік және тәуекелге бару қабілеті.

Жастар инновациялық кәсіпкерлігінің мақсаты – инновациялық өнімді немесе қызметті жасау және жүзеге асыру арқылы өзін-өзі дамыту және табысқа қол жеткізу. Аталған мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттерді айқындап, оларды шешу қажет: нарық конъюнктурасын үнемі зерттеу (тұтынушылардың қажеттілігін талдау және анықтау, сұранысты және нарықтық даму үрдістерін зерделеу және т.б.); жаңа идеяларды іздеу және генерациялау (үздіксіз білім алу, біліктілікті арттыру, ой-өрісті кеңейту, озық тәжірибені зерделеу және т.б.); инновацияларды енгізу тәжірибесін зерттеу, инновациялық бизнес-идеяны қалыптастыру.

2-суретте жастардың инновациялық кәсіпкерлігінің дамуына ықпал ететін факторлар жүйесі, оның негізгі параметрлері (критерийлер, мақсат, міндеттер) және нәтижелік әсері көрсетілген. Жүйенің логикасы мынада: факторлардың ықпалы жастардың инновациялық кәсіпкерлігінің негізгі параметрлері арқылы іске асады, нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық әсер қалыптасады. Жастардың инновациялық кәсіпкерлігінің қалыптасуы мен дамуы келесі факторларға тәуелді болуы мүмкін: кәсіпкерлік және жастар саясаты саласындағы заңнаманың қолайлылығы; кредиттік және қаржылық қолдаудың болуы; қайтарымсыз гранттық жобалар, субсидиялар мен дотациялар; мемлекеттік кепілдіктер; жобаларды инвестициялау және инвесторларды тарту; оқыту, тәлімгерлік және консалтингтік қолдау; қолайлы кәсіпкерлік ортаны қалыптастыру; салық салу жүйесі; стартаптарды дамыту жүйесі; қолдаушы инфрақұрылым субъектілерінің қызметі; кәсіпкерлікті танымал ету.



Сурет 2 - Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту жүйесі

Ескертпе - автормен құрастырылған

Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту жүйесі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңыздылығын айқындайды. Жастар инновациялық кәсіпкерлігі – бұл шағын және орта бизнесті дамыту, инновациялық идеяларды жүзеге асыру арқылы мемлекеттік бюджетті толықтырудың, сондай-ақ экономикалық өсудің қозғаушы күші болып табылады. Жастар кәсіпкерлігін дамытудың нәтижесі – кәсіпкерлік үдерісінің барлық субъектілері үшін жағымды әсер қалдырады. Жас кәсіпкер үшін бұл – өзін-өзі жүзеге асыру, тұлғалық даму, тұрақты табыс, әлеуметтік мәртебенің артуы болса, мемлекет үшін – жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі, жаңа жұмыс орындарының құрылуы, халықтың өмір сүру сапасының артуы, нарықты кеңейту және әртараптандыру, нарықтағы бос кеңістіктерді толтыру, мемлекеттік бюджеттің толығы және ел экономикасының өсуі.

Осылайша, жастар инновациялық кәсіпкерлігінің мәні мен оны дамыту жүйесін кешенді зерделеу қазіргі жағдайда ерекше өзектілікке ие. Бұл жағдай жаңа сын-қатерлер жағдайында адам капиталының экономикадағы рөлінің

өзгеруімен байланысты, ал бұл міндеттерді шешу қоғамның ең серпінді және еңбек нарығында икемділігі жоғары, жылдам оқуға қабілетті бөлігі – жастардың еншісіне тиеді.

1.2 Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы туристік дестинацияның бәсекеге қабілеттілігінің факторы ретінде

Қазір елдің имиджін қалыптастыруда, инвестициялар тартуда және жұмыс орындарын құруда маңызды рөл атқаратын туристік саланы қоса алғанда, экономиканың негізгі салаларына қатысты жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеу ерекше маңызға ие. Туризм қарқынды дамып келе жатқан сала ретінде жас кәсіпкерлерге инновацияларды енгізу және туристік дестинацияның бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру үшін кең мүмкіндіктер ұсынады.

«Стратегия» ұғымы ежелгі тарихқа ие және алғашында әскери әрі іскерлік жоспарлау контекстінде қолданылған. Бұл термин әртүрлі тарихи бастауларға сүйенеді. Әскери стратегия тұжырымдамасы ғасырлар бойы дамып келеді. Тарихтағы ең танымал стратегтердің бірі Карл фон Клаузевиц стратегияны былайша түсіндіреді: «Стратегия – бұл саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін шайқасты пайдалану» [65].

Іскерлік стратегия контекстінде «стратегия» ұғымы ХХ ғасырда кеңінен қолданыла бастады. Қазіргі заманғы іскерлік стратегияның негізін қалаушылардың бірі – америкалық ғалым және бизнес-теоретик Питер Друкер. Ол өз еңбектерінде стратегия мен менеджмент ұғымдарын жан-жақты дамытты. Друкердің пікірінше, стратегия – бұл ұйымның ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізу құралы. Оның еңбектерінде стратегия ұйымның ішкі және сыртқы жағдайларын ескере отырып, мақсаттарға жету жолдарын айқындайтын іс-қимылдар жоспары ретінде сипатталады [66]. Ресейлік ғалымдар Можяев Е.Е. мен Лившиц И.Л. стратегияны басқару объектісін басқаруға бағытталған, оның ұстанымдарын күшейтуге, қажеттіліктерді қанағаттандыруға және қойылған мақсаттарға жетуге арналған жоспар ретінде қарастырады [67]. Бірқатар зерттеушілер стратегияны компанияның құндылықтарын қалыптастыру және бекіту, миссиясын және даму мақсаттарын тұжырымдау үшін іс-әрекеттер жиынтығын әзірлеу үдерісі ретінде анықтайды [68-70]. Стратегия кәсіпорынды жаңа нақты жағдайларға бейімдей отырып, оның тиімді қызмет етуі үшін қайта ұйымдастыруға бағытталған даму векторын айқындайды [71].

«Даму стратегиясы» ұғымы неғұрлым нақты бағытталған мақсаттылығымен ерекшеленеді. Егер классикалық мағынада стратегия – қысқа немесе ұзақ мерзімді, нақты нәтижеге бағытталған жалпы іс-қимыл жоспары болса [66, р.73], онда көптеген авторлардың пікірінше, даму стратегиясы – бұл өзгермелі орта жағдайында бәсекелік артықшылық пен тұрақты дамуға жетуге бағытталған, негізінен ұзақ мерзімді жоспар [72]. Даму стратегиясын зерттеуге және осы салаға елеулі үлес қосқан шетелдік авторлар қатарына Майкл Портер, Майкл Хаммер және Джеймс Чампи [73], Гэри Хамель [74], Ким және Мауборн [75],

Альфред Чандлер [76], Гарри Минцберг [77] және басқалар жатады. Бұл авторлардың кейбірі өз еңбектерінде стратегия мен даму стратегиясының ерекшеліктерін ажыратып көрсетеді. Мәселен, Питер Друкер стратегияны ұйым мақсаттарына жетудің негізі ретінде қарастырса, даму стратегиясын нарық пен қоғамдағы өзгерістерге бейімделу тәсілі ретінде сипаттайды [66, р. 88]. Альфред Чандлер стратегия мен ұйым құрылымы арасындағы өзара байланысты зерттеп, даму стратегиясын сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімделудің жолы ретінде қарастырған [76, р.53]. Гарри Минцберг стратегияға әртүрлі көзқарастарды ұсынады: жоспарлы, кәсіпкерлік, бейімделуші және билікке негізделген тәсілдер [77, р.67]. Ол даму стратегиясын ұйымның жаңа жағдайларға бейімделу және өзгеру үдерісі ретінде сипаттайды.

Осылайша, стратегия – неғұрлым нақты әрі тар ауқымды іс-қимыл жоспары болса, даму стратегиясы – ұйымның немесе жеке тұлғаның барлық қырларын қамтитын, кең ауқымды әрі ұзақ мерзімді бағдарлама. Ол сыртқы ортадағы өзгерістерді, нарық үрдістері мен тұтынушылар қажеттіліктерін ескеріп, кеңею, табысты арттыру және нарықтағы үлесті ұлғайту жолдарын айқындауға бағытталады.

Жүргізілген анықтамалық талдау негізінде стратегия ұғымының түрлі интерпретацияларындағы келесі айырмашылықтар анықталды:

- құрылымы бойынша. Кәдімгі стратегия белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін орындалуы тиіс мақсаттар, жоспарлар мен іс-қимылдар жиынтығы түрінде ұсынылуы мүмкін. Ал даму стратегиясы неғұрлым күрделі әрі икемді құрылымға ие. Ол нарықты, бәсекелестік ортаны талдауды, ресурстар мен мүмкіндіктерді бағалауды, даму бағыттарын таңдауды және оны іске асыруға арналған жоспарларды қамтуы мүмкін;

- мазмұны бойынша. Кәдімгі стратегия әдетте нақты мақсаттарға қол жеткізуге немесе белгілі бір мәселелерді шешуге бағытталады. Ол қысқа мерзімді нәтижелерге бағдарланып, тар ауқымды болуы мүмкін. Ал даму стратегиясы кеңірек бағыттарды қамтиды. Ол ұзақ мерзімді даму мен тұрақты бәсекелік артықшылықтарды қалыптастыруға бағытталады. Даму стратегиясы сондай-ақ инновациялармен, нарықты кеңейтумен, үдерістерді жетілдірумен байланысты аспектілерді де қамтиды;

- уақыттық әлеуеті бойынша. Кәдімгі стратегия, әдетте, қысқа мерзімді уақыт аясын қамтиды. Ол алдағы бірнеше жыл немесе тіпті бірнеше ай ішінде нәтижелерге қол жеткізуді көздеуі мүмкін. Ал даму стратегиясы, керісінше, ұзақ мерзімді кезенді қамтиды. Ол ұзақ мерзімді мақсаттарға жету мен ұйымның тұрақты өсуі мен табысын қамтамасыз етуге бағытталады.

Жалпы алғанда, қарапайым стратегия нақты әрі шоғырланған болуы мүмкін, ал даму стратегиясы – кешенді және ұзақ мерзімді сипатта болады.

Стратегияны дамытудың ғылыми-экономикалық анықтамаларында толық бірізділік болмаса да, ғалымдардың көпшілігі оның бәсекелік ұстанымдарды иеленуге бағытталған [78] және сыртқы жағдайларға бейімделуге негізделген [79] ұғым екендігімен келіседі. Мұндай ұстаным кәсіпкерліктің инновациялық дамуын қамтамасыз ету қажеттілігін айқындайды, өйткені бұл бәсекелік

артықшылықтарға қол жеткізу мен экономикалық табысқа жетудің маңызды шарты болып табылады. Кәсіпкерліктің тиімділік деңгейі оның өзгермелі іскерлік ортада бизнесті тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін инновациялық стратегияларды әзірлеу қабілетіне тікелей байланысты [80]. Қоршаған ортаға бейімделу қабілеті – стратегиялық басқарудың басты аспектілерінің бірі, ол қойылған мақсаттарға жетуге және бәсекелік артықшылықтарға қол жеткізуге бағытталған шешімдерді қамтиды. Бұл өз кезегінде инновациялық кәсіпкерлік қызметті іске асыру қажеттілігін айқындайды. Кәсіпкерлік стратегия деп — құндылықты құру мен бекітуді, басқаруды және табыстылықты қамтамасыз етуге қабілетті әрекеттер жиынтығын түсінуге болады. Бұл миссия мен мақсаттарды айқындау арқылы бәсекелік артықшылықты қалыптастыру мен стратегиялық шешімдерді қабылдау, іске асырудың маңызды құрамдасы болып табылады [70]. Заманауи зерттеулерде инновациялық жастар бастамалары жаңа тауашаларды қалыптастыруға және дестинациялардың тартымдылығын арттыруға қабілетті туризм сияқты қызметтік секторларды дамытуды қоса алғанда, экономика салаларын әртараптандырудың драйвері ретінде жастар кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеудің рөліне ерекше назар аударылады.


Туристік дестинация үшін жастар кәсіпкерлігінің инновациялық стратегиясы туристік өнімнің жаңа нысандарын — digital-турлар мен VR-презентациялардан бастап аймақтың жергілікті ерекшеліктерін халықаралық тенденциялармен үйлестіретін жекелендірілген турларға дейін жасауда көрінеді. Жас кәсіпкерлер туризмге заманауи құралдарды белсенді енгізуде: онлайн-брондау, креативті контент, AR/VR сервистері, қонақжайлылық сервисін автоматтандыру.

Инновациялық даму — бұл бәсекеге қабілеттіліктегі дифференциацияны қамтамасыз ететін [81], кәсіпорынның өсуі мен өміршеңдігін қолдайтын [82], бизнестің мүмкіндіктерін кеңейтетін маңызды фактор [83]. Tondolo V. А. анықтамасына сәйкес, инновациялық кәсіпкерлік стратегия бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру мен қолдауға бағытталған [84]. Инновациялық стратегиялар – бұл шығындарды төмендету, табысты арттыру және икемділікті күшейтуге бағытталған артықшылықтарға қол жеткізу қажеттілігі ретінде тұжырымдалатын ұғым [85]. Бұл стратегиялар технологиялық тәсілге негізделген құндылықты қамтамасыз ету мен жаңа өнімдерді жасау әдістерінің үйлесімінен туындайды [86]. Фомба (2009), Гримальди және басқалар (2014), Кобец және Яценко (2018) сынды бірқатар зерттеушілер инновациялық стратегия ұғымын ұйымдарды дамытудың ынталандырушысы ретінде қарастырады [87- 89].

Кәсіпкерлік стратегия бизнестің жаңа мүмкіндіктерін айқындаумен үйлестіріле отырып жүзеге асырылуы тиіс. Инновациялық дамуға бағытталған кәсіпкерлік стратегиялар кәсіпорынды жетілдірудің жаңа сценарийлерін айқындауға мүмкіндік береді [90]. Steffens P. пікірінше, инновациялық даму аясындағы кәсіпкерлік стратегия – бұл кәсіпорынның өсуі мен табыстылығын қамтамасыз ететін жаңа мүмкіндіктер мен бәсекелік артықшылықтарды бір мезгілде іздеу үдерісі [91]. Басқа жағынан алғанда, мұндай стратегия

стратегиялық шешімдер қабылдау мен оларды іске асыру үшін қабылданған үдерістердің, әдістер мен ұйымдық стильдердің жүзеге асу тәсілі ретінде тұжырымдалуы мүмкін [92]. Инновациялық кәсіпкерлік стратегия табысқа жетуді тәуекелге бару және инновацияларды енгізу арқылы қамтамасыз етуге бағытталған [93]. Malkanduev Y.A. бұл стратегияны өңірдегі, оның ішінде шағын форматтағы, инновациялық кәсіпкерлікті дамыту мақсаттары мен міндеттерінің, оларды жүзеге асыруға қажетті ресурстар мен жаңа технологиялардың, сондай-ақ осы мақсат-міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін икемді басқару жүйесінің жиынтығы ретінде анықтайды [94].

Осылайша, қолданыстағы пікірлер мен анықтамаларды жинақтай отырып, жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын келесідей сипаттауға болады: бұл – жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамытудың бағыты, ол ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне, басқарудың жаңа әдістерін қолдануға негізделеді және нарық талаптарына сай болуды, өндіріс тиімділігін арттыруды, сондай-ақ ұлттық экономиканың өсуі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуді көздейді. Дәл осы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын іске асыру шеңберінде кәсіпкерлік қызмет жоспарланып отырған өзгерістердің ауқымын айқындай отырып, даму бағыттарын таңдау еркіндігіне ие болады. Бұл өз кезегінде бүкіл ұлттық экономикалық жүйенің тұрақты экономикалық өсуі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы түрлі қызмет салаларында инновациялық шешімдерді әзірлеу мен енгізуге бағытталған жүйелі іс-қимылдарды қамтуы тиіс (3 сурет).



Сурет 3 – «Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы»
ұғымының мазмұнына авторлық көзқарас

Ескертпе - автормен құрастырылған

Кәсіпкерлік инновациялық стратегияны әзірлеу өнімдік және үдерістік инновацияларды енгізуге оң көзқарас немесе белгілі бір дайындықты, сондай-ақ тәуекелді шешімдер қабылдауға бейілділікті білдіреді. Кәсіпкерлік стратегияны қалыптастыру ұйымдардың стратегиялық миссиялар мен мақсаттарды тұжырымдау және іске асыру мақсатында жүзеге асыратын бірқатар іс-шараларын қамтитын үдеріс. Бұл үдеріс талдауды, жоспарлауды және шешім қабылдауды қамтиды және бұл аталған стратегия түрін іске асыру үшін қажетті әрі бизнес табысының басты құралы ретінде қарастырылады. В. Ю. Припотень атап өткендей, инновациялық дамудың стратегиясын әзірлеу үдерісі – бұл стратегиялық инновациялық даму тетігін қалыптастырудың негізгі міндеті болып табылады. Мұнда инновациялар әрі мақсатқа жетудің құралы, әрі оның нәтижесі ретінде көрінеді [95].

Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеу 4 суретте көрсетілгендей бірқатар артықшылықтарды қамтамасыз етеді.

Жастар инновациялық кәсіпкерлігі ел экономикасының дамуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына және инвестиция тартуға ықпал етеді. Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеу басым салалар мен даму бағыттарын анықтауға, сондай-ақ инновацияларды қолдау үшін қажетті жағдайлар мен инфрақұрылымды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту жаһандық нарықта бірегей өнімдер мен қызметтерді жасауға және ұсынуға жол ашады. Бұл стратегия қандай салалар мен технологиялар неғұрлым бәсекеге қабілетті болатынын және оларды бәсекелік артықшылықтарға жету үшін қалай тиімді пайдалануға болатынын анықтауға көмектеседі.



Сурет 4 - Жастар инновациялық кәсіпкерлік дамыту стратегиясын әзірлеудің артықшылықтары

Ескертпе - автормен құрастырылған

Жастар инновациялық кәсіпкерлігі кедейлік, жұмыссыздық, денсаулық сақтау мен білім беру қызметтерінің қолжетімділігі сияқты әлеуметтік мәселелерді шешу құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеу инновациялар арқылы қандай әлеуметтік мәселелерді шешуге болатынын және оларды енгізу үшін қандай жағдай жасау қажет екенін айқындауға мүмкіндік береді.

Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту талантты кәсіпкерлер мен инвесторларды тартуға ықпал етеді. Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы стартаптардың дамуына қолайлы экожүйені қалыптастыруға көмектеседі.

Жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеу кәсіпкерлерді, ғалымдарды, мемлекеттік ұйымдар мен білім беру мекемелерін біріктіретін тиімді ұлттық инновациялық жүйені құруға мүмкіндік береді. Бұл білім мен тәжірибе алмасуға, экономиканың әртүрлі секторлары арасындағы ынтымақтастыққа және инновациялар үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеу экономикалық өсуге қол жеткізу, бәсекеге қабілеттілікті жақсарту, әлеуметтік мәселелерді шешу және жас таланттар мен инвестицияларды тарту үшін қажетті болып табылады. Бұл дамудың басым бағыттарын анықтауға және инновацияларды қолдау үшін жағдай жасауға көмектеседі.

Ғылыми әдебиетте инновациялық дамудың келесі стратегиялары ажыратылады:

- инновацияның жоғары деңгейі жағдайында қолданылатын көшбасшылық;
- инновациялық дамудың орташа деңгейінде пайдаланылатын сақтау;
- инновациялық дамудың төмен деңгейіне өту ықтималдығын көздейтін күшейту;
- инновациялық әлеуеттің төмен деңгейімен сипатталатын түбегейлі өзгерістер;
- жобалардың үздік үлгілерін өз өндірісіне бейімдеумен байланысты белсенді бенчмаркинг [71, с.20].

Зерттеушілердің инновациялық кәсіпкерлікті дамыту стратегиясын ынталандыруға бағытталған түрлі тәсілдеріне жүргізілген талдау негізінде Malkanduev Y.A. (2020) оны қалыптастырудың келесі ұйымдастырушылық қағидаттарын бөліп көрсетеді:

- нақты, өлшенетін, қолжетімді, өзекті стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді қою, бұл ретте SMART-технологиялардың ерекшеліктері мен уақыттық шектеулер ескерілуі тиіс;
- стратегияны іске асыруды қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдастырушылық, басқарушылық, материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық ресурстарды негіздеу және айқындау – бұл жалпы және нақты міндеттер деңгейінде жүзеге асырылады [94]. Стратегияға енгізілетін шаралар жеке қызмет аспектілерін қамтитын фрагментарлық сипатта болуы мүмкін немесе инновациялық дамудың бірыңғай кешенін қамтитын кең ауқымды сипатта құрылуы мүмкін.

Бұдан әрі қарастырылған шетелдік мысалдар экономиканың әртүрлі секторларында жастардың инновациялық кәсіпкерлігін қолдау стратегияларын қалыптастырудың ұйымдастырушылық принциптерін көрсетеді, бұл болашақта Қазақстанның туристік саласына да бейімделуі мүмкін.

АҚШ-тың инновациялық кәсіпкерлікті қолдау стратегиясы ерекше қызығушылық тудырады. Бұл елде инновациялық кәсіпкерлік технопарктерді, инкубаторлар мен акселераторларды құру және дамыту арқылы белсенді түрде қолдау табуда. Америкалық стратегия стартаптарды мемлекеттік қаржыландыру бағдарламалары және инновациялық компанияларға берілетін салықтық жеңілдіктер арқылы іске асырылады. Негізгі салықтық ынталандыру құралы ретінде зерттеулер мен әзірлемелерге (R&D) арналған салықтық несие қарастырылады, ол стартаптар да қоса алғанда, бизнес шығындарының белгілі бір пайызын салықтық несие ретінде қайтаруға мүмкіндік береді, бұл жалпы салықтық міндеттемелерді төмендетеді [96]. Сонымен қатар, шағын инновациялық зерттеулер бағдарламасы (SBIR) аясында федералды гранттық қаржыландыру қарастырылған. Бұл бағдарлама коммерцияландыру әлеуеті бар ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жобаларды іске асырып жатқан шағын бизнеске қаржылық қолдау көрсетеді [97]. Ол стартаптарға инновациялық идеяларды дамыту және нарыққа енгізу үшін қажет қаржы алуға көмектеседі. Techstars [98] және Y Combinator [99] сияқты ұйымдар стартаптарға наставниктік қолдау, инвесторлар мен салалық сарапшылар желісіне қолжетімділік ұсынатын акселерациялық бағдарламаларды жүргізеді. Бұл бағдарламалар стартаптарды тәжірибелі мамандармен байланыстырып, оларға бағыт-бағдар, кеңес және құнды байланыстар ұсынады. АҚШ-тың көптеген қалаларында стартаптар үшін қолжетімді кеңсе алаңдарын ұсынатын инновациялық орталықтар мен коворкинг кеңістіктері құрылған. Мысалы, Silicon Valley Bank стартаптарға кеңсе кеңістігіне, бұлттық қызметтерге және басқа да ресурстарға жеңілдіктер беретін SVB Innovators Card картасын ұсынады [100]. Сондай-ақ, ірі корпорациялар стартаптармен бірлесіп жұмыс істеу мақсатында инновациялық зертханалар мен инкубаторлар құруда. Мысалы, Google Launchpad Accelerator бағдарламасы стартаптарға тәлімгерлік, оқыту және Google-дың ресурстары мен желілеріне қол жеткізу мүмкіндігін береді [101].

Израиль өзінің табысты инновациялық экожүйесімен кеңінен танымал. Ел ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) белсенді инвестиция салып, венчурлік капиталға қолжетімділікпен қамтамасыз етеді және инновациялық компаниялар үшін салықтық жеңілдіктер ұсынады. «Start-Up Nation Central» бағдарламасы [102] Израильдегі инновациялық стартаптарды қолдайды, оларды инвесторлармен, сарапшылармен және ғалымдармен байланыстырады. Бағдарлама сондай-ақ израильдік стартаптар туралы мәліметтер базасына қолжетімділік береді, түрлі желілік іс-шаралар мен конференциялар ұйымдастырады. Израильде стартаптарға пайда салығынан белгілі бір мерзімге босату, салық мөлшерлемесін төмендету сияқты түрлі салықтық жеңілдіктер қарастырылған. Үкімет инновациялық жобаларды түрлі бағдарламалар мен гранттар арқылы қаржыландырады. Мысалы, «Innovation Authority» бағдарламасы [103] инновациялық идеяларды дамыту мен коммерцияландыру үшін гранттар мен несиелер ұсынады. Израиль армиясы да стартаптармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді, оларға өз

технологиялары мен ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігін береді. Бұл стартаптарға алдыңғы қатарлы технологияларды қолдануға және тәжірибелі мамандар тарапынан қолдау алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Израиль үкіметі ғылыми зерттеулер мен білім беруге айтарлықтай инвестиция салады. Университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары стартаптарға зертханаларға, сарапшыларға және технологиялық ресурстарға қолжетімділік ұсына отырып, инновацияларды дамыту мен ғылыми идеяларды коммерцияландыруға ықпал етеді.

Швеция – инновациялар саласындағы жетекші елдердің бірі. Мұнда білім беру мен ғылыми зерттеулерге, сондай-ақ инновациялық кәсіпкерлік үшін қолайлы инфрақұрылым құруға ерекше көңіл бөлінеді. «Vinnova» бағдарламасы [104] Швециядағы инновациялық жобаларға қаржылық және институционалдық қолдау көрсетеді, стартаптар, инвесторлар және сарапшылар арасындағы желілік өзара іс-қимылға арналған іс-шаралар мен конференциялар ұйымдастырады. Швед университеттері де стартаптармен белсенді ынтымақтастық орнатып, зертханаларға, сарапшыларға және ғылыми ресурстарға қолжетімділік береді. Бұл инновацияларды дамытуға және ғылыми идеяларды коммерцияландыруға жағдай жасайды. Швецияда стартаптар үшін пайда салығынан босату мен салық мөлшерлемесін төмендетуді қамтитын салықтық жеңілдіктер кеңінен таралған. Швед үкіметі инновациялық жобаларды әртүрлі бағдарламалар мен гранттар арқылы қолдайды. Мысалы, «Swedish Agency for Economic and Regional Growth» бағдарламасы [105] инновациялық идеяларды дамыту мен коммерцияландыру үшін гранттар мен несиелер береді. Сонымен қатар, елде кластерлер мен инновациялық парктер дамып келеді. Бұл орталықтарда стартаптар желілік ресурстарға, сараптамалық кеңеске және қолайлы жұмыс ортасына ие болады. Мысалы: Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (ICT) кластері [106] Стокгольмде орналасқан және Ideon Innovation Park [107] Лунд қаласында орналасқан және стартаптарға қолайлы экожүйе ұсынады.

Қытай да инновациялар мен технологиялар саласында әлемдік көшбасшы болуға ұмтылуда. Ел ғылыми зерттеулерге белсенді инвестиция салып, технопарктер мен инкубаторларды дамытып, сондай-ақ стартаптар үшін мемлекеттік гранттар мен жеңілдіктер ұсынады. Қытай үкіметі «Made in China 2025» («Қытайда жасалған – 2025») стратегиясын іске қосты [108], оның басты мақсаты – Қытайды жоғары технологиялар мен инновациялар саласындағы әлемдік көшбасшыға айналдыру. Бұл стратегия жасанды интеллект, робототехника, электромобильдер мен биомедицина сияқты негізгі салаларды дамытуға бағытталған. Аталған бағыттарда жұмыс істейтін стартаптар үшін қаржылай қолдау, салықтық жеңілдіктер және өзге де ынталандыру шаралары қарастырылған.


Қытайда венчурлік қорлар белсенді дамып келеді. Олар стартаптарға қаржылық әрі сараптамалық қолдау көрсетеді. Мысалы, Alibaba Entrepreneurs Fund [109] және Tencent Investment [110] секілді қорлар болашағы зор стартаптарға инвестиция салып, олардың дамуына жәрдемдеседі. Ел аумағында көптеген инкубаторлар мен акселераторлар жұмыс істейді. Олар стартаптарға

кеңсе кеңістігіне, оқыту бағдарламаларына, тәлімгерлікке және кәсіби желілерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Кейбір танымал мысалдар қатарына Бейжіңдегі Tsinghua University және Z-Park [111], сондай-ақ Chinaccelerator [112] және Techstars China [113]. Сондай-ақ, Қытайда технопарктер мен инновациялық парктер белсенді дамып жатыр. Мысалы, Шанхайдағы Жэцзян технопаркі, Сучжоудағы Циньхуай ұлттық ғылым және технология паркі — стартаптарға қолайлы орта мен қолдаушы инфрақұрылым ұсынады. Қытайдағы инновациялар дамуының негізгі қозғаушы күштерінің бірі – Қытай ғылым академиясы, ол стартаптарға қаржылық қолдау мен ғылыми ресурстар ұсынып қана қоймай, желілік өзара іс-қимыл үшін іс-шаралар мен конференциялар ұйымдастырады.

Финляндия инновациялық технологиялар мен цифрлық экономиканы дамытуға ерекше назар аударады. Ел стартаптарды мемлекеттік қолдау, білім беру мен ғылыми зерттеулерге инвестиция салу, сондай-ақ инновациялық компаниялар үшін қолайлы бизнес-ортаны қалыптастыру арқылы инновациялық кәсіпкерлікті белсенді дамытып отыр. Финляндияда стартаптар мен инновациялық жобаларға гранттар мен жеңілдетілген несиелер, сондай-ақ консультациялық қызметтер мен желілік қолдау түрінде қаржылық көмек көрсететін бірқатар мемлекеттік және жекеменшік қорлар бар. Соның ішінде кеңінен танымал қор — Business Finland, ол инновацияларды дамытуға бағытталған кешенді қолдау ұсынады. Елде сондай-ақ көптеген инкубаторлар мен акселераторлар жұмыс істейді. Олардың ішінде: Aalto Startup Center [114], Helsinki Think Company [115] және Vertical Accelerator [116]. Финляндияда стартаптарға жұмыс кеңістігі, зертханалар мен техникалық қолдау көрсететін бірқатар технопарктер мен инновациялық орталықтар бар. Олардың ішіндегі ең танымалдары: Technopolis және VTT Technical Research Centre of Finland.

Күшті ғылыми база мен университеттер арасындағы тығыз ынтымақтастық зерттеулер мен әзірлемелер жүргізуге, сондай-ақ стартаптарға арналған іс-шаралар мен конференциялар ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, Aalto University мен VTT Technical Research Centre of Finland инновациялық кәсіпкерлермен белсенді жұмыс жүргізеді. Бұдан бөлек, Финляндия үкіметі стартаптар мен инновацияларды қолдау үшін түрлі мемлекеттік бағдарламалар ұсынады. Мысалы: R&D Tax Incentive бағдарламасы – компанияларға зерттеулер мен әзірлемелерге салынған инвестициялар үшін салықтық жеңілдіктер алуға мүмкіндік береді; Startup Permit бағдарламасы [117] - шетелдік стартап-кәсіпкерлерге жұмыс істеу рұқсатын жеңілдетіп алу тетігін қамтамасыз етеді.

Қарастырылған инновациялық кәсіпкерлікті дамыту стратегияларының мысалдары әрбір елдің өз даму мақсаттары мен экономикалық даму деңгейінің ерекшеліктеріне сәйкес бірегей тәсілдер әзірлейтінін көрсетеді. Халықаралық тәжірибені талдау нәтижесінде, жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегияларының келесі құрамдас бөліктерін бөліп көрсетуге болады (5 сурет):



Сурет 5 - Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясының кеңінен қолданылатын құрамдас бөліктері

Ескертпе - автормен құрастырылған

- технопарктерді, инкубаторлар мен акселераторларды құру және дамыту – бұл ұйымдар жастардың инновациялық стартаптары үшін жұмыс және даму алаңын ұсынып, оларды қажетті ресурстармен, сараптамалық қолдаумен және инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді;

- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) инвестиция салу – мемлекет пен жеке инвесторлар жаңа технологиялар мен инновацияларды әзірлеуге алып келетін зерттеулерді қаржыландыра алады;

- венчурлік капиталға қолжетімділік – мемлекет жастардың инновациялық стартаптарын қаржыландыруға дайын венчурлік инвесторларды тартуға жағдай жасай алады;

- салықтық преференциялар – мемлекет жастардың инновациялық кәсіпорындарын дамыту мақсатында салықтық жеңілдіктер ұсынуы мүмкін;

- білім беру мен ғылыми зерттеулерді қолдау – мемлекет жоғары білікті мамандарды даярлау және инновациялар үшін қолайлы орта қалыптастыру мақсатында білім мен ғылымға ерекше назар аударады;

- цифрлық экономика мен инновациялық технологияларды қолдау – мемлекет цифрлық экономиканы және жаңа технологияларды дамыту арқылы жас кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктерді қалыптастырады;


- қолайлы кәсіпкерлік ортаны қалыптастыру – мемлекет жастардың кәсіпкерлік қызметін тіркеу мен лицензиялау рәсімдерін оңайлату, әкімшілік кедергілерді азайту және жалпы бизнес-климатты жақсарту бойынша шаралар қабылдай алады.

Осы компоненттердің барлығы біріге отырып, жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамуына қолайлы жағдай жасайды және оның өсуі мен өркендеуін ынталандырады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, дұрыс әзірленген даму

стратегиясы елдің экономикалық өсімін және оның жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Елдің инновациялық әлеуеті тек жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамытуға барынша қолайлы жағдай жасалған кезде ғана жүзеге аса алады, әсіресе оның шағын нысандарында. Бұл – креативтілік факторының белсенді қолданылуын, сондай-ақ бизнес құрылымдардың икемділігі мен бейімделгіштігінің жоғары деңгейде болуын қажет етеді.

Туризм саласында жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын (ЖИКДС) анықтауда зерттелген тәсілдерді жүйелеу негізінде теориялық модель тұжырымдалды (6 сурет) [118].

Туризм саласында жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясының моделі жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын іске асырудың логикасы мен тәртібін толық сипаттауға мүмкіндік береді. Жастар инновациялық кәсіпкерлігін стратегиялық дамытудың басты міндеті ішкі және сыртқы орта факторларының барынша көп санын есепке алу арқылы инновациялық дамудың болашақ жай-күйіне қатысты белгісіздік деңгейін төмендету болып табылады. Туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясының моделін туризмдегі инновацияларды іске асырудың ажырамас элементі ретінде де қарастыруға болады. Стратегияны іске асыру үш маңызды блокты қамтиды: қоршаған орта факторларын бағалау, стратегиялық өзгерістер жүргізу және бақылау, стратегияны іске асыруды бағалау және талдау. Стратегиялық бақылау туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын іске асыруды бағалау ретінде ғана маңызды емес, бақылау шаралары жастар инновациялық кәсіпкерлік саласындағы мән мен жағдайды және оның мәселелерін түсінуге көмектеседі.



Сурет 6 – Туризм саласында жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясының моделі

Ескертпе - автормен құрастырылған

Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамытудың мақсаттары мен міндеттерін нақты анықтау - жетілдіру мен даму бағытындағы іс-қимылдың негізгі векторын айқындайды. Туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамытудың стратегиялық бағыттарын таңдау кезеңдерін, нысаналы индикаторларды айқындауды, іс-шаралар жоспарын әзірлеуді және қызметтің стратегиялық бағыттары бойынша функционалдық жауапкершілікті бөлуді

қамтитын стратегияны әзірлеу жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясының орындалуын және мақсатына қол жеткізуді іске асыру мен бақылау барысын айқындайды, сондай-ақ алынған нәтижелерден оң қорытынды қалыптастырады. Сонымен қоса, алынған нәтижелер деңгейі олардың деңгейін қалыптастыра отырып, ішкі орта факторларымен кері байланысқа ие.

Туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігі ел экономикасының дамуына, жаңа жұмыс орындарын құруға және инвестициялар тартуға ықпал етеді. Туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеу дамудың басым салалары мен бағыттарын айқындауға, сондай-ақ туризм саласындағы инновацияларды қолдау үшін жағдайлар мен туристтік инфрақұрылым құруға көмектеседі.

Туризм саласында жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту әлемдік нарықта бірегей туристтік инновациялық өнімдер мен қызметтерді құруға және ұсынуға мүмкіндік береді. Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы туризм саласындағы қай қызметтер мен технологиялар бәсекеге қабілетті болатынын және оларды бәсекелестік артықшылыққа жету үшін қалай пайдалану керектігін анықтауға көмектеседі.

Жастар инновациялық кәсіпкерлігі жастар арасындағы жұмыссыздық, денсаулық сақтау мен білім берудің қол жетімділігі сияқты әлеуметтік мәселелерді шешу үшін пайдалануға болады. Туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеу туристтік инновациялар арқылы қандай әлеуметтік мәселелерді шешуге болатындығын және оларды жүзеге асыру үшін жағдай жасауды анықтауға мүмкіндік береді. Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту жас, талантты кәсіпкерлер мен инвесторларды тартуға көмектеседі. Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы стартаптарды дамыту үшін қолайлы экожүйені құруға көмектеседі.

Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеу кәсіпкерлерді, ғалымдарды, мемлекеттік органдар мен білім беру мекемелерін біріктіретін тиімді ұлттық инновациялық жүйені құруға мүмкіндік береді. Бұл білім мен тәжірибе алмасуға, экономиканың әртүрлі секторлары арасындағы ынтымақтастыққа және инновациялар үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Жалпы алғанда, жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы – бұл елдің ұзақ мерзімді экономикалық өсуін, жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін маңызды құрал. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әрбір мемлекет өзінің экономикалық даму деңгейі мен ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, жастар инновациялық кәсіпкерлігін ынталандырудың өзіндік үлгісін қалыптастырады. Стратегияның табысты жүзеге асуы бірқатар маңызды факторлардың – технопарктер мен акселераторлар дамуы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдау, венчурлік қаржыландыруға қолжетімділік, салықтық ынталандырулар, цифрлық экономиканың дамуы және жастарға қолайлы кәсіпкерлік ортаның қалыптасуы – үйлесімді жұмыс істеуіне тікелей байланысты. Бұл факторлардың бірлігі жастар инновациялық кәсіпкерлігінің серпінді дамуына, жаңа жұмыс

орындарының құрылуына, технологиялық жаңғыруға және жалпы ұлттық инновациялық әлеуеттің іске асуына жағдай жасайды. Әсіресе, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің креативтілігі мен икемділігін тиімді пайдалану арқылы ұлттық экономикада сапалы өзгерістерге қол жеткізуге болады. Бұл өзгерістер әсіресе инновациялық жастар стартаптары туристік ағынның өсуіне, туристік қызметтердің сапасын жақсартуға және жаһандық туристік нарықта Қазақстанның дестинациясының бәсекелестік имиджін қалыптастыруға драйвер болатын туристік салада айқын көрінеді.

1.3 Туризм саласындағы бәсекеге қабілетті стартап жобаларды дамытудың шетелдік тәжірибесі

Көптеген елдерде туристік стартаптар цифрлық инновациялар, тұрақты тәжірибелер және тұтынушы тәжірибесін жақсартумен саяхат нарығын кеңейтуде айтарлықтай бәсекелестік артықшылықтарды көрсетуде. Мысалы, Airbnb (АҚШ) миллиондаған адамдарға дәстүрлі емес қонақүйлерді брондауға және ішкі туризмнің өсуіне ықпал ететін қысқа мерзімді жалға беру платформасын құрды. 2020 жылға қарай Airbnb-де 4 миллионнан астам жеке меншік иелері және бүкіл әлем бойынша 1 миллиардтан астам қонақтар болды, бұл жергілікті тұрғындар үшін миллиардтаған доллар табыс әкелді. Мысалы, Оңтүстік Африкада ішкі туризмге арналған Airbnb арқылы брондау туристік ағынның жалпы төмендеуіне қарамастан, 2016 жылдан 2019 жылға дейін алты есеге жуық өсімді көрсетті, бұл туризм ағындарының біртекті емес аймақтарға ауысуын және кірістердің біркелкі бөлінуін көрсетеді [119].

FlixBus (Германия) – Еуропаның 40 елінде 5000-нан астам пунктті қамтыған бюджеттік қалааралық автобустардың жаһандық желісі. 2023 жылы оның тасымалын 81 миллионнан астам жолаушы пайдаланды (кірісі 2 миллиард еуродан асады) [120]. FlixBus моделі цифрлық маршрутты жоспарлау мен ыңғайлы қосымшаны тұрақтылық қағидаттарымен біріктіреді – жақында алғашқы электробус маршруты іске қосылды – бұл автобус саяхатын әуе сапарларынан қол жетімді және тұрақты балама етеді.

BlaBlaCar (Франция)-бүкіл әлем бойынша 100 миллионнан астам қатысушыны біріктірген карпулингтің (автокөлікпен бірлескен сапарлар) онлайн-сервисі. Бұл қызмет жүргізуші көліктеріндегі бос орындарды жолаушылар билеттеріне айналдырады, бұл сапар құнын төмендетеді және көмірқышқыл газының шығарындыларын азайтады. BlaBlaCar өзін «тұрақты көлік» ретінде позициялайды және әлеуметтік өзара әрекеттесуді және ресурстарды тиімді пайдалануды ынталандыруда «қол жетімді қозғалыс баламасын» қамтамасыз етеді. Қызметтің 22 елде болуы туристерді де, жергілікті тұрғындарды да өзінің жолда үнемдеуге болатынымен және жаңа бағыттар ашуға көмектесетінімен қызықтырады [121].

Skyscanner (Ұлыбритания) - ай сайын бүкіл әлем бойынша 100 миллионнан астам пайдаланушыға қызмет көрсететін авиабилеттер/қонақүйлерді іздеуші және агрегатор. Ол саяхатшыларды 1200-ден астам жеткізуші серіктестермен

байланыстырады және әуе билеттері, қонақүйлер және автокөлік жалдау бағаларын ашық салыстыруды ұсынады [122]. Үлкен таңдаудың қол жетімділігі және сапарларды жоспарлаудың ыңғайлылығы Skyscanner-ді туристік нарықты цифрландырудың қуатты құралына айналдырады, қызмет көрсету деңгейін арттырады және ғаламтор арқылы туристердің халықаралық ағындарын кеңейтеді.

Klook (Сингапур) – Азия-Тынық мұхиты аймағында белсенді дамып келе жатқан экскурсиялар, аттракциондар және жергілікті қызметтерді брондау платформасы. 2014 жылы құрылған (2024 жылы 10 жылдығын атап өтті) Klook Азия-Тынық мұхиты елдерінің экономикасын 7,2 миллиард долларға арттырып, 219 мыңға жуық жұмыс орнын қамтамасыз ете отырып, «миллиондаған жіксіз туристік сәттерді құруға» көмектесті. Компания 2700-ден астам бағыттағы жергілікті ойын-сауық орындарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді және тұтынушылардың тәжірибесін жақсарту, туризм саласын цифрлық трансформациялау үшін технологияға (мысалы, жасанды интеллект) инвестиция салады [123]. Қызмет провайдерлерінің кең желісі мен жергілікті нарықтарды терең түсінудің бұл үйлесімі Klook-ке жаңа тұтынушыларды тартуда және туризм тәжірибесін арттыруда бәсекелестік артықшылық береді.

GetYourGuide (Германия) - өз платформасында бүкіл әлем бойынша 35 000 оператордан 150 000-нан астам экскурсиялар мен белсенділіктерді біріктірген турлар мен ойын-сауық маркетплейсі [124]. Пандемия басталғаннан бері қызмет жеке ұсыныстар мен брондау ыңғайлылығы үшін машиналық оқытуды енгізу арқылы ұсыныстарды сәтті әртараптандырды. Инновациялық цифрлық шешімдер саяхатшыларға бірегей экскурсияларды (аспаздық сабақтардан эксклюзивті турларға дейін) оңай табуға және брондауға мүмкіндік береді, бұл туристік өнімнің сапасын жақсартады және салалық бағыттарды тұтынушылардың кең ауқымына қолжетімді етеді.

Vacayit (Австралия) - саяхат қол жетімділігіне бағытталған мобильді қосымша. Стартап көру қабілеті нашар адамдарға бейімделген аудио нұсқаулық платформасын жасады. Ол Люцернадағы Дүниежүзілік туристік форумда және Австралияның үкіметтік стартап бағдарламасында атап өтілді. Бүгінгі таңда Vacayit 575 мыңнан астам көзі нашар көретін австралиялықтарға дыбыс арқылы қонақүйлер мен көрікті жерлер туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді [125]. Осылайша, компания жаңа аудитория үшін клиенттердің тәжірибесін жақсартты.

Қазақстан үшін осы мысалдардың негізгі элементтері цифрлық платформалар және пайдаланушыға бағдарлану болып табылады. Ішкі туризмді ынталандырған және өңірлер бойынша туристік ағындарды «ыдыратқан» (ОАР-дағы Airbnb сияқты) елдердегі стартаптар Қазақстанда тұрғын үйді брондаудың немесе экскурсиялардың ұқсас онлайн-сервистері туристерді шалғайдағы объектілерге тартуда үлгі бола алады (Алматы мен Астанадағы туристік ағынды түсіру үшін). FlixBus және BlaBlaCar моделі қалалар мен курорттар арасындағы қолжетімді көлікті дамыту әлеуетін көрсетеді – бұл әсіресе арзан автобус маршруттары немесе карпулинг секілді «жаңа» бағыттарды ашуға көмектесетін Қазақстанның ірі аумағы үшін өте маңызды.

Іздеу және агрегатор платформалары (Skyscanner, GetYourGuide) туристке мәмілелерді салыстырып, барлығын: рейстерді, қонақүйлерді және турларды брондай алатын бірыңғай цифрлық терезенің маңыздылығын көрсетеді. Қазақстанда қазір де туристердің өсуі байқалуда – 2024 жылы елге 15,3 млн шетелдік қонақтар келді – бұны цифрлық технологиялармен қолдау маңызды: мысалы, сапарларды жоспарлау үшін орыс, қазақ, ағылшын тілдеріндегі заманауи мобильді қосымшалар және жергілікті аттракциондарды ілгерілету үшін онлайн-платформалар (Klook үлгісі бойынша). Ақырында, тұрақтылық пен инклюзивтілік элементтерін енгізу (FlixBus және Vasa.it сияқты) Қазақстанға экологиялық бағыттарды (таулар мен далалардағы экотуризм) ұсынуға және әртүрлі қажеттіліктері бар адамдар үшін демалысты қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Жиынтықта бұл тәсілдер – сервисті цифрландыру, көліктік қолжетімділікті кеңейту және тұрақтылыққа бағдарлау – жергілікті ерекшелікті ескере отырып, Қазақстанның туристік секторының бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттыра алады.

Ұсынылған шетелдік мысалдарды жалпы талдау халықаралық тәжірибеде туристік стартаптардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін негізгі сипаттамаларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл сипаттамалар әмбебап және Қазақстанда табысты стартап-жобаларды қалыптастыру үшін негіз ретінде қарастырылуы мүмкін.

Туризм саласындағы стартаптар – бұл туристік тәжірибені жақсарту және кеңейту үшін инновациялық технологиялар мен идеяларды енгізетін қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорындар. Бұл компаниялар көбінесе икемділікпен, шығармашылықпен және цифрлық шешімдерге назар аударумен ерекшеленеді. Олардың ерекшеліктері 7 суретте көрсетілген.



Сурет 7 – Туризмдегі стартаптардың ерекшеліктері

Ескертпе – сурет автормен құрастырылған

Туризм саласындағы стартаптардың негізгі ерекшеліктері:

- Инновациялар: Туризм саласындағы стартаптар жасанды интеллект, машиналық оқыту, виртуалды және толықтырылған шындық сияқты жаңа технологияларды жиі енгізеді [126,127]. Бұл технологиялар саяхаттарды жекелендіруге, клиенттік сервисті жақсартуға және бірегей туристік өнімдер жасауға қолданылады.

- Клиентке бағдарлану: Көптеген туристік стартаптар өз стратегияларын клиенттердің нақты қажеттіліктері мен тілектерін қанағаттандыруға негіздейді, жекелендірілген және ерекше саяхаттар ұсынады [128].

- Икемділік пен бейімделгіштік: Дәстүрлі туризм компанияларымен салыстырғанда, стартаптар нарықтағы өзгерістер мен клиенттердің қажеттіліктеріне тез бейімделе алады. Бұл олардың шағын көлемі мен икемді құрылымының арқасында мүмкін болады [129].

- Цифрландыру: Туризм саласындағы стартаптар қолжетімділік пен брондау, жоспарлау және саяхаттау үдерістерін жеңілдету үшін цифрлық платформаларды белсенді пайдаланады [130].

Туризм саласындағы стартаптар қазіргі заманғы трендтер мен саяхатшылардың қажеттіліктерін көрсете отырып, индустрияны трансформациялауда шешуші рөл атқарады. Туристік стартаптардың бәсекелестік артықшылықтарының маңызды бағыттары технологиялық инновациялар мен цифрландыру, кросс-секторлық интеграция, талдау және жекелендіру, қаржылық қолдау және масштабтау, тұрақтылық пен әлеуметтік жауапкершілік, тәуекел және эксперименттік тауашалар болып табылады (8 сурет).



Сурет 8 – Туристік стартаптардың бәсекелестік артықшылықтарының негізгі бағыттары

Ескерпе – сурет автормен құрастырылған

Мысалы, платформа Booking.com (Нидерланды) пайдаланушыларға икемді таңдау сүзгілерін, іздеу тарихына және шолуларға негізделген жекелендірілген ұсыныстарды келтіре отырып, ыңғайлы тұрғын үй іздеуді және брондауды қамтамасыз етеді. Дүниежүзіндегі нысандардың кең ауқымы және пайдаланушы интерфейсінің қарапайымдылығы арқасында, Booking.com ғаламтордағы брондау нарығындағы жетекші жаһандық ойыншылардың бірі ретіндегі позициясын нығайта отырып, кең аудиторияға саяхатты жоспарлауды едәуір жеңілдетті.

Expedia (АҚШ) платформасы тек тұруды ғана емес, сонымен қатар әуе саяхатын, автокөлікті жалға алуды, трансферлерді, экскурсиялық турларды және сақтандыру қызметтерін брондау бойынша кешенді қызметті ұсына отырып, бір қадам алға жылжыды. Бұл клиенттер үшін саяхатты жоспарлау кезінде бірыңғай цифрлық терезені қалыптастырады, ыңғайлылықты арттырады және туристік өнімдердің әртүрлі түрлерін бір интерфейске біріктіру арқылы аудиторияның адалдығын ынталандырады.

Стартаптарды ілгерілетуде және тұрақты клиенттік базаны қалыптастыруда әлеуметтік медиа ерекше рөл атқарады. Мысалы, Airbnb Instagram – ды маркетингтік коммуникациялардың негізгі арналарының бірі ретінде белсенді пайдаланады, бірегей ұсыныстарды, жергілікті өмір сүру тәжірибесін насихаттайды және бренд имиджін нығайтуға және жаһандық нарықта хабардарлықты арттыруға ықпал ететін онлайн қауымдастықтарды жасайды [131].

Кросс-секторлық серіктестіктер қазіргі туристік индустрияның маңызды ерекшелігіне айналуда. Uber (АҚШ), TripAdvisor (Ұлыбритания) және Airbnb (АҚШ) компаниялары пайдаланушыларға кешенді қызмет пакеттерін ұсына отырып, қонақүйлермен, мейрамханалармен, туристік агенттіктермен және авиакомпаниялармен белсенді жұмыс істейді. Мұндай серіктестіктер саяхатшыларға бірыңғай брондау жүйесі арқылы әртүрлі қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді, тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартады және сапарларды ұйымдастыруды жеңілдетеді [132].

Сонымен қатар, TripAdvisor, Google Travel, Yelp сияқты компаниялардың қызметіне үлкен деректер мен жасанды интеллект технологияларын кеңінен енгізу жеке ұсыныстарды және туристік қалаулардың жоғары дәлдіктегі болжамдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Пікірлерді, пайдаланушылардың мінез-құлқын және іздеу сұрауларын талдау туристік маршруттарды оңтайландыруды, теңшелген ұсыныстарды құруды және саяхатшылардың қанағаттануын арттыруды қамтамасыз етеді.

Туристік стартаптарды масштабтауды қолдайтын инвестициялық механизмдер ерекше назар аударуға тұрарлық. Skyscanner (Ұлыбритания), GetYourGuide (Германия) және Klook (Сингапур) компаниялары айтарлықтай венчурлық капиталды сәтті тартты, бұл оларға өз платформаларын белсенді дамытуға, қызметтер тізімін кеңейтуге және бәсекелестік позицияларын күшейте отырып, жаңа халықаралық нарықтарға шығуға мүмкіндік берді.

Соңғы жылдардағы ерекше үрдіс тұрақты және әлеуметтік жауапты туризмнің дамуы болды. Ecotourism Australia (Австралия), Green Key (Дания) және Responsible Travel (Ұлыбритания) жобалары экологиялық іздерді азайтуға, жергілікті қауымдастықтарды қолдауға және табиғи ресурстарға жауапкершілікпен қарауды дамытуға бағытталған, бұл туристер арасында экологиялық таза және этикалық демалысқа деген сұраныстың артуына сәйкес келеді.

Сонымен, туристік тәжірибенің жаңа форматтарын экстремалды және инновациялық туризм сегментінде жұмыс істейтін стартаптар көрсетеді. Virgin Galactic және SpaceX (АҚШ) ғарыштық ұшу жобалары, сондай-ақ underwater Hotels (БАӘ) су астындағы қонақ үйлерін дамыту туристік индустрияның шекараларын кеңейте отырып, түбегейлі жаңа тауашалар жасайды. Осы аспектілердің барлығы туристердің өзгермелі сұраныстарын қанағаттандыруда, қызмет сапасын арттыруда және туристік өнімдерді жаһандық әртараптандыруда туристік стартаптар шешуші рөл атқаратын серпінді және бәсекеге қабілетті ортаны қалыптастырады.

Сонымен қатар, Қазақстанда туризм саласындағы стартаптардың әлеуеті әзірге жартылай ғана іске асырылды. Нарықта жетекші халықаралық брендтер бар, мысалы Booking.com, Airbnb, Uber, олардың қызметі бірқатар жергілікті факторлармен шектеледі: ұсыныстардың салыстырмалы түрде аз мөлшері, кәсіби туроператорлардың шектеулі саны, аймақтық туристік өнімдердің жеткіліксіз ұсынылуы, сондай-ақ халықаралық туристердің кең ауқымымен өзара әрекеттесуді қиындататын тілдік және мәдени кедергілер. Сонымен, платформалар Booking.com, Airbnb тұрғын үйді онлайн-брондауға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, алайда Қазақстанның шалғай және жаңа туристік өңірлеріндегі объектілерді қамту әзірге шектеулі болып отыр, бұл ішкі туризмді дамытуды және маршруттарды әртараптандыруды тежейді. Uber сияқты бірлескен саяхат және қалалық көлік қызметтері көліктік қызметке қол жетімділік ерекше сұранысқа ие аймақтық туристік кластерлерді қамтымайтын ірі қалаларда ғана жұмыс істейді.

Талдау және цифрлық ұсынымдар саласында TripAdvisor типті платформалар пайдалы ақпарат береді, бірақ жергілікті контенттің шектеулі көлеміне және көптеген қазақстандық нысандар бойынша пікірлердің аздығына байланысты шетелдік және ішкі саяхатшылар үшін жеткіліксіз болып қалуда.

Инвестициялық ортаға келетін болсақ, табысты халықаралық жағдайлар (мысалы, Skyscanner, GetYourGuide, Klook) стартаптардың өсуінің маңызды драйвері ретінде венчурлық қаржыландырудың әлеуетін көрсетеді. Алайда, Қазақстанда туристік стартаптарға венчурлік және жеке инвестициялар нарығы енді ғана қалыптаса бастады, бұл инновациялық жобаларды масштабтау және жеделдетіп өсіру мүмкіндіктерін шектейді.

Қазақстандағы тұрақты және әлеуметтік жауапты туризм бағыты да елдің табиғи және мәдени байлығын ескере отырып, айтарлықтай әлеуетке ие. Алайда, іс жүзінде әлі күнге дейін ecotourism Australia немесе Green key сияқты

халықаралық жобаларға ұқсас сертификаттаудың, экотуристік маршруттарды дамытудың және жергілікті бастамаларды ынталандырудың кең жүйесі жоқ.

Эксперименттік форматтар, мысалы, Virgin Galactic ғарыштық ұшулары немесе underwater Hotels су асты қонақ үйлері Қазақстан жағдайында бүгінгі таңда реалистік емес болса да, олар жергілікті кәсіпкерлер үшін жаңа стандартты емес өнімдер мен туристік тәжірибелерді іздеуде шабыт көзі болып табылады.

Осылайша, халықаралық стартаптар мен цифрлық шешімдердің Қазақстан нарығына ағымдағы шектеулі енуі бір мезгілде отандық кәсіпкерлер үшін сын-қатерлер мен елеулі мүмкіндіктер туғызады. Елдің мәдени, табиғи және экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, үздік әлемдік тәжірибелерді шебер енгізе алу туризмді әртараптандыруға, жұмыс орындарын құруға және экспорттық туристік әлеуетті арттыруға ықпал ететін туристік стартаптардың бәсекеге қабілетті ұлттық жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда сұраныстың өзгеруіне жедел әрекет етуге, озық технологияларды енгізуге және бірегей туристік өнімдерді әзірлеуге қабілетті туризмдегі жастардың инновациялық кәсіпкерлігін жандандыру ерекше рөл атқарады. Бастапқы идея кезеңінен өміршең минималды өнімді (MVP) әзірлеуге дейін жас кәсіпкерлер 1-кестеде егжей-тегжейлі көрсетілген бірқатар негізгі кезеңдерден өтеді.

Кесте 1 - Стартап-жобаларды әзірлеу кезеңдері: идеядан MVP-ге дейін

Кезеңдер	Сипаттама	Әрекеттер	Дерек көз
1	2	3	4
Идея	Идеяны іздеу және бағалау, оның бірегейлігі мен әлеуетін анықтау. Идеялар жеке тәжірибеден, зерттеулерден немесе бар өнімдерден шабыт алу нәтижесінде пайда болуы мүмкін.	- Бизнес-идеяларды іздеу және бағалау стратегияларын талдау. - Идеяның бірегейлігі мен әлеуетін анықтау әдістерін зерттеу.	[133], [134]
Нарықты зерттеу	Мақсатты аудиторияның қажеттіліктерін талдау, бәсекелестер мен нарықтық трендтерді анықтау. Бұл идеяны нарықтың нақты қажеттіліктеріне бейімдеуге көмектеседі.	- Нарықтық трендтер мен аудитория қажеттіліктерін талдау әдістерін бағалау. - Бәсекелестер мен нарықтық нишаларды анықтау тәсілдерін зерттеу.	[135], [136]
Жоспарлау	Бизнес-модельді, маркетинг стратегиясын және қаржылық жоспарды әзірлеу. Бұл идеяны жүзеге асыру тәсілін құрылымдауға көмектеседі.	- Бизнес-модельдер мен маркетинг стратегияларын әзірлеу тәсілдерін қарастыру. - Стартаптар үшін қаржылық жоспарлардың маңыздылығын шолу.	[137]
Прототиптеу	Өнімнің бастапқы нұсқасын жасап, концепцияны көрсету. Бұл кезең бастапқы кері байланыс алуға және өнімнің нарыққа	- Прототиптерді жасау үдерістерін және олардың концепцияны көрсету рөлін зерттеу.	[138]

1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	қызықтылығын түсінуге мүмкіндік береді.	- Бастапқы кері байланыс алу үшін прототиптеудің маңыздылығын талдау.	
MVP әзірлеу	Ерте пайдаланушыларға арналған негізгі функциялары бар минималды өміршең өнімді әзірлеу. Кезең гипотезаларды тестілеуге және пайдаланушылардың мінез-құлқы туралы деректер жинауға бағытталған.	- Минималды өміршең өнімді әзірлеу стратегияларын бағалау. - Гипотезаларды тестілеу және пайдаланушылардың мінез-құлқы туралы деректерді жинау әдістерін зерттеу.	[139]
Тестілеу және кері байланыс	MVP-ті мақсатты аудиториямен тестілеу және өнімді жақсарту үшін пікірлер жинау. Бұл кезең өнімнің пайдаланушылардың күтуі мен қажеттіліктеріне қаншалықты сәйкес келетінін түсіну үшін өте маңызды.	- Өнімді мақсатты аудиториямен тестілеу әдістерін талдау. - Өнімді жетілдіру үшін пікірлерді жинау және талдау тәсілдерін қарастыру.	[140]
Аяқтау	Жиналған кері байланыс негізінде өнімді өзгерту және жетілдіру. Бұл кезеңде әзірлеу, тестілеу және кері байланысты жинау үдерістері қайталана отырып, үздіксіз жақсарту жүзеге асырылады.	- Өнімді модификациялау және жетілдіру үдерістерін зерттеу. - Өнімді үздіксіз тестілеу мен жаңартудың маңыздылығын талдау.	[141]
Ескертпе - кесте автор ұсынған дереккөздер негізінде құрастырылған			

Бірінші кезең – идеяны генерациялау. Идеяны қалыптастыру барысында туристік индустриядағы қазіргі тенденцияларды ескеру маңызды, атап айтқанда, тұрақты туризм, дербестендірілген саяхаттар мен сандық технологияларды қолдану арқылы пайдаланушылардың тәжірибесін жақсарту. Нарықты және тұтынушылардың талғамын зерттеу әлі толық игерілмеген немесе инновацияны қажет ететін нишаларды анықтауға көмектеседі. Идеяны генерациялау кезеңінде туризмдегі ағымдағы және болашақтағы трендтерді түсіну негізгі фактор болып табылады. Euromonitor International (2021) зерттеулеріне сәйкес, туристер барған сайын бірегей және дербестендірілген сапарларға қызығушылық танытуда [142]. Жас кәсіпкерлер дизайн-ойлау әдістерін пайдалану арқылы бұл саладағы пайдаланылмаған мүмкіндіктерді айқындай алады.

Келесі кезең – бизнес-модельді жоспарлауды, мақсатты аудиторияны анықтауды және маркетинг стратегиясын әзірлеуді қамтитын концепцияны әзірлеу. Бұл кезеңде өнімнің бірегей артықшылықтарына және тұтынушылар үшін құндылық ұсынысына назар аудару аса маңызды. Стартаптардағы дұрыс позициялау мен бизнес-модельдеудің маңыздылығын Osterwalder мен Pigneur (2010) өз еңбектерінде атап көрсеткен, олар Business Model Canvas моделін бизнес-модельдерді әзірлеуге арналған тиімді құрал ретінде ұсынды. Мақсатты

аудиторияны анықтау мен бірегей құндылық ұсынысын жасау осы кезеңнің негізгі аспектілерінің бірі болып табылады.

Прототиптеу және өнімді тестілеу келесі саты болып табылады, мұнда MVP нақты пайдаланушыларда сынақтан өткізіліп, кері байланыс жинақталады және өнімді одан әрі жетілдіруге мүмкіндік беріледі. Бұл кезең нарық талаптарына жедел бейімделуге және өнімді толық іске қосқанға дейін жетілдіруге көмектеседі. Бұл процесс Ries (2011) ұсынған «лидерлік стартап» тұжырымдамасында жақсы сипатталған, онда жасау-өлшеу-үйрену циклінің маңыздылығына ерекше назар аударылады. Жобаны қаржыландыру да маңызды аспект болып табылады. Жас кәсіпкерлер жиі қаржыландыруды краудфандинг, мемлекеттік гранттар немесе венчурлік капитал арқылы іздейді, бұл өз кезегінде қаржылық модель мен жобаның өсу әлеуетін нақты түсінуді талап етеді. Crunchbase (2022) деректеріне сәйкес, сәтті қаржыландыру нарықтық өсу әлеуеті мен өнімнің инновациялық сипатын нақты көрсетуге байланысты [143].

Соңында, туризм саласындағы стартаптың табысы кәсіпкердің өзгерістерге бейімделу, инновациялық ойлау және өз өнімін үздіксіз жетілдіру қабілетіне тәуелді. Бұл ретте технологиялық аспектілермен қатар пайдаланушылардың ерекше тәжірибесіне де баса назар аударылады. Туризм саласындағы стартаптарды дамыту кешенді көзқарасты талап етеді, оған нарықты мұқият зерттеу, инновациялық бизнес-модельдеу, прототиптеу және стратегиялық қаржыландыру кіреді. Бұл саладағы табыс икемділік, креативтілік және үздіксіз жетілдіруге деген ұмтылысты талап етеді.

Жастар инновациялық кәсіпкерлігі туристік саладағы стартап-жобалардың дамуына айтарлықтай әсер етеді, жаңа идеялар, технологиялық жаңалықтар мен тұрақты дамуға бағытталған жаңашыл тәсілдерді енгізеді. Цифрландыру мен жаһандану дәуірінде жас кәсіпкерлер туризм эволюциясының қозғаушы күшіне айналып, заманауи туристердің өзгермелі қажеттіліктері мен талғамына сай келетін шешімдер ұсынады.

Технологиялық жетілдірілген өнімдер мен қызметтерді әзірлеуге ерекше көңіл бөлінеді, мысалы, сапарларды жекешелендіру үшін жасанды интеллектіні пайдалану, саяхат тәжірибесін жақсарту үшін виртуалды және толықтырылған шындық технологияларын енгізу, сондай-ақ брондау мен сапарларды жоспарлауды жеңілдететін мобильді қосымшаларды жасау. Бұл инновациялар клиенттердің қанағаттанушылығын арттырумен қатар стартаптардың бәсекеге қабілеттілігін де күшейтеді.

Жастар кәсіпкерлігінің маңызды ерекшелігі – әлеуметтік жауапкершілік пен экологиялық тұрақтылыққа ұмтылу. Бұл экотуризмді дамыту барысында айқын көрінеді, онда қоршаған ортаға кері әсерді азайту мен жергілікті қауымдастықтарды қолдауға басымдық беріледі. Мұндай бастамалар табиғат пен мәдени мұраны қорғауға ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар инновациялық стартаптар үшін жаңа нарықтық нишаларды ашады.

Нарықтық жағдайлардың өзгеруіне икемді бейімделу және жедел әрекет ету қабілеті жас кәсіпкерлердің басты артықшылықтарының бірі болып табылады. Олар трендтерге, тұтынушылық талғамдардағы өзгерістер мен технологиялық

жаңалықтарға шұғыл жауап бере отырып, бәсекелестерінен озып, өз идеяларын тиімді жүзеге асырады.

Туризмдегі жастар стартаптарының экономикалық ықпалы да айтарлықтай. Олар жаңа жұмыс орындарын құрып, туризмнен түсетін табыстың өсуіне ықпал етіп, инвестицияларды тартады. Әсіресе ауқымды дамуға және жаһандық әсерге ие жобалар венчурлік инвесторлар мен мемлекеттік гранттардың назарын аударады, бұл өз кезегінде одан әрі даму мен кеңею үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда, туристік саладағы жастар инновациялық кәсіпкерлігі өзгерістердің катализаторы болып табылады, жаңа бизнес-модельдердің дамуына, тұрақты дамуға және туризмдегі қызмет көрсету сапасының жақсаруына ықпал етеді. Бұл тек саланың болашағын қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар, қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуына да елеулі үлес қосады.

2 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТУРИЗМНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ЖАСТАР ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІГІНІҢ ӘЛЕУЕТІН ТАЛДАУ

2.1 Қазақстандық туристік бизнесті дамытудың жалпы құрылымындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігі

Туристік индустрия әлемдік экономиканың қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі болып табылады. ДТҰ мәліметтері бойынша жаһандық ЖІӨ-ге 3% үлес қосады [144], ал WTTC мәліметтері бойынша бұл көрсеткіш 10%-ды құрайды [145]. Бұл айырмашылық туризмнің әлемдік экономикаға тек тікелей көрсеткіштерді қарастырған кездегіден әлдеқайда маңызды әсер ететінін көрсетеді. Біздің зерттеуіміз үшін бұл өте маңызды, өйткені ол саланың тікелей кірістерді құруда ғана емес, сонымен бірге экономиканың ілеспе секторларын ынталандыруда да әлеуетін көрсетеді. Қазақстан контекстінде, туризм дамудың стратегиялық бағыты ретінде қарастырылады [146]. Әлемдік туризм индустриясының экономикаға жан-жақты ықпалын ескере отырып, Қазақстанда бұл саланың ұлттық экономикаға тигізетін ықпалы зор. Бұл өз кезегінде жастардың инновациялық кәсіпкерлігі үшін кең мүмкіндіктер ашады; олар экономикаға жаңа идеялар мен технологияларды енгізу арқылы мультипликативтік әсерді күшейтуге қабілетті.


Дегенмен, қазіргі уақытта Қазақстандағы туризмнің үлесі төмен болып отыр. Тікелей туризмдегі жалпы қосылған құнның (ТТЖҚҚ) ЖІӨ-дегі үлесі 2023 жылы 1%-ды ғана құрады [147]. Бұл COVID-19 пандемиясына дейінгі кезеңдегі көрсеткіштерге ҚР әлі жетпегендігін көрсетеді. Соған қарамастан, туризм табыс табу мен жұмыспен қамтудың маңызды көзі бола алады. Мысалы, соңғы тоғыз жылда ТТЖҚҚ мен туризм салаларында тіркелген заңды тұлғалардың саны шамамен 69%-ға, ал туризм саласында жұмыспен қамтылғандар саны 28,9%-ға өскен (2 кесте).

Кесте 2 – Қазақстан Республикасындағы туризм саласының негізгі көрсеткіштері, 2013-2023 жж.

Жыл	Тікелей туризмдегі жалпы қосылған құн (ТТЖҚҚ), млрд. тг	Жалпы қосылған құнның үлесі, тікелей туризмде (ЖІӨ-де), %	Туризм салаларында тіркелген заңды тұлғалардың саны, бірлік	Туризм салаларында жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам
2013	336,4	0,9	16 162,0	354,3
2014	336,8	0,8	17 934,0	412,8
2015	406,4	1	20 975,0	428,5
2016	558,8	1,2	22 303,0	414,1
2017	688,2	1,3	27 760,0	442,5
2018	784,0	1,3	48 750,0	463,7
2019	821,5	1,2	51 482,0	469,9
2020	410,5	0,6	39 816,0	458,3
2021	572,5	0,7	42 301,0	463,1
2022	1001,0	1	47 905,0	488,6
2023	1184,4	1	52 829,2	498,4

Ескертпе - кесте автормен [145] әдебиет негізінде құрастырылған

9 суретте Қазақстан Республикасының 2017 және 2024 жылдардағы экономика салалары бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің үлестері, сондай-ақ осы жылдардағы экономика салалары бойынша жұмыс істеп тұрған жастар кәсіпкерлігі субъектілерінің үлестері көрсетілген [148-151].



Қазақстан Республикасында 1990 жылдан 2024 жылдар аралығында кәсіпкерлік қызметті реттейтін 167 нормативтік-құқықтық актілер қабылданған: 1 Конституция, 128 заң, 9 кодекс, 16 стратегия, 14 жарлық және 1 заңдық күші бар жарлық. Алайда аталғандардың ішінде 38-і қазіргі таңда өз күшін жоғалтқан.

Қолданыстағы 129 нормативтік-құқықтық актілерден халықаралық қатынастарды реттейтін - 62, Еуразиялық экономикалық одақ, кеден одағы және Еуразиялық экономикалық кеңес реттейтін - 3 заңнамалық құжаттан басқа 64 нормативтік құжат толық қаралды.

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік туралы нормативті-құқықтық актілерді үшке бөліп қарастыруға болады: кәсіпкерлікті жүргізу, кәсіпкерлікті реттеу және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау. Сонымен қатар, оның реттілігі де осылай сақталмақ, себебі, кәсіпкерлікті жүргізу - бұл бастапқы санат, ол кәсіпкерлік қызметті бастау және күнделікті жүргізу үшін қажетті негізгі аспектілерді қамтиды: тіркеу, лицензиялау, бухгалтерлік есеп, еңбек қатынастары. Екінші санат – кәсіпкерлікті реттеу, кәсіпкерлікті бастағаннан кейін кәсіпкерлердің қызметін реттейтін ережелер мен заңдарды, соның ішінде салық салуды, бақылауды, стандарттар мен ережелерді сақтауды ескеру қажет. Ал мемлекеттік қолдау — үшінші санат, өйткені бұл мемлекет кәсіпкерлікті дамыту, оны жүргізу жағдайларын жақсарту, өсуді ынталандыру үшін ұсынатын қосымша шаралар мен бағдарламаларды қамтиды. Осы реттілікпен талдау ақпараттың логикалық және құрылымдық көрінісін қамтамасыз етеді. Әрі қарай талдау барысында барлық нормативтік-құқықтық актілер қысқартылған атауларымен және жалпы сипаттамаларымен берілетін болады.

Ең алдымен, 16 кестеде Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті жүргізу бойынша нормативтік-құқықтық актілер қарастырылады.

Кесте 16 – Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті жүргізу бойынша нормативтік-құқықтық актілер

№	Нормативті-құқықтық актінің атауы	Қысқаша сипаттама
1	ҚР азаматтық кодексі 1994 жыл.	Кәсіпкерлікті жүргізудегі негіздер.
2	Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы ҚРЗ 1995 жыл.	Компаниялар мен филиалдарды тіркеу, есепке алу рәсімдері.
3	Шаруашылық серіктестіктері туралы ҚРЗ 1995 жыл.	Шаруашылық серіктестіктер қызметі.
4	Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы ҚРЗ 1998 жыл.	ЖШС және аналогтарды құру мен басқару шарттары.
5	Аудиторлық қызмет туралы ҚРЗ 1998 жыл.	Аудиторлық қызметті жүргізу.
6	Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы ҚРЗ 2002 жыл.	Қазақстанда франчайзингті жүргізу.
7	Тауар биржалары туралы ҚРЗ 2009 жыл.	Биржалардағы сауданы жүргізу.
8	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы қаулы 2012 ж.	Басқару принциптері және корпоративтік стандарттар.
9	ҚР Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жыл.	Кәсіпкерлік қызметті кешенді реттеу.
10	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы ҚРЗ 2015 жыл.	Мемлекет пен кәсіпкерлік ережелері.
Ескертпе - кесте автормен [215] әдебиет негізінде құрастырылған		

Қазақстанда кәсіпкерлікті жүргізу аспектілерін қамтитын 10 маңызды заңнамалық база бар. Бұл құжаттар компанияларды тіркеу, қаржылық есептілік

жүргізу, корпоративтік құрылымдарды құру, сондай-ақ кәсіпкерлер, мемлекет және жеке тұлғалар арасындағы қатынастарды реттейді. Жалпы алғанда, Қазақстанның құқықтық жүйесі кәсіпкерлік қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасап, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға бағытталғандығын көрсетеді.

17 кестеде көрсетілген Қазақстандағы кәсіпкерлікті реттейтін 22 заңнама кәсіпкерлік қызметті кешенді түрде реттейді. Оларға салық салу, қаржылық есеп, еңбек қатынастары және мемлекеттік сатып алулар сияқты негізгі салалар жатады. Бұл реттеулер кәсіпорындардың мемлекет және басқа субъектілермен тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Қазақстанда заңдар үнемі жаңартылып, кәсіпкерлік ортаның өзгерістеріне икемді түрде бейімделуге мүмкіндік береді.

Кесте 17 - Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттеу бойынша нормативтік-құқықтық актілер

№	Нормативті-құқықтық актінің атауы	Қысқаша сипаттама
1	2	3
1	ҚР Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдум) (2022.19.09. өзгерістер мен толықтырулар).	Құқықтар мен міндеттерді анықтайды.
2	ҚР банктер және банк қызметі туралы ҚРЗ 1995 жыл.	Қаржылық қызметтерді ұсыну.
3	Қоғамдық бірлестіктер туралы ҚРЗ 1996 жыл.	Әлеуметтік кәсіпкерлікті реттеу.
4	ҚР Патент Заңы 1999 жыл.	Патент, авторлық құқықтарды реттеу.
5	Коммерциялық емес ұйымдар туралы ҚРЗ 2001 жыл.	Коммерциялық емес ұйымдарды құру.
6	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы ҚРЗ 2003 жыл.	Қаржы нарығын бақылау, оларға талаптар.
7	Сауда қызметін реттеу туралы ҚРЗ 2004 жыл.	Ішкі және сыртқы сауданы реттеу.
8	Концессиялар туралы ҚРЗ 2006 жыл.	Мемлекетпен кәсіпкерлікті қолдау.
9	Бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік туралы ҚРЗ 2007 ж.	Есептілікті жүргізу.
10	ҚР Бюджет кодексі 2008 жыл.	Субсидиялар, гранттар.
11	Азаматтық қорғау туралы ҚРЗ 2014 жыл.	Төтенше жағдайларда қорғау.
12	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексі 2014 жыл.	Әкімшілік жауапкершілік.
13	ҚР кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заң 2014 жыл.	Кәсіпкерлікті жүргізуге жағдайды жақсарту, заңнамадағы реформалар.
14	Өзін-өзі реттеу туралы ҚРЗ 2015 жыл.	Кәсіпкерлікті дамыту.
15	ҚР Еңбек Кодексі 2015 жыл.	Еңбек қатынастары ережелері.
16	Мемлекеттік сатып алу туралы ҚРЗ 2015 жыл.	Мемлекеттік сатып алу үрдістері.
17	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (салық кодексі) ҚР Кодексі 2017 жыл.	Салық салу негіздері, салықтар мен алымдарды төлеу ережелері.
18	ҚР кедендік реттеу туралы Кодексі 2017 жыл.	Кедендік бақылау, рәсімдеу тәртібі.
19	ҚР кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚРЗ 2018 жыл.	Сақтандыру және бағалы қағаздар саласындағы заңнаманы жаңарту.

1	2	3
20	ҚР кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және МӘМС мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заң 2021 жыл.	Бизнес жағдайларын жақсарту, әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау.
21	ҚР әлеуметтік кодексі 2023 жыл.	Әлеуметтік кәсіпкерлік.
22	«2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңын іске асыру туралы қаулы 2023 жыл.	Кәсіпкерлікті қолдау, бизнес үшін бюджет қаражатын бөлу.
Ескерту - кесте автормен [214] әдебиет негізінде құрастырылған		

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жөніндегі 32 Қазақстанның нормативтік-құқықтық актілері кең ауқымды шараларды қамтиды (5 қосымша). Олардың қатарына шағын және орта бизнесті дамыту бағдарламалары, отандық өндірушілерді, әйелдер кәсіпкерлігін және креативті индустрияларды қолдау шаралары кіреді. Сонымен қатар, құжаттарда 2030 жылға дейінгі кәсіпкерлікті дамыту стратегиялары, қаржы секторын дамыту, гендерлік және отбасылық саясат, инновациялық индустрияларды қолдау мәселелері қарастырылған. Өңірлік даму, көші-қон үдерістерін қолдау, инфрақұрылымдық жобалар мен жаһандық экономикаға интеграциялау мәселелеріне ерекше назар аударылған. Сонымен қатар, бұл актілер жұмыс орындарын құру және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға қатысты, оның ішінде жергілікті деңгейде кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау арқылы елдегі бизнесті жүргізуді ынталандыруға ықпал етеді.

Аталған нормативтік-құқықтық базаның маңызды рөлдерінің бірі – құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз ету, бұл кәсіпкерлерге ұзақ мерзімді жоспарлар құруға және инвестициялық тартымдылықты арттыруға жағдай жасайды. Заңнаманың үнемі жетілдірілуі мен жаңартылуы Қазақстандағы бизнес ортаның динамикасына сай болуға және кәсіпорындардың қажеттіліктеріне икемді түрде жауап беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, салықтық және қаржылық есепке алу заңдары бизнестің ашықтығын қамтамасыз етіп, олардың мемлекет алдындағы міндеттемелерін нақты айқындайды.

Нормативтік-құқықтық актілер Қазақстандағы кәсіпкерлікті қолдауға маңызды негіз қалыптастырады, олар экономикалық өсімді қамтамасыз етудің құқықтық аспектілерін қамтиды және жаңа бастамалардың дамуына ықпал етеді. Атап айтқанда, жастар кәсіпкерлігі мен инновациялық кәсіпкерлікті қолдауға арналған заңдар жаңа кәсіпкерлерге өз істерін бастауда және олардың кәсіпкерліктегі алғашқы кезеңдерде сәтті жүргізуіне жағдай жасайды. Арнайы қолдау шараларының маңыздылығына орай әрі қарай жастар кәсіпкерлігі мен инновациялық кәсіпкерлік бойынша ҚР нормативтік-құқықтық актілері талданады.

Жалпы жастар арасындағы кәсіпкерлік бойынша 15 нормативтік-құқықтық актілер қаралды. Олар 18 кестеде қысқаша сипаттамасымен берілген. Бұл категориядағы құжаттарда жастар арасында кәсіпкерлікті қолдау, студенттерді кәсіпкерлік негіздерге оқыту, жастарды кәсіпкерлікке ынталандыру, жастарға

қаржылай кредит беру туралы жазылады. Алайда, «жастар кәсіпкерлігі» термині ешбір заңнамалық құжатта анықталмаған тек «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында қолданылады. Нақтырақ айтқанда, «Жастар кәсіпкерлігін қолдау үшін жылдық 2,5% жеңілдікпен шағын несиелендірудің жеке тетігі іске қосылады» деген сөйлемде қолданылды.

Кесте 18 – Қазақстан Республикасында жастар кәсіпкерлігі бойынша нормативтік-құқықтық актілер

№	Нормативтік-құқықтық актілер атауы	Қысқаша сипаттама
1	«ҚР 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар» Президент Жарлығының жобасы туралы қаулы 2001 ж.	Жастарды жалпы дамудағы рөлі.
2	ҚР туристік қызмет туралы ҚРЗ 2001 жыл.	Туризмдегі жас кәсіпкер.
3	Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты ҚР Президенті –Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы, 2012 жыл.	Жастарды дамуға қосу, кәсіпкерлікті қолдау
4	Мемлекеттік жастар саясаты туралы ҚРЗ 2015 жыл.	Жастар кәсіпкерлігі.
5	Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, «Мәңгілік ел жастары-индустрияға!» («Серпін») жобасы туралы ҚР БҒМ 2018 жылғы бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы бұйрық.	Жастарға кәсіпкерлік туралы білім беру бастамалары
6	Жастар ресурстық орталықтары туралы үлгілік ережені бекіту туралы бұйрық 2019 жыл.	Жастар бастамалары мен кәсіпкерлікті қолдау
7	Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы 2022 жыл.	Жастарды дамуға қосу, кәсіпкерлікті қолдау
8	ҚР мемлекеттік жастар саясатының 2023 - 2029 жж арналған тұжырымдамасын бекіту туралы қаулы 2023 жыл.	Жастарды кәсіпкерлік арқылы біріктіру
9	ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік ББ дамытудың 2023 – 2029 жж арналған тұжырымдамасын бекіту туралы қаулы 2023 жыл.	Жастарды кәсіпкерлік дағдыларға дайындау
10	2023 - 2029 жж арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы қаулы 2023 жыл.	Жастарды стартаптар, инновациялық жобаларға ынталандыру
11	«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес АҚ 2023 – 2027 жж арналған даму бағдарламасын бекіту туралы қаулы 2023 жыл.	Студенттерді ғылымға, кәсіпкерлікке тарту
12	Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы 2023 жыл.	Қаржыландыру, оқыту, қолдау.
13	ҚР еңбек нарығын дамытудың 2024 – 2029 жж арналған тұжырымдамасын бекіту туралы қаулы 2023 жыл.	Жас кәсіпкерлерді қолдау
14	«2024 – 2026 жж арналған республикалық бюджет туралы» қаулы 2023 ж.	Жас кәсіпкерді қолдау.
15	«ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік ББ дамытудың 2023 – 2029 жж арналған тұжырымдамасын бекіту» өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы 2024 жыл.	Жастардың кәсіпкерлік біліміне байланысты.
Ескерту - кесте автормен [214] әдебиет негізінде құрастырылған		

Қазақстанда жастар арасындағы кәсіпкерлікті қолдау бойынша нормативтік-құқықтық актілер жастардың экономикалық белсенділігін ынталандыруға және инновациялық секторға қатысуы үшін жағдай жасауға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды элементі болып табылады. Бұл құжаттар ұйымдастырушылық және экономикалық қолдау шараларын, соның ішінде субсидиялар, гранттар, салықтық жеңілдіктер, сондай-ақ білім беру және

кеңес алу қызметтеріне қол жеткізуді қамтиды. Аталған шаралар жастар арасында кәсіпкерлікті бастау үшін кедергілерді азайтып, инновациялық дамуға қолайлы жағдай туғызуға бағытталған. Нормативтік-құқықтық актілер шеңберінде жастар ресурстық орталықтары мен бизнес-инкубаторлар құрылып, жас кәсіпкерлерге қажетті инфрақұрылымға, жұмыс орындары мен кәсіби сараптамаға қол жеткізу мүмкіндігін ұсынады. Бизнес-инкубаторлар жас кәсіпкерлерге тек бизнесті бастау кезеңінде ғана емес, сонымен қатар оның одан әрі дамуына да көмектеседі, оларға тәлімгерлік және инвестиция тарту мүмкіндіктерін береді. Бұл шаралар инновациялық стартаптар үшін өте маңызды, өйткені олар өз дамуының барлық кезеңдерінде қолдауды қажет етеді. Сондықтан ендігі кезекте, инновациялық кәсіпкерлік, стартаптар бойынша нормативтік-құқықтық құжаттар қарастырылады.

Инновациялық кәсіпкерлік, әсіресе жастар арасында, технологиялық прогресс пен елдің экономикалық өсуінде шешуші рөл атқарады, бұған стартаптарды қолдаудың арнайы бағдарламалары ықпал етеді. Қазақстан Республикасында жалпы «инновациялық кәсіпкерлік» термині тек 3 нормативтік-құқықтық актілерде кездеседі, ал стартаптар туралы 4 заңнамалық құжат бар. Олар 19 кестеде қысқаша сипаттамаларымен бірге көрсетілген.

Инновациялық кәсіпкерлікті және стартаптарды дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасы инновациялық экономиканы қалыптастыру және кәсіпкерлікті қолдау үшін құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайларды реттейтін шаралар кешенін білдіреді. Ғылыми әзірлемелерді қаржыландыру, коммерцияландыру, сондай-ақ инвестициялар тарту және инновациялық инфрақұрылымды дамыту үшін жағдайлар жасауға басты назар аударылады.

Кесте 19 – Қазақстан Республикасындағы инновациялық кәсіпкерлік пен стартаптар туралы нормативтік-құқықтық актілер

№	Нормативтік-құқықтық актілер атауы	Қысқаша сипаттама
1	2	3
Инновациялық кәсіпкерлік бойынша		
1	ҚР Ғылыми және ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасы туралы қаулы 2000 жыл.	Инновациялық кәсіпкерлікті дамыту
2	Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін! Президенттің Жолдауы, 2004 жыл.	Жаңа инновациялық кәсіпкерлікті қолдау
3	Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні орындауы туралы баяндаманы бекіту туралы қаулы 2007 жыл.	Мемлекеттік қолдау
Стартаптар бойынша		
4	Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы ҚРЗ 2004 жыл.	Инвестиция тарту
5	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы ҚРЗ, 2015 жыл.	Инновациялық бизнес ортаны қалыптастыру
6	«KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясы» АҚ 2018 – 2027 жж арналған даму жоспарын бекіту туралы қаулы, 2018 жыл.	Инвестиция тарту

1	2	3
7	«KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясы» АҚ 2018 – 2027 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы» қаулыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы, 2021 жыл.	Шетелдік инвестицияларды тарту, инновациялық жобалар
Ескерту - кесте автормен [214] әдебиет негізінде құрастырылған		

Бірқатар заңнамалық актілер мен мемлекеттік бағдарламаларды қабылдау венчурлік қорларды және өзге де инвестициялық тетіктерді дамыту арқылы инновациялық белсенділікті ынталандыруға бағытталған. Құқықтық жүйенің маңызды элементі кәсіпкерлерге бәсекеге қабілетті өнімдер мен технологияларды жасау үшін ғылыми әзірлемелерді пайдалануға мүмкіндік беретін ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыруды қамтамасыз ету болып табылады. Бұл тетіктер өндіріс пен нарыққа инновацияларды жылдам енгізу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, ғылым мен бизнес арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді.

Халықаралық ынтымақтастық та маңызды рөл атқарады, ол арқылы шетелдік инвестицияларды тарту үшін мүмкіндіктер жасалады. «KAZAKH INVEST» даму стратегиясы сияқты мемлекеттік бағдарламалар мен жоспарлар Қазақстанның стартаптарына әлемдік инновациялық экожүйеге кірігуге мүмкіндік беретін инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған. Стартаптарды қолдаудың негізгі құралдары болып технопарктер, инкубаторлар табылады. Олар жас кәсіпкерлерге ресурстарға, кәсіби тәлімгерлікке және технологиялық платформаларға қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл олардың өсуіне және ауқымына ықпал етеді.

Осылайша, нормативтік-құқықтық актілердің Қазақстанда инновациялық салада жастар стартаптарын құруға және дамытуға әсері көп қырлы болып табылады. Бұл актілер кәсіпкерлікті жүргізу үшін құқықтық жағдайлар жасап қана қоймайды, сонымен қатар венчурлық қаржыландыруды, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруды және инновациялық инфрақұрылымды құруды қоса алғанда, қолдаудың тиімді ұйымдастырушылық тетіктерін қалыптастырады. Осы шаралардың барлығы жастарды инновациялық қызметке қатысуға және жоғары технологиялық стартаптарды дамытуға ынталандыратын, осылайша Қазақстанның жаһандық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыратын қолайлы кәсіпкерлік ортаны қалыптастыруға бағытталған.

Инновациялар жастар кәсіпкерлігінің негізгі драйвері болып табылады және оларды нормативтік актілер мен экономикалық тетіктер арқылы қолдау жас инноваторлар үшін жаңа мүмкіндіктер жасауға ықпал етеді. Қазақстан Республикасында инновациялық қызметті реттейтін 40 нормативтік-құқықтық актілер бар, олар 5 қосымшада берілген. Ол актілерде белгіленген негізгі тетіктер инновациялық қызметті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Ең маңызды аспектілердің бірі – жоғары тәуекелді, бірақ перспективалы жобаларға капиталды тартуға ықпал ететін венчурлық қорлар мен инновациялық кластерлерді құру. Бұл әсіресе қаржыландыру кезеңінде жиі қиындықтарға тап болатын стартаптар мен жастар компаниялары үшін өте маңызды. Сонымен

қатар, ғылыми зерттеулерді коммерцияландыруға бағытталған актілер ғылым мен бизнесті біріктіруде маңызды рөл атқарады, ғылыми жетістіктерді коммерциялық табысты өнімдер мен қызметтерге айналдыру мүмкіндіктерін жасайды. Бұл механизмдердің маңыздылығы - олар жоғары технологиялық және ғылымды қажет ететін стартаптардың дамуын ынталандырады, бұл өз кезегінде жаңа нарықтар мен өнімдердің пайда болуына әкеледі. Технологияларды коммерцияландыруды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар бұл процесті жеделдетіп, жас кәсіпкерлерге өндіріске инновацияларды тезірек енгізуге мүмкіндік береді.

Технологияларды коммерцияландыруға ықпал ететін мемлекеттік бағдарламалар бұл процесті жеделдетеді және жас кәсіпкерлерге өндіріске инновацияларды тезірек енгізуге мүмкіндік береді. Тағы бір маңызды элемент – цифрлық инфрақұрылымды дамыту және цифрлық трансформацияны қолдау. Ақпараттық технологиялар мен киберқауіпсіздікті дамытуға бағытталған бағдарламалар стартаптарға экономиканың әртүрлі секторларында инновациялық бизнес-модельдер құруға ықпал ететін озық технологияларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Кәсіпкерлік үшін инновацияның маңыздылығы – бұл компанияларға өзгермелі нарық жағдайларына бейімделуге ғана емес, сонымен қатар жаңа нарықтар мен сегменттерді белсенді түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Инновациялық қызметті реттейтін нормативтік актілер қаржыландыруға, технологиялық ресурстарға және ғылыми әзірлемелерге қол жеткізу арқылы кәсіпкерлікті ынталандыру үшін құқықтық негіздер мен ұйымдастырушылық тетіктер жасайды, бұл әсіресе жоғары технологиялық секторларда көшбасшы болуға ұмтылатын жастар компанияларына қатысты.

Осылайша, осы нормативтік-құқықтық актілер жаңа бизнес-модельдер құруға, стартаптарды дамытуға және Қазақстанның Жаһандық инновациялық процестерге интеграциялануына негіз болатын инновациялық қызметті қолдау үшін кешенді экожүйені құрады. Бұл шаралар жастар кәсіпкерлігіне айтарлықтай әсер етіп, олардың өсуіне мүмкіндік береді, бұл сайып келгенде елдің әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Жоғарыда қарастырылған жастар кәсіпкерлігі, инновациялық кәсіпкерлік, стартаптар және инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін қолайлы сала – туризм болып табылады. Себебі, ол динамикалы, кәсіпкерлікпен айналысу үшін бастапқы қаржыландыру шегі төмен, цифрлық технологиялар мен креативті шешімдерді қолдануға мүмкіндік беретін, сондай-ақ ерекше қызметтерге деген сұранысы жоғары сала болып табылады. Жастар қызмет көрсету, туристік бағыттар және туристерді тартуға арналған онлайн-платформалар саласына инновацияларды оңай енгізе алады.

Туризмді дамытуға қатысты негізгі заңдар мен қаулылар кәсіпкерлік үшін қолайлы орта құруға және туристік салаға инвестициялар тартуға бағытталған. Қазақстан Республикасындағы туризм саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер 5 қосымшада берілген.

Қазақстан Республикасында 42 туристік қызметті реттейтін заңнамалық базаны құрайтын нормативтік-құқықтық актілер бар екен. Жас кәсіпкерлер осы заңнамалық және экономикалық құралдарды қолдана отырып, туризмнің тұрақты өсуіне және елдің халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін заманауи трендтер мен нарық сұраныстарына сәйкес келетін жаңа туристік өнімдер мен қызметтерді тиімді дамыта алады.

Талдау Қазақстандағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін қолдау тетіктері құқықтық және экономикалық аспектіде маңызды рөл атқарады. Ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдер жастардың кәсіпкерлік белсенділігін арттыруға, олардың инновациялық идеяларын жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасайды. Бұл механизмдер нормативтік-құқықтық актілермен тығыз байланысты, олар бизнес жүргізу, реттеу және мемлекеттік қолдау сияқты кәсіпкерлік қызметтің барлық кезеңдерінде жастарды қолдаудың негізгі құралдарын қамтиды.

Алайда, нормативтік-құқықтық базаны әрі қарай жетілдіру қажеттілігі айқын. Бірінші мәселе, заңнамада «жастар кәсіпкерлігі» терминінің нақты анықтамасының болмауы. Бұл құқықтық белгісіздік тудырады және арнайы қолдау шараларын әзірлеу мен іске асыруды қиындатады, өйткені жастарды кәсіпкерлердің жеке санаты ретінде бөлудің нақты критерийлері мен тетіктері жоқ. Сондықтан, ҚР кәсіпкерлік кодексіне (2015) «жастар кәсіпкерлігінің» нақты анықтамасын енгізе отырып, өзгерістер енгізу керек деген ұсыныс бар. Сондай-ақ, жеңілдетілген салық салу, қаржы құралдары мен гранттарға қол жеткізу сияқты жастар кәсіпкерлігін реттеудің ерекшеліктерін белгілейтін арнайы құқықтық актілер әзірленуі керек. Бұл қадам жастардың ерекшелігін ескеретін мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен реттеуші шараларды мақсатты түрде әзірлеуге мүмкіндік береді.

Екінші мәселе, инновациялық кәсіпкерлік бөлігінде нормативтік-құқықтық базаны толық интеграцияламау болып табылады. Яғни, инновацияға қатысты заңнама негізінен стартаптар мен инновациялық шағын және орта кәсіпорындарға емес, ірі ғылыми әзірлемелерге бағытталған. «Инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыру туралы» заң (2006) ғылым саласындағы әзірлемелерге бағытталған, бірақ шағын және орта бизнес саласындағы кәсіпкерлік қызметпен байланысты инновацияларды реттемейді, бұл стартаптар үшін мүмкіндіктерді шектейді. Сонымен қатар, барлығы 4 құқықтық актіде «стартап» термині айтылған және олардың ешқайсысы инновациялық ШОБ-ті қолдау тетіктерін қамтымайды. Сондықтан, инновациялық қызметті реттейтін заңнамаға инновациялық стартаптар мен кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған шараларды қоса отырып, өзгерістер енгізу керек. Стартаптардың ерекшеліктерін, оларды қаржыландыруды, сондай-ақ оларға жеңілдіктерді, соның ішінде жеңілдетілген тіркеу және салық салу режимін реттейтін жаңа заңдар немесе заңға тәуелді актілер әзірлеу қажет.

Үшінші мәселе, венчурлық қаржыландыру және краудфандинг үшін заңды базаның болмауы. Бұл жас кәсіпкерлердің капиталдың баламалы көздерін іздеудегі мүмкіндіктерін шектейді. Венчурлық қаржыландыру мен

краудфандингті реттейтін заңнаманың болмауы бұл институттардың дамуын қиындатады. АҚШ немесе Сингапур сияқты венчурлық нарығы дамыған елдерде Қазақстанға жетіспейтін осындай инвестицияларды реттейтін нақты заңдар бар [216, 217]. Қазақстандағы жас кәсіпкерлердің осы қаржы құралдарына қолжетімділігі шектеулі. Сондықтан, «Венчурлық капитал туралы заңды» әзірлеу керек, ол венчурлық инвесторларды мемлекеттік қолдау тетіктерін қоса алғанда, венчурлік қорлар үшін құқықтық негіздерді белгілейді. Сонымен қатар, инвесторларды да, кәсіпкерлерді де қорғайтын «краудфандинг платформаларын» реттейтін заңнама құру қажет. Бұл жастардың баламалы капитал көздеріне қолжетімділігін жақсартуға мүмкіндік береді.

Төртінші мәселе, жастар инновациялық кәсіпкерлігі үшін зияткерлік меншікті құқықтық реттеудің жеткіліксіздігі. Қазақстандағы зияткерлік меншікті құқықтық қорғаудағы кемшіліктер стартаптардың инновациялық идеялары мен әзірлемелерін қорғауды қиындатады. Стартаптар, әсіресе технология саласында, патенттері мен авторлық құқықтарын қорғауда жиі қиындықтарға тап болады. Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының (ДЗМҰ) деректері бойынша, Қазақстан зияткерлік меншікті қорғау бойынша, әсіресе шағын бизнес сегментінде төмен позицияларға ие [218]. Ол ірі корпорацияларға көбірек бағытталған және стартаптардың патенттерді немесе қорғаныс белгілерін жылдам тіркеу қажеттіліктерін ескермейді. Сондықтан, жеңілдетілген құжаттар жиынтығымен және жеңілдетілген төлеммен инновациялық стартаптар үшін жеделдетілген патенттеу рәсімдерін қарастыру керек. Бұл әкімшілік кедергілерді азайтады және стартаптарға өз әзірлемелерін тезірек және аз шығындармен қорғауға мүмкіндік береді.

Бесінші мәселе, өңірлерде жастар кәсіпкерлігін ынталандыру үшін құқықтық тетіктердің болмауы. Ауылдық жерлерде және шағын қалаларда заңды және қаржылық қолдау құралдарына қол жетімділік шектеулі. Сондықтан ауылдық жерлерде бизнесті тіркеуді оңайлату жөніндегі арнайы шараларды, өңірлік жобалар үшін гранттар мен субсидияларға қолжетімділікті, сондай-ақ шағын қалалар мен ауылдардағы кәсіпкерлер үшін салық жеңілдіктерін қамтитын жастар кәсіпкерлігін өңірлік қолдау туралы құқықтық актіні әзірлеу керек. Бұл шаралар орталық пен өңірлер арасындағы теңгерімсіздікті теңестіруге және ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамытуды қолдауға көмектеседі.

Осы нақты ұсыныстар Қазақстанның нормативтік-құқықтық базасындағы жалпы кәсіпкерлік пен инновациялық қызметте бар мәселелерді шешуге бағытталған, бұл жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Алайда, туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін де мәселелердің барын атап өту қажет. Мысалы, туризмдегі жастардың инновациялық кәсіпкерлігін қолдау үшін мамандандырылған құқықтық нормалардың болмауы. Қазақстандағы «Туристік қызмет туралы» заң (2001) туроператорларды лицензиялау және туристік инфрақұрылымды дамыту сияқты туризмнің дәстүрлі аспектілерін реттеуге бағытталған. Онда инновациялық кәсіпкерлікті ынталандыруға және туризмдегі жастар стартаптарын қолдауға бағытталған ережелер жоқ. Инновациялық

шешімдермен жұмыс істейтін жастар стартаптары жеткілікті қаржылық қолдау ала алмайды және оларға салық жүктемесі жоғары болып қала береді. Сондықтан да оған өзгерістер енгізу керек, нақтырақ айтқанда, туризмдегі жастардың инновациялық кәсіпкерлерін қолдау шараларын көздейтін бөлім қосу қажет. Бұл шаралар онлайн брондау платформалары немесе туристік мобильді қосымшалар сияқты инновациялық туристік өнімдерді әзірлеуге арналған субсидиялар мен гранттарды қамтуы керек. Сондай-ақ туризмді цифрландыру саласында жұмыс істейтін стартаптар үшін салық жеңілдіктерін көздеу қажет.

Тағы бір мәселе, туристік салада цифрлық технологиялар мен инновацияларды құқықтық реттеудің болмауы. Туризмді цифрландырудың жаһандық трендтеріне қарамастан, қазақстандық заңнамада туристік салада цифрлық технологиялар мен инновацияларды пайдалануды реттейтін нормалар жоқ. Бұл туризмдегі цифрлық шешімдерге бағытталған инновациялық стартаптардың дамуын бәсеңдетеді және оларды қолдаудың құқықтық тетіктерін ұсынбайды. Олай болса, туризмде цифрлық технологияларды пайдалануды реттейтін құқықтық нормаларды қосу керек. Бұл онлайн-платформа пайдаланушыларының деректерінің қауіпсіздігі туралы ережелерді, онлайн-қызметтердің сапасына қойылатын талаптарды және туризм саласындағы цифрлық инновациялар үшін зияткерлік меншікті құқықтық қорғауды қамтуы тиіс. Нақты құқықтық негіздерді құру жастар стартаптарына туристік сала үшін цифрлық шешімдерді қауіпсіз және тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

Туризм саласындағы жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту үшін Қазақстанға мамандандырылған қолдау шараларын қоса алғанда, нормативтік-құқықтық базаны жаңарту қажет. Мұндай шаралар жастар кәсіпкерлігінің өсуі мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға көмектеседі, бұл елдің туристік саласының жаһандық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттырады.


Туристік саладағы жалпы оң динамикадан басқа, Қазақстанның мемлекеттік саясаты кәсіпкерлікті қолдауға көп көңіл бөледі. Бұл тұрғыда «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ маңызды рөл атқарады, ол қарыздарға қызмет көрсету шығындарын төмендетуге және кепіл тапшылығын ішінара өтеуге ықпал ететін кепілдік және субсидиялық қолдау көрсетеді. Туристік бизнес үшін бұл жағдай сұраныстың маусымдық сипаты мен инфрақұрылым және қызмет көрсету қызметінің жоғары инвестициялық шығындарын ескере отырып, ерекше маңызға ие.

«Даму» АҚ-ның 2010-2025 жылдарға арналған ішкі есептеріне сәйкес, ең қажетті қолдау шараларының бірі пайыздық мөлшерлемені субсидиялау болып қала береді. 2010 жылы «Бизнестің жол картасы–2020», «Бизнестің жол картасы–2025» мемлекеттік бағдарламалары, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба (2021-2025) және басқа да қаржыландыру тетіктері шеңберінде басталған тұрғын үй, тамақтану, өнер, ойын-сауық және демалыс салаларындағы субсидияланған кредиттердің көлемі жиынтығында 150% - дан астам өсті (20 кесте) [219]. Туризм саласындағы субсидиялауға мақұлданған кредиттер үлесінің динамикасы барлық салаларға қатысты 20 суретте көрсетілген.

Кесте 20 - 2010 жылдан бастап 2025 жылғы 01 наурызға дейін «Даму» АҚ қоры субсидиялауға мақұлданған кредит сомасы, млн,тг

Жыл	Субсидиялауға мақұлданған кредит сомасы, млн тг			Туризм үлесі, %
	Барлық бойынша сома, млн тг	оның ішінде туризм бойынша		
		салалар жалпы	Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету, млн тг	
2010	83 081, 06	1 793, 10	240, 72	2,2%
2011	275 124, 13	18 623, 34	3 643, 32	8%
2012	511 857, 59	31 692, 91	8 927, 86	7,9%
2013	361 162, 56	13 758, 21	7 281, 93	5,8%
2014	338 004, 68	18 146, 48	12 483, 41	9%
2015	270 131, 48	19 859, 12	12 218, 25	11,9%
2016	270 436, 36	13 077, 52	7 790, 59	7,7%
2017	248 640, 87	12 245, 35	8 560, 53	8,4%
2018	173 157, 18	12 259, 30	6 873, 19	11%
2019	216 161, 77	28 519, 15	4 562, 26	15,3%
2020	1 186 229, 66	116 808, 17	8 521, 69	10,6%
2021	1 582 797, 87	71 558, 62	36 523, 05	6,8%
2022	992 547, 65	46 139, 8	23 637, 79	7%
2023	1 003 428, 07	55 232, 2	29 661, 05	8,5%
2024	1 011 941, 80	80 842, 16	23 451, 06	10,3%
2025	135 954, 55	7 777, 39	1 634, 6	6,9%
Жалпы	8 660 657, 35	548 332, 93	196 011, 31	8,6%


Ескертпе – кесте автормен [218] дереккөз негізінде құрастырылған



Сурет 20 - 15 жыл ішінде субсидиялаудың жалпы сомасындағы туризм үлесі

Ескертпе – сурет автормен [218] дереккөз негізінде құрастырылған

23 суретте көрсетілгендей, барлық 8560 субсидияланған жобалардың ең көп үлесін географиялық тұрғыдан Астана, Алматы, сондай-ақ Жамбыл облысы жинақтайды; бұл ретте Ұлытау немесе Солтүстік Қазақстар облыстары сияқты жаңа және шалғай өңірлерде субсидияланған мәмілелердің ең аз саны тіркелуде, бұл жергілікті кәсіпкерлер арасында мемлекеттік бағдарламаларды одан әрі ілгерілету қажеттігін көрсетеді.



Сурет 21 – 2010 жылдан бастап 2025 жылғы наурызға дейін ҚР өңірлерінде туризм бойынша субсидияланған бағдарламалар саны


Ескертпе – сурет автормен [218] дереккөз негізінде құрастырылған

«Даму» АҚ қорының кредиттерге кепілдік беруі туризм индустриясының тағы бір негізгі проблемасын —көбінесе дамыған инфрақұрылымы жоқ аудандардағы жас кәсіпкерлер мен микробизнес үшін тосқауылға айналған кепіл тапшылығы мәселесін шешеді. 21 кестеде барлық салалар мен туризм бойынша берілген кепілдіктің мөлшері, сондай-ақ олардың 2016 жылдан бастап 2025 жылғы 01 наурызға дейінгі жалпы сомадағы үлесі көрсетілген. Туризм саласындағы бекітілген кепілдіктердің даму динамикасы 22 суретте көрсетілген.

Кесте 21 - «Даму» АҚ-ның 2016 жылдан бастап 2025 жылғы 01 наурызға дейін берген кепілдік көлемі, млн тг

Жыл	Берілген кепілдік көлемі, млн тг			Туризм үлесі, %
	Барлық салалар бойынша жалпы сома, млн тг	оның ішінде туризм бойынша		
		Тұру және тамақтану қызмет көрсету, млн тг	Өнер, ойын-сауық және демалыс, млн тг	
2016	171,83	9	-	5,2%
2017	1168,92	165,75	4,1	14,5%
2018	6583,92	910,30	115,66	15,6%
2019	5678,05	557,02	6,12	9,9%
2020	4140,41	20,09	-	0,5%
2021	7051,04	179,20	15,0	2,8%
2022	4939,61	192,15	-	3,9%
2023	10386,61	805,34	556,07	13%
2024	16659,22	1872,17	369,05	13,5%
2025	2266,62	-	110,83	4,9%


Ескертпе – кесте автормен [220] дереккөз негізінде құрастырылған



Сурет 22 - 8 жыл ішінде жалпы кепілдендірілген сома ішіндегі туризм үлесі

Ескертпе – сурет автормен [219] дереккөз негізінде құрастырылған

Ал саны бойынша кепілдіктер алған жобалардың салалар бойынша бөлінуін 23 суреттен көруге болады. Туризм 11% құрайды, сауда (45%) және өнеркәсіптен (12%) кейінгі үштікке кіреді. Бұл туристік саланың маңыздылығын және оны қолдауға жоғары қызығушылықты көрсетеді.




Сурет 23 - Кепілдік алған жобаларды экономика салалары бойынша бөлу үлесі

Ескертпе – сурет автормен [219] дереккөз негізінде құрастырылған

Өңірлік бөлуде абсолютті көріністе Алматы, Астана және Ақтөбе облыстары көш бастап тұр, бұл елордалық кластерді дамытуға қызығушылықты көрсетеді (24 сурет). Өкінішке қарай, Ұлытау облысында жобалар мүлдем жоқ.

2024 жылғы соңғы мәліметтер бойынша, қонақжайлылық пен бос уақытты кепілдендіруге өтінімдердің шамамен 77% - ы жеке кәсіпкерлерден (ЖК) түскен, олар әдетте толық кепілдік үшін жеткілікті материалдық базаның жоқтығын білдіреді.



Сурет 24 - Өңірлер бойынша кепілдік алған туризм саласындағы жобалардың саны (2016-2025)

Ескертпе – сурет автормен [219] дереккөз негізінде құрастырылған

Жоғарыда келтірілген сандар мен үрдістер «Даму» АҚ-ның қаржы құралдары ішкі туристік ағымға бағдарланған жобаларды қоса алғанда, туристік кәсіпкерлікті қолдау мен ынталандырудың маңызды факторы болып табылатынын растайды. Жастар инновациялық бизнесі үшін қор бағдарламалары несиелік тәуекелдерді азайтады, жоғары пайыздық мөлшерлемелерді өтеуге мүмкіндік береді және туристерге арналған жаңа қызметтер мен өнімдерді іске қосуға сенімділікті арттырады. Тәжірибе көрсеткендей, гранттар, кепілдіктер мен субсидиялар білім беру-консультациялық қолдаумен (кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары, «Бастау Бизнес», акселераторлар және т.б.) біріктірілетін жерде авторлық шағын қонақүйлердің, туристік IT-стартаптардың, агротурлардың және басқа да креативті бастамалардың неғұрлым серпінді пайда болуы байқалады.

Осылайша, «Даму» қорының бағдарламалар кешені — кепілдік беру және субсидиялау Қазақстандағы туристік сектордың, оның ішінде жастар кәсіпкерлері үшін инвестициялық тартымдылығының өсуіне елеулі серпін береді деп қорытындылауға болады. Осы құралдардың арқасында, тіпті елеулі бастапқы капиталы болмаса да, жас командалар нарыққа кіре алады, инновациялық сервисті дамыта алады, қонақжайлылықтың жаңа нысандарын айналып өте алады, демек, отандық туризмнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға үлес қоса алады.

Ұйымдастыру-экономикалық тетіктің тағы бір маңызды бағыты қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру болып табылады. Бұл туризм сияқты

жастарды тарту үшін әлеуеті жоғары салаларға қатысты ерекше маңызға ие. Сондықтан, бұдан әрі 22 кестеде соңғы 10 жыл ішінде пайдалану бағыты бойынша негізгі капиталға инвестицияларды қарастырамыз.

Кесте жалпы экономика және туризм саласындағы, атап айтқанда 2015 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңдегі негізгі капиталға инвестициялар көлемінің серпінін қаржыландыру көздері бойынша бөле отырып көрсетеді: бюджет қаражаты, меншікті қаражат, банктердің кредиттері және өзге де қарыз қаражаттары.

Кесте 22 – 2015-2024 жж. туризм бағыты бойынша негізгі капиталға инвестициялар, млн тг


	Жалпы	Бюджеттік қаражат	Меншікті қаражат	Банктегі несиелер	Басқа да қарыз қаражаттары
1	2	3	4	5	6
2015					
Негізгі капиталға инвестициялар, барлығы	7 024,71	1 301,09	4 048,68	440,18	1 234,76
Туризм бойынша	161,97	75,95	76,14	5,25	4,63
2016					
Негізгі капиталға инвестициялар, барлығы	7 762,3	1 326,31	4 571,12	446,19	1 418,69
Туризм бойынша	149,56	42,64	92,55	4,96	9,41
2017					
Негізгі капиталға инвестициялар, барлығы	8 770,57	1 432,80	5 959,29	637,20	741,27
Туризм бойынша	204,63	56,78	102,54	25,01	20,29
2018					
Негізгі капиталға инвестициялар, барлығы	11 179,04	1 421,16	8 177,42	704,83	875,63
Туризм бойынша	296,34	54,68	217,06	14,70	9,9
2019					
Негізгі капиталға инвестициялар, барлығы	12 576,79	1 527,04	9 803,54	414,23	831,98
Туризм бойынша	304,28	68,90	202,42	10,86	22,10
2020					
Негізгі капиталға инвестициялар, барлығы	12 270,14	2 351,43	8 432,19	286,77	1 199,75
Туризм бойынша	494,28	123,87	343,90	10,79	15,72
2021					
Негізгі капиталға инвестициялар, барлығы	13 242,23	2 071,30	9 362,77	345,37	1 462,79

22 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Туризм бойынша	438, 23	81, 96	320, 22	12, 59	23, 46
2022					
Негізгі капиталға инвестициялар, барлығы	15 064, 43	2 340, 19	11 083, 23	323, 55	1 317, 46
Туризм бойынша	380, 26	124, 28	235, 15	10, 91	9, 91
2023					
Негізгі капиталға инвестициялар, барлығы	17 649, 31	2 936, 59	12 744, 56	516, 55	1 451, 61
Туризм бойынша	459, 53	199, 76	237, 54	9, 87	12, 36
2024					
Негізгі капиталға инвестициялар, барлығы	19 374, 97	4 098, 38	12 487, 86	741, 44	2 047, 29
Туризм бойынша	484, 89	200, 72	231, 03	15, 47	37, 67
Ескертпе – кесте автормен [221] дереккөз негізінде құрастырылған					

Талданып отырған кезеңде Қазақстандағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі тұрақты өсуді көрсетті: 2015 жылы 7,0 трлн теңгеден 2024 жылы 19,4 трлн теңгеге дейін. Инвестиция көлемі 2015 жылы 162 млн теңгеден 2024 жылы 485 млн теңгеге дейін ұлғайған туристік секторда да осындай оң динамика байқалады.

2015-2024 жылдардағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінен туризмге салынған инвестициялардың үлесін талдау салаға қалыпты, бірақ тұрақты назар аудара отырып, 1,9–4,0% ауытқуды көрсетті (25 сурет).



Сурет 25 – 2015-2024 жылдардағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінен туризмге салынған инвестициялардың динамикасы

Ескертпе – сурет автормен [220] дереккөз негізінде құрастырылған

Инвестиция үлесінің шыңы 2020 жылы 4,03% болды, бұл COVID — 19 пандемиясы кезіндегі мемлекеттік қолдау шараларымен және инфрақұрылымдық туристік жобаларға белсенді инвестициялармен байланысты болуы мүмкін.

2021 жылдан бастап сектор үлесінің 2024 жылы 2,5% - ға дейін салыстырмалы түрде төмендеуі байқалды. Бұл төмендеу жалпы экономикаға инвестициялардың жалпы көлемі туризмге қарағанда жоғары қарқынмен өскендігімен, сондай-ақ капиталды көп қажет ететін салаларға (құрылыс, көлік және т.б.) назар аударумен түсіндіріледі. 2022 жылдан 2024 жылға дейін туризмге инвестициялардың үлесі 2,5–2,6% шегінде тұрақтанды, бұл салаға тұрақты қызығушылықтың нығаюын және одан әрі өсу үшін әлеуетті базалық платформаны көрсетуі мүмкін.


Қаржыландыру көздерінің құрылымы бойынша көрсеткіштердің динамикасы 26 суретте көрсетілген: бюджет қаражаты, меншікті қаражат, банктік несиелер және басқа да қарыз қаражаттары.

Туристік салаға бюджеттік салымдар үлесінің айтарлықтай өсуі 2020 жылдан бастап байқалады: 2015 жылы 75,9 млн теңгеден 2024 жылы 200,7 млн теңгеге дейін. Бұл туристік инфрақұрылымды мемлекеттік қолдауды және өңірлік туризмді дамытуды көрсетеді.

Туризмге инвестициялардың негізгі көзі инвесторлардың меншікті қаражаты болып қала берді. Кезең бойы олар ауытқып отырды, бірақ жалпы алғанда жоғары деңгейде — 2015 жылы 76,1 млн теңгеден 2024 жылы 231,0 млн теңгеге дейін ұстап, бизнестің туристік объектілерді дамытуға тұрақты қызығушылығын көрсетті.

Банктік несиелер арқылы қаржыландыру төмен деңгейде қалды. Ең үлкен көлем 2017 жылы тіркелді (25,0 млн теңге), кейінгі жылдары көлемі 9-15 млн теңге шегінде ауытқып отырды, бұл туристік бизнес субъектілерінің банктік несиелеуге шектеулі қолжетімділігін көрсетуі мүмкін.

Басқа қарыз қаражаттарының көлемі 2015 жылы 4,6 млн теңгеден 2024 жылы 37,7 млн теңгеге дейін өзгерді. Бұл көздің ең маңызды өсуі соңғы екі жылда байқалады, бұл инвестицияның балама түрлерін тартуды көрсетуі мүмкін.



Сурет 26 – Инвестиция құрылымы бойынша көрсеткіштер динамикасы, МЛН ТТ

Ескертпе – сурет автормен [220] дереккөз негізінде құрастырылған


Осылайша, соңғы он жылда туризм саласындағы инвестициялық белсенділіктің абсолютті түрде де, қаржыландыру көздерінің құрылымында да тұрақты өсуі байқалады. 2020 жылдан кейін жалпы инвестиция үлесінің салыстырмалы түрде төмендеуіне қарамастан, туристік сектор өзінің маңыздылығын сақтайды. Оның позициясын одан әрі нығайту Белсенді мемлекеттік қолдау және туристік аймақтар мен жобалардың инвестициялық тартымдылығын арттыру жағдайында мүмкін болады.

Осыған байланысты республиканың қай облыстары инвестициялық ресурстарды тартуда барынша белсенділік пен серпінді көрсететінін бағалауға мүмкіндік беретін туризм саласына инвестициялардың өңірлік құрылымы ерекше қызығушылық тудырады.

Талдау үшін 2015 және 2024 жылдардағы деректер таңдалды — онжылдық кезеңнің бастапқы және соңғы кезеңдері, бұл өңірлер арасында инвестицияларды бөлудегі өзгерістерді байқауға және жергілікті жерлерде саланы дамытудың неғұрлым перспективалы бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

27 суретте он жыл ішінде туризмге инвестиция көлемі Алматы қаласынан басқа барлық өңірлерде айтарлықтай өскенін көруге болады. Қала бойынша инвестициялық көлем 27,5% - ға төмендеп, 2024 жылы 38 435 736 теңгені құрады. Кейбір аймақтар инвестициялардың бірнеше есе өскенін көрсетті. Мысалы, Ақмола облысында 2015 жылғы 7,3 млн-нан 2024 жылы 29,1 млн — ға дейін (4 еседен астам); Жамбыл облысы 3,5 млн-нан 19,3 млн-ға дейін – 82% - ға

жуық өсім; Қызылорда облысы 7,3 млн-нан 25,7 млн-ға дейін және соңғысы Солтүстік Қазақстан облысы 10 есеге жуық өсім. Бірақ 2024 жылы Астана қаласы — 70,8 млн теңге; Түркістан облысы — 79,2 млн теңге; Алматы облысы — 45,8 млн теңге көшбасшы болды.



Сурет 27 – Туризмге 2015 және 2024 жылдарға арналған инвестициялардың өңірлік көлемі, млн тг

Ескертпе – сурет автормен [220] дереккөз негізінде құрастырылған

Суретте жаңадан құрылған облыстар – Абай, Жетісу, Ұлытау бейнеленген. 2015 жылы олар бойынша деректер жоқ болғанына қарамастан, 2024 жылы олар белгілі бір инвестиция көлемін көрсетіп отыр: Абай — 10,1 млн теңге, Жетісу — 11,9 млн теңге, Ұлытау — 3,8 млн теңге. Осылайша, 2024 жылы Ұлытау облысындағы еден инвестициясының ең аз көлемі тіркелген.

Өңірлік талдау соңғы он жылда туризм саласына инвестициялардың өсуі жүйелі сипатқа ие екенін және еліміздің барлық дерлік салаларын қамтитынын растайды. Бұл ретте туристік әлеуеті жоғары өңірлерде ресурстардың

шоғырлануы, сондай-ақ жаңа облыстар есебінен инвестициялар географиясының кеңеюі байқалады. Бұл деректер әрбір өңірдің әлеуетін және ұлттық туристік стратегияның басымдықтарын ескере отырып, туризмді дамытудың одан әрі аумақтық теңдестірілген саясатының қажеттілігін растайды.

Қазақстанның туристік саласындағы 2015-2024 жылдардағы инвестициялық белсенділікті талдау жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту перспективалары тұрғысынан бірқатар қағидатты тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Инфрақұрылымға, орналастыру объектілеріне және саланы цифрландыруға салымдарды қоса алғанда, инвестициялардың жалпы көлемінің орнықты өсуіне қарамастан, бұл қаражаттың қандай үлесі жастар бастамаларын қолдауға тікелей бағытталғанын айқындау мүмкін емес, өйткені статистикалық деректер инвестицияланатын субъектілердің жасына қарай сараланбайды.

Сол сияқты, ресми инвестициялық статистикада жобалардың инновациялылығына байланысты жіктеу жоқ, бұл бағытталған инвестициялардың Туризмдегі жастардың инновациялық кәсіпкерлігі үшін ортаны қалыптастыруға қаншалықты ықпал ететінін бағалауды қиындатады.

Қаржыландыру көздерінің құрылымдық талдауы мемлекеттік қолдау үлесінің едәуір ұлғаюына қарамастан (оның ішінде бюджеттік бағдарламалар, субсидиялау және кепілдік беру құралдары есебінен) инвестициялардың негізгі көлемі кәсіпкерлердің өз қаражаты есебінен қамтамасыз етілуін жалғастыратынын көрсетті. Бұл, бір жағынан, бизнес тарапынан бастамашылық пен өзін — өзі қаржыландырудың жоғары деңгейін, екінші жағынан, жастардың сыртқы капиталға, әсіресе инновациялық және стандартты емес туристік форматтағы қолжетімділігіне сақталып отырған кедергілер туралы куәландырады.

Қорытындылай келе, туристік сала кірудің салыстырмалы түрде төмен шегімен, жоғары серпінділігімен және цифрлық шешімдерді енгізу мүмкіндігімен ерекшеленеді, бұл оны жастардың инновациялық кәсіпкерлігі үшін тартымды етеді. Алайда, қазіргі кезеңде Туризмдегі жастар стартаптарына бағытталған мамандандырылған инвестициялық құралдар заңнамада және іс жүзінде ұсынылмаған. Бұл жастардың инвестиция тарту және өз жобаларын кеңейту мүмкіндіктерін шектейді. Осыған байланысты қолдаудың инвестициялық құрамдас бөлігін, оның ішінде стартап-гранттар, сондай-ақ туризм саласындағы инновациялық жобалар үшін салықтық ынталандырулар жасау арқылы күшейту қажет.

Қазақстанда жастардың инновациялық кәсіпкерлігін қолдау мен дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық тетігіне жүргізілген талдау елімізде жастар арасында кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға бағытталған базалық институционалдық және нормативтік-құқықтық инфрақұрылым қалыптасқанын көрсетті. Атап айтқанда, мамандандырылған Мемлекеттік бағдарламалар жұмыс істейді, қаржылық және қаржылық емес қолдау шаралары көзделген, қарыздар бойынша субсидиялар мен кепілдіктер беретін даму институттары («Даму» қорын қоса алғанда) белсенді жұмыс жасайды.

Тетіктің орнықтылығын қамтамасыз ететін маңызды алғышарттардың бірі – кәсіпкерліктің жалпы мәселелерін ғана емес, сонымен қатар жастар және инновациялық қызметтің жекелеген аспектілерін реттейтін нормативтік-құқықтық базаның болуы. Дегенмен, жүргізілген талдау қолдау құралдарының өзара үйлестіру деңгейі жеткіліксіз екенін және тетіктің көптеген элементтері бір-бірінен оқшау түрде іске асатынын, әсіресе, өңірлік деңгейде фрагментті сипат басым екенін көрсетті.

Ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктің экономикалық құрамдас бөлігі қаржыландырудың мемлекеттік көздері және жеке инвестицияларды тарту арқылы іске асырылады. Бұл ретте «Даму» қорының құралдары елеулі рөл атқарады, алайда кепіл талаптарының қатаңдығы, кәсіпкерлік тәжірибенің жеткіліксіздігі және ақпаратқа қолжетімділіктің шектеулі болуы салдарынан олар жас инноваторлар үшін әрдайым бірдей қолжетімді бола бермейді.

Сонымен қатар, жастардың инновациялық кәсіпкерлігін қолдаудың ұйымдық-экономикалық тетігін талдау барысында тек қаржылық құралдарды (кредиттер, гранттар, субсидиялар, кепілдіктер, инвестициялар) ғана емес, сонымен қатар жастар жобаларын даярлау және қолдауды жүзеге асыруға дейін «жеткізуді», қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық құрамдас бөлікті де қарастыру орынды болып табылады. Олар: оқыту, консалтингтік және менторлық (тәлімгерлік) қолдау, акселерациялық және инкубациялық бағдарламалар, құзырет орталықтары және стартаптарды сүйемелдеу қызметі. Қазақстанда бұл логика экожүйелік құралдар мен даму институттары арқылы, атап айтқанда, кәсіпкерліктің негіздеріне оқытуды, кеңес беруді және бастаушы кәсіпкерлерді сүйемелдеуді көздейтін «Атамекен» ҰКП қарамағындағы «Бастау Бизнес» жобасы арқылы іске асырылады; бұл ретте бизнес-жобаларды даярлау және қаржыландыруды тартуға дайындықты арттыруға басымдық береді. Сондай-ақ инфрақұрылымдық контурдың (жастар ресурстық орталықтары, бизнес-инкубаторлар, технопарктер) рөлі зор, өйткені ол жұмыс кеңістіктеріне, сараптамалық сүйемелдеуге және инвестиция тарту мүмкіндіктеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Қолдаудың нәтижелілігі қаржыландыру мен ұйымдық-инфрақұрылымдық тетіктердің (оқыту, тәлімгерлік, консалтинг, акселерация/инкубация, инфрақұрылым және сүйемелдеу) үйлесіміне байланысты, бұл жүйе ретінде ғана жастардың инновациялық жобаларының кешенді дамуына ықпал етеді. Сонымен бірге, жастар инновациялық кәсіпкерлікке қатысу деңгейі қолдау инфрақұрылымына, білім беру және акселерациялық бағдарламаларға қол жеткізудің ашық арналарының болуына, сондай-ақ жастардың күн тәртібін жалпыұлттық стратегиялық құжаттарға интеграциялау дәрежесіне тікелей байланысты екенін атап өткен жөн.

Осылайша, Қазақстанда жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту үшін берік іргетас қаланды деген қорытындыға келуге болады, алайда оның тиімділігін арттыру үшін: экожүйеге қатысушылар арасындағы үйлестіруді күшейту; қаржыландыруға кедергілерді жою; өңірлік қолдау платформаларын дамыту; сондай-ақ іске асырылып жатқан шаралардың нәтижелілігін мониторингтеу және бағалау тетіктерін жетілдіру талап етіледі.

3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТУРИСТТІК САЛАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ЖАСТАР ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМУЫ БАҒЫТТАРЫ

3.1 Туристік саланың бәсекеге қабілеттілігінің факторы ретінде жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамытудың кәсіпкерлік экожүйесін қалыптастыру

Кәсіпкерлік экожүйе туралы қазіргі түсінік бірқатар зерттеулердің нәтижесінде қалыптасты, бұл зерттеулер кәсіпкерлік ортаның тек экономикалық және институционалдық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени факторлардың да маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Халықаралық деңгейде кеңінен дәйектелген Айзенберг (Isenberg, 2011) жаңа фирмаларды құру мен дамыту табыстылығын айқындайтын өзара байланысты алты негізгі доменді алғашқылардың бірі болып атап көрсетті: қоғамның мәдениеті мен құндылықтары, мемлекеттік саясат пен көшбасшылық сапасы, қаржыландырудың алуан түрлеріне қолжетімділік, адами капиталдың деңгейі мен құрылымы, нарықтардың жай-күйі, сондай-ақ институттардың тармақталған жүйесі [222].

Кесте 23 – Д. Айзенбергтің (Isenberg, 2011) кәсіпкерлік экожүйесінің құрылымы мен компоненттері

Домен	Ішкі компоненттер	Экожүйедегі рөлі
1	2	3
1.Саясат (Policy)	- Көшбасшылық (Leadership): визионерлік көшбасшылық, ұлттық және жергілікті билік тарапынан қолдау, рөлдік модельдер, табысты кәсіпкерлердің ерікті қатысуы; - Мемлекет (Government): кәсіпкерлікке қолайлы нормативтік орта, бизнесті бастау оңайлығы, салықтық ынталандырулар, мемлекеттік ҒЗТҚЖ, меншік құқықтарын қорғау, келісімшарттардың орындалуы	Бұл домен институционалдық және басқару жағдайларын сипаттайды. Кәсіпкерлік ойлау қабілеті бар көшбасшылар мен мемлекеттік қолдау бизнесті бастау мен жүргізуге ынталандырады. Реттеуші орта (салық, құқықтарды қорғау, мемлекеттік қызметтерге қолжетімділік) «кіру шегін» белгілейді және инвестициялық ахуалға әсер етеді.
2.Қаржы (Finance)	Жеке жинақтар мен отбасылық көмек; Бизнес-періштелер; Жеке капитал және венчурлік қаржыландыру; Микронесиелер; Банктік несиелер; Үлескерлік және қарыздық қаржыландыруға қолжетімділік	Қаржыландыру көздерінің қолжетімділігі — кәсіпкерлікті бастау мен кеңейтудің негізгі факторларының бірі. Қаржылық құралдар қаншалықты әртүрлі болса, стартаптар мен инновациялық топтардың нарыққа шығу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.
3.Мәдениет пен құндылықтар (Culture)	- Әлеуметтік нормалар (Societal norms): тәуекел мен сәтсіздікке төзімділік, өршілдік, кәсіпкерлерге құрмет, жетістікке ұмтылу, әлеуметтік мәртебе; - Табысты оқиғалар (Success stories): жарқын мысалдар, жергілікті рөлдік модельдер, кәсіпкерліктің заңды мансап жолы ретінде мойындалуы	Мәдени орта кәсіпкерліктің қоғамдағы заңдылығын анықтайды. Егер бизнес қауіпті немесе «беделсіз» сала деп саналса, экожүйе нашар дамиды. Табысты оқиғалар мен жергілікті үлгі боларлық тұлғалар жаңа қатысушыларды, әсіресе жастарды ынталандырады.

23 – кестенің жалғасы

1	2	3
4. Институционалдық және кәсіби қолдау (Supports)	<p>- Кәсіби қызметтер (Support professions): заңгерлер, есепшілер, кеңесшілер, банк қызметкерлері, техникалық мамандар;</p> <p>- Инфрақұрылым (Infrastructure): телекоммуникация, логистика, арнайы экономикалық аймақтар, инкубаторлар, кеңсе кеңістігі;</p> <p>- Мемлекеттік емес институттар (Non-Government Institutions): конференциялар, байқаулар, кәсіби бірлестіктер, кәсіпкерлік клубтар, қорлар, БАҚ, жеке білім беру провайдерлері, сауда-өнеркәсіп палаталары</p>	<p>Бұл домен кәсіпкерлерге ұйымдастырушылық және қолданбалы қолдау көрсетуді қамтиды. Оған инфрақұрылым (технопарктер, ресурстар, кеңселер), кәсіби қызметтер (кеңесшілер, заңгерлер), сондай-ақ бейресми орта (форумдар, БАҚ, клубтар) кіреді. Олардың рөлі — кедергілерді азайту, білім тарату, байланыс орнату және сенімділік қалыптастыру.</p>
5. Адами капитал (Human Capital)	<p>- Жұмыс күші (Labor): білікті және біліксіз жұмыс күші, еңбек этикасы;</p> <p>- Білім беру (Education): жалпы білім беру, кәсіпкерлікке оқыту, техникалық дайындық</p>	<p>Еңбек ресурстары мен білім сапасы экожүйенің тұрақты әрі инновациялық бизнестерді құру қабілетін анықтайды. Тек біліктілік қана емес, сонымен қатар еңбекке көзқарас, кәсіпкерлік ойлау мен ЖОО, колледждер мен бизнес-мектептердегі тәжірибелік бағыттағы бағдарламалардың болуы да маңызды.</p>
6. Нарықтар мен сұраныс (Markets)	<p>- Алғашқы тұтынушылар (Early customers): жаңашыл тұтынушылар, корпоративтік клиенттер, мемлекеттік сатып алулар;</p> <p>- Желілер (Networks): іскерлік қауымдастықтар, диаспора желілері, тәлімгерлер, кеңесшілер, серіктестер</p>	<p>Бұл домен тікелей сұранысты (тұтынушылардың жаңалықты қабылдауға дайындығы) және іскерлік байланыстарды (тарату арналары, серіктестік, нетворкинг) қамтиды. Кәсіпкерлерге тек клиенттер ғана емес, сонымен қатар өсуге мүмкіндік беретін «қауымдастықтар» қажет. Мемлекеттік сатып алулар да институционалдық сұраныстың бір бөлігі ретінде осы доменге кіреді.</p>
Ескерту - кесте автомен [221] әдебиет негізінде құрастырылған		

23 кестеде Айзенберг моделінің барлық домендерінің толық сипаттамасы, сонымен қатар сәйкес ішкі компоненттері мен олардың функциялық жүктемелері келтірілген. Мұндай тәсіл экожүйені көп өлшемді құрылым ретінде тұжырымдауға ғана емес, сонымен қатар, оны өңірлік немесе салалық контексте, атап айтқанда, Қазақстандағы туристік саладағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту жағдайларына неғұрлым дәл бейімдеуге мүмкіндік береді.

Бірінші домен — «Саясат» — стратегиялық көшбасшылықты да, бизнесті жүргізуге қажетті құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайларды қамтамасыз ететін реттеуші ортаны да қамтиды. Бұл мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігімен, тіркеудің жеңілдігімен, меншік құқықтарының қорғалуы

және кәсіпкерлік бейнесін қалыптастырудағы пікір көшбасшыларының қатысуымен көрініс табады.

Екінші домен — «Қаржы» — капиталға қол жеткізудің алуан түрлі формаларын қамтиды: жеке және отбасылық ресурстардан бастап венчурлік және банктік қаржыландырудың күрделі құралдарына дейін. Бұл доменнің дамуы, әсіресе бастапқы капиталы жоқ стартаптар мен жастар кәсіпкерлігі үшін ерекше маңызды.

Үшінші домен — «Мәдениет пен құндылықтар» — кәсіпкерліктің қоғамдық қабылдануын қалыптастыруға жауап береді. Мұнда тәуекелге төзімділік, өзін-өзі іске асыруға ұмтылыс, жағымды рөлдік модельдердің болуы және кәсіпкерліктің мансап жолы ретінде мәдени тұрғыда мойындалуы сияқты элементтер маңызды рөл атқарады.

Төртінші домен — «Институционалдық және кәсіби қолдау» — тек инфрақұрылымдық және сервистік компоненттерді (бизнес-инкубаторлар, кеңсе алаңдары, логистика) ғана емес, сондай-ақ кәсіби қауымдастықтар, клубтар, байқаулар, БАҚ және жеке білім беру ұйымдары сияқты бейресми институттарды да біріктіреді. Олардың үлесі — іскерлік ахуалды қалыптастыру, білімді тарату және нарыққа кіру кедергілерін төмендету.

Бесінші домен — «Адами капитал» — еңбек ресурстары мен білім беру жүйесінің сапасын көрсетеді. Ол формалды (білім беру) және бейформалды (мотивация, еңбекке деген көзқарас) аспектілерді қамтиды, олар бизнесті құру, басқару және дамыту қабілетіне ықпал етеді.

Алтыншы домен — «Нарықтар мен сұраныс» — жаңа өнімдермен өзара әрекеттесуге дайын тұтынушылардың (әсіресе алғашқы тұтынушылар – *early adopters*) болуын, сондай-ақ іскерлік желілердің, серіктестіктер мен тарату арналарының болуын қамтиды. Нарық — бұл тек өткізу орны ғана емес, сондай-ақ даму, алмасу және масштабтау ортасы.

Осылайша, Д. Айзенберг моделі — кәсіпкерлік экожүйені өзара байланысты домендердің жиынтығы ретінде қарастыратын талдаудың тұжырымдамалық негізі. Бұл модель өз әмбебаптығы мен әртүрлі әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі елдерге талдауға қолайлы болуының арқасында халықаралық академиялық тәжірибеде кеңінен қолданыс тапты.

Кәсіпкерлік экожүйелер тұжырымдамасы одан әрі бірнеше зерттеушілердің еңбектерінде зерттеліп, теориялық шеңбері кеңейтіліп, кеңістіктік, институционалдық және әлеуметтік ерекшеліктерге баса назар аударылды. Кейінірек Стам (Stam, 2015) бұл тұжырымдаманы дамыта отырып, өңірлердің тарихи және географиялық ерекшеліктеріне назар аударды және әрбір «кәсіпкерлік өзек» (*entrepreneurial core*) өзіндік эволюция мен ерекше акторлар конфигурациясының ықпалымен қалыптасатынын көрсетті. [223]. Майсон мен Браунның (Mason & Brown, 2014) зерттеулері қолайлы экожүйенің кәсіпкерлердің бизнесті кеңейту және инновацияны енгізу қабілетіне тікелей әсер ететінін растады. [224], ал Спигел (Spigel, 2017) «экожүйенің әлеуметтік капиталы» ұғымын енгізіп, кәсіпкерлік қауымдастық ішіндегі көлденең байланыстардың жеткіліксіздігі мен институционалдық синергияның болмауы

жағдайында, тіпті экожүйе қаржылық құралдармен және дамыған инфрақұрылыммен қамтамасыз етілсе де, оның ұзақ мерзімді өміршеңдігі қамтамасыз етілмейтінін дәлелдеді [225].

Соңғы онжылдықта экожүйелерді, соның ішінде туризм саласын жандандыру мен жаңғыртуға жастардың қалай ықпал ете алатынына ерекше назар аударылуда. Зерттеушілердің пікірінше, цифрлық дәуірде өскен жас кәсіпкерлер тек технологиялық жаңалықтарға жоғары бейімділікпен ғана емес, сонымен қатар икемді әрі креативті бизнес-модельдерге ұмтылысымен де ерекшеленеді (Rahman, 2024) [226]. Новелли (Novelli, 2022) Африка мен Азия елдеріндегі жағдайларды талдай отырып, туризм саласына жастарды тарту туристік қызметтерді әртараптандыруға (оның ішінде VR-технологиялар, онлайн брондау платформалары, цифрлық анықтамалар сияқты) ғана емес, сонымен қатар жаңа жұмыс орындарының ашылуы, инвестиция тарту және мәдени мұраны сақтау арқылы өңірлердің неғұрлым тұрақты дамуын қамтамасыз ететінін атап көрсетеді [227]. Сонымен қатар, бірқатар зерттеулердің деректері бойынша, жас стартаперлер бірқатар күрделі кедергілерге тап болады: өз капиталының жетіспеушілігі, іскерлік байланыстардың шектеулілігі және менторлық мәдениеттің жеткілікті дамымауы. Ал туризм секторында бұл мәселелерге қоса, сұраныстың маусымдылығы да айтарлықтай қиындық туғызады (British Council, 2015) [228]. Дәл осы себептен экожүйені «нақты реттеу» – яғни қолжетімді несие-қаржылық құралдардың, қолдау қызметтерінің, білім беру бағдарламалары мен туристік кластерлердің болуы – жастар инновацияларының өсуін ынталандыруы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: Айзенбергтің (2011) классикалық кәсіпкерлік экожүйе моделі, сондай-ақ оны Стам, Спигел және басқа авторлар еңбектеріндегі интерпретациялары мен нақтыланған түрлері кәсіпкерлік жағдайларын зерделеуге арналған пайдалы талдамалық құралдар жиынтығы болып табылады. Алайда Қазақстандағы туристік саладағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін бағалау мен дамыту үшін бұл тәсілдерді ұлттық статистикаға, өңірлік ерекшеліктерге және кәсіпкерлік субъектілерінің жас құрылымына бейімдеу қажет. Осыған байланысты, осы зерттеуде авторлық кәсіпкерлік экожүйе моделі ұсынылады, ол Айзенберг моделінің құрылымын сақтай отырып, мынадай факторларды ескере отырып елеулі бейімдеуден өтті: отандық әлеуметтік-экономикалық контекст; ресми қолжетімді деректерге сүйену қажеттілігі; туристік саланың ерекшеліктері; жастар кәсіпкерлігінің ерекшелігі (24 кесте).

Кесте 24 – Қазақстан Республикасындағы туристік саладағы жастар инновациялық кәсіпкерлігіне арналған авторлық кәсіпкерлік экожүйе моделі

Бейімделген домен	Ішкі компоненттер	Ғылыми негіздеме (модель, авторлар)	Қазақстан бойынша көрсеткіштер мен мысалдар
1	2	3	4
1. Мемлекеттік кәсіпкерлік саясат	- Ұлттық және өңірлік бағдарламалар; - Салықтық жеңілдіктер;	Isenberg (2011), Mason & Brown (2014) —	Туризм саласындағы «Даму» АҚ қолдаған жобалар саны; субсидиялар

24 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
1. Мемлекеттік кәсіпкерлік саясат	- Субсидиялар; - Әкімшілік рәсімдерді жеңілдету; - Әкімдіктер мен «Атамекен» ҰКП	реттеуші орта негізгі фактор ретінде	мен кепілдіктер туралы деректер; мемлекеттік бағдарламалар тізімі
2. Қаржылық қолжетімділік және инвестициялық белсенділік	- Екінші деңгейлі банктер несиелері; - Микроқаржыландыру; - Кепілдендіру бағдарламаларына қатысу; - Жастардың қаржылық құралдарға қолжетімділігі; - Жеке және венчурлік капиталды дамыту	Spigel (2017) — экожүйенің негізгі акторлары үшін капиталдың қолжетімді болуы қажет	Туризм саласындағы субсидияланған несиелердің жалпы көлемі; ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі деректері бойынша микроқаржыландыру ұйымдарының саны; берілген кепілдіктер статистикасы
3. Туризм саласындағы кадрлық және білім беру әлеуеті	- «Туризм» және ұқсас мамандықтар бойынша студенттер мен түлектер саны; - Кәсіпкерлік және цифрлық оқыту бағдарламаларының болуы; - Акселераторлар, инкубаторлар, хакатондар мен менторлыққа қолжетімділік; - ЖОО мен колледждердің туристік индустриямен ынтымақтастығы	Mason & Brown (2014), Stam (2015) — білім мен құзыреттіліктер масштабтаудың драйвері ретінде	«Туризм» мамандығы бойынша ЖОО мен колледж түлектерінің саны; «Бастау Бизнес» жобасына қатысу («Атамекен» ҰКП деректері)
4. Цифрлық трансформация және технологиялық инфрақұрылым	- Интернетке қолжетімділік; - Қызметтерді цифрландыру; - Онлайн платформаларды пайдалану; - Туристік өнімдерге digital құралдарды (VR/AR) енгізу	Spigel (2017) — технологиялар тұрақтылық пен дараландырудың факторы ретінде	Интернетке қолжетімді халықтың үлесі; мемлекеттік қызметтердің цифрлануы бойынша статистика; орналастыру қызметі секторындағы онлайн броньдау кең таралуы
5. Кәсіпкерлік мәдениет және жастардың қызығушылығы	- Жас кәсіпкерлердің табысты мысалдарының болуы; - Бизнеске мансап жолы ретінде әлеуметтік легитимация; - Жастардың байқауларға, стартап-форумдарға, медиа мен блогосфераға қатысуы; - Мотивация, креативтілік және тәуекелге бейімділік	Isenberg (2011), Stam (2015) — мәдени нормалар, табысты оқиғалар мен мотивация рөлі	Кәсіпкерлікпен айналысатын жастар саны; «Жас кәсіпкер», «Бизнес Бастау» байқауларына қатысушылар саны; табысты оқиғалардың БАҚ-та жариялануы
6. Туристік қызметтерге сұраныс және нарықтарға қолжетімділік	- ҚР-дағы ішкі және кіріс туризмінің серпіні; - Туристік өнімдер мен маршруттардың құрылымы; - Маркетинг пен өткізуге жастар кәсіпкерлерінің қатысуы	Mason & Brown (2014) — нарықтық база масштабтаудың шарты ретінде	Ішкі және кіріс туризм бойынша туристер саны; орналастыру орындары мен қызмет көрсетілген тұлғалар саны; өңірлік туристік ағын үлестірілімі
7. Өңірлік қолжетімділік және институционалдық қамту	- Қолдау бағдарламаларының өңірлік қамтуы; - Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының, инкубаторлардың болуы; - Цифрлық және логистикалық теңсіздік; - Кейбір өңірлердің нашар қамтылуы	Stam (2015), Spigel (2017) — экожүйені теңгерімді қамтудың маңызы	«Даму» АҚ қолдаған жобалардың өңірлік үлестірілімі; «Атамекен» деректері бойынша кәсіпкерлік қызмет көрсету орталығы; мемлекеттік қолдаудың өңірлік қамтылуы бойынша статистика
Ескертпе – кесте автормен көрсетілген әдебиеттер негізінде құрастырылған			

Кестеде ұсынылған авторлық кәсіпкерлік экожүйе моделі Д. Айзенбергтің (Isenberg, 2011) алты негізгі доменнен тұратын құрылымына және Стам (Stam, 2015), Спигел (Spigel, 2017), Мейсон мен Браун (Mason & Brown, 2014) еңбектерінде ұсынылған тұжырымдамалық нақтылауларға сүйене отырып әзірленді. Бұл модель Қазақстан Республикасының жағдайына бейімделген және туризм саласындағы жастар кәсіпкерлігін бағалау мен стратегиялық дамыту мақсатында жасалған.

Модельде барлығы жеті домен бөлініп көрсетілген. Олардың әрқайсысы жастардың кәсіпкерлік бастамаларын дамытуға жағдай жасайтын негізгі құрылымдық элементтерді бейнелейді. Бұл модель әмбебап теориялық сұлбалардан айырмашылығы — Қазақстандағы қолжетімді ресми статистикалық деректерге, мемлекеттік қолдау тәжірибесіне және туризм саласындағы институционалдық ортаға бағдарланған.

1. Мемлекеттік кәсіпкерлік саясаты. Бұл домен шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған институционалдық-нормативтік базаны сипаттайды. Оның құрамына ұлттық және өңірлік бизнеске қолдау бағдарламаларының іске асырылуы, салықтық жеңілдіктер жүйесі, әкімшілік рәсімдерді жеңілдету шаралары және «Атамекен» ҰКП мен жергілікті атқарушы органдардың қатысуы сияқты ішкі компоненттер кіреді. Бұл домен Айзенберг моделіндегі Policy санатына сәйкес келеді, алайда Қазақстан жағдайында ол мемлекеттік басқару жүйесінің ерекшеліктері мен өңірлік даму бағдарламаларымен тығыз байланыс арқылы кеңейтіледі.

2. Қаржылық қолжетімділік және инвестициялық белсенділік. Екінші домен — туризм саласындағы жастар кәсіпкерлері үшін түрлі қаржыландыру көздерінің бар болуы мен қолжетімділігін қамтиды: субсидияланған несиелер, микронесиелеу, кепілдендіру құралдары, сондай-ақ жеке инвесторлар мен венчурлік қорлардың қатысуы. Бұл элемент маңызды, өйткені Спигелдің (2017) пайымдауынша, қаржылық құралдардың болуы олардың барлық топтар үшін қолжетімді екенін білдірмейді — әсіресе кепілзаты мен кредиттік тарихы жоқ жастар үшін. Айзенбергтің Finance доменіне сәйкес келе отырып, бұл жерде ерекше назар жастардың қаржылық тетіктерге қосылуына аударылады.

3. Туризм саласындағы кадрлық және білім беру әлеуеті. Үшінші доменге кәсіби білімнің болуы (қолданбалы және техникалық бағыттармен бірге), туризм, цифрлық технологиялар және кәсіпкерлік салаларындағы мамандарды даярлау, сондай-ақ кәсіптік бағдар мен тәжірибе алмасу бағдарламалары кіреді. Бұл домен Айзенберг моделіндегі Human Capital санатына сәйкес келеді және Мейсон мен Браунның (2014) стартаптардың масштабталу әлеуеті жөніндегі тұжырымдамасымен байланысты, онда құзыретті және дайындалған командалардың тұрақты өсу үшін маңыздылығы атап көрсетілген.

4. Цифрлық трансформация және технологиялық инфрақұрылым. Кәсіпкерлік пен туризмді цифрландыру инновациялық жобаларды іске қосу мен дамыту үшін шешуші шартқа айналып отыр. Бұл доменге интернетке қолжетімділік, цифрлық мемлекеттік қызметтер, ұлттық және халықаралық онлайн-платформалардың болуы, сондай-ақ туристік өнімдерге AR/VR

технологияларын енгізу сияқты ішкі компоненттер кіреді. Ол Айзенберг моделіндегі Support Systems санатымен және Спигелдің (2017) экожүйенің элеуметтік капиталы ұғымымен сәйкес келеді, әсіресе инновацияны ілгерілетуге және шешімдерді масштабтауға ықпал ететін платформалар тұрғысынан.

5. Кәсіпкерлік мәдениет және жастардың тартылуы. Бұл доменге келесі элементтер кіреді: кәсіпкерліктің құндылық ретінде қоғамдық мойындалуы, жергілікті рөлдік модельдердің болуы, жастардың конкурстарға, акселерация бағдарламаларына қатысуы және бизнеске ынталандыратын мотивациялық тетіктер. Бұл элемент Айзенберг моделіндегі Culture доменін бейнелейді және кәсіпкерлік экожүйелер жөніндегі әдебиетте жаңа акторлардың пайда болуы үшін қолайлы орта қалыптастырудың кілті ретінде жиі атап көрсетіледі.

6. Туристік қызметтерге сұраныс және нарықтарға қолжетімділік. Бұл домен ішкі және кіріс туризм динамикасын, жас кәсіпкерлердің нарыққа шығу мүмкіндігін, турөнім әзірлеу және оны жылжыту бойынша іс-шараларға қатысуын қамтиды. Ол Айзенберг моделіндегі Markets санатына сәйкес келеді, бірақ мұнда назар Қазақстанның туристік контекстіне бағытталған. Әсіресе ішкі туризмнің сұраныс көзі ретіндегі маңыздылығы ерекше аталып өтеді, өйткені бұл бастаушы кәсіпкерлер үшін неғұрлым қолжетімді сегмент.

7. Өңірлік қолжетімділік және институционалдық қамту (Авторлық домен). Бұл домен Айзенберг моделіне қосымша ретінде ұсынылған және Қазақстанның географиялық ауқымы кең, ресурстары теңгерімсіз бөлінген ел ретіндегі ерекшелігін көрсетеді. Бұл доменге келесі компоненттер кіреді: мемлекеттік қолдау бағдарламаларының өңірлік қамтуы, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары мен инкубаторлардың болуы, цифрлық және көлік инфрақұрылымына қолжетімділік деңгейі. Бұл домен Стам (2015) және Спигел (2017) еңбектеріне негізделген, онда экожүйенің «теңгерімді институционалдық қамтылуы» маңызды рөл атқаратыны көрсетілген. Диссертациялық зерттеудегі ғылыми жаңалықтың негізгі элементтерінің бірі ретінде дәл осы доменнің модельге енгізілуі ұсынылады.

Барлық аталған домендер өзара байланысқан жүйені құрайды, ол 28 суретте көрсетілген. Ұсынылған сұлба авторлық модельдегі негізгі домендердің өзара байланысын визуалды түрде көрсетеді. Аналитикалық кестеден айырмашылығы — мұнда домендер логикалық тұрғыдан жеке блоктар ретінде емес (халықаралық модельдер мен статистикалық құрылымға ұқсас), экожүйе элементтерінің динамикалық өзара әрекеттесу логикасы мен функционалдық тәуелділігі ретінде бейнеленеді.

Сұлбаның бастапқы орталық орнында «Мемлекеттік кәсіпкерлік саясат» домені орналасқан, себебі дәл осы мемлекеттік саясат бүкіл жүйенің жұмыс істеу шеңберін анықтайды: субсидиялар мен кепілдіктерге қолжетімділікті реттейді, білім беру және цифрлық бағдарламалардың дамуына ықпал етеді, нарыққа кіру тәртібін айқындайды. Бұл домен үш негізгі ресурстық компонентке бастапқы ықпал етеді: қаржыландыру, кадрлық және білім беру, цифрлық трансформация және техно-инфрақұрылым.

Аталған үш домен параллельді әрі өзара байланысты логика бойынша әрекет етіп, туризм саласында бизнес бастауға ұмтылған жастар үшін «мүмкіндіктер өзегін» құрайды. Мысалы, цифрлық платформалар білім беру нәтижелерін күшейтеді, ал жеңілдетілген несиелерге қолжетімділік акселерациялық бағдарлама аясында алынған бизнес-идеяны жылдам іске қосуға мүмкіндік береді.

Келесі кезең — кәсіпкерлік мәдениеттің қалыптасуы және жастардың мотивациясы. Бұл жерде рөлдік модельдердің, конкурстардың, табысты кейстердің және кәсіпкерлікті мансаптық өзін-өзі жүзеге асырудың заңды жолы ретінде мойындаудың маңызы зор.

Қалыптасқан мәдениет пен құзыреттер негізінде жастар туристік қызметтер нарығына шыға бастайды. Дәл осы сатыда олардың бастамаларының өміршеңдігі айқындалады: төлем қабілеті бар сұраныстың болуы, өнімді ілгерілету арналарына қолжетімділік, маусымдылық және ұсыныстың қанықтылығы.



Сурет 28 – Туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлік экожүйесінің авторлық моделі

Ескертпе – сурет автормен құрастырылған [229]

Модельде «Өңірлік қолжетімділік және институционалдық қамту» доменінің ерекше орны бар — ол төменгі бөлікте орналасқан және барлық басқа компоненттер үшін қолжетімділік факторы әрі шектеуші ретінде көрініс табады. Бұл домен аймақтарда қолдау инфрақұрылымының теңсіз бөлінуі, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары, инкубаторлар мен цифрлық қызметтердің болмауы жағдайында жастар экожүйенің бүкіл тізбегінен тыс қалуы мүмкін екенін көрсетеді. Осылайша, аумақтық фактор — бүкіл модельдің тиімділігіне ықпал ететін жүйелік айнымалы ретінде қарастырылады.

Жалпы алғанда, сұлба кәсіпкерлік экожүйенің жай ғана шарттар жиынтығы емес, бір-бірімен тығыз байланысқан құрылым екенін көрсетеді: бір доменнің әсері басқалардың әлеуетін күшейтіп те, тежеуі де мүмкін. Егер кестеде домендердің аналитикалық мазмұны мен көрсеткіштері сипатталған, ол Қазақстан жағдайында нақты қалай жұмыс істейтінін және өзара байланысқанын түсіндіреді.

Осы зерттеу аясында алғаш рет Қазақстандағы туристік саладағы жастардың инновациялық кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған бейімделген кәсіпкерлік экожүйе моделі ұсынылды. Бар халықаралық модельдерден айырмашылығы — бұл авторлық тұжырымдамаға аумақтық өлшем, салалық ерекшеліктер және Қазақстанның ресми статистикасына сәйкестендірілген көрсеткіштер енгізілді. Мұндай тәсіл экожүйені сапалы талдау мен сандық мониторинг жүргізуге, сондай-ақ өңірлік және салалық деңгейде даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде Айзенберг моделін одан әрі кеңейтіп, оны практикалық бағалау және мемлекеттік бағдарламалық ықпал ету құралына айналдырады.

Модельдің әрбір жеті домені функционалды түрде жеке, бірақ өзара тәуелді рөл атқарады, бұл экожүйеге жастардың бастамаларын қолдауға ғана емес, сонымен қатар ішкі және кіру туризм нарығына бағытталған инновациялық өнімдер мен қызметтерді құруға мүмкіндік береді. Бұл контексте тек мемлекеттік қолдау шаралары мен қаржыландыруға қолжетімділік қана емес, сонымен қатар кәсіпкерлік мәдениеттің дамуы, цифрлық дағдылар, білім беру ортасы және өңірлік ерекшелік шарттары да айрықша мәнге ие. Кәсіпкерлік экожүйенің тиімді жұмыс істеуі барлық негізгі акторлардың үйлесімді өзара іс-қимылынсыз мүмкін емес — оған мемлекеттік органдар, даму институттары, білім беру ұйымдары, бизнес-қауымдастықтар мен цифрлық платформалар кіреді. Ішкі туризмге деген қызығушылықтың артуы және өңірлік тұрақты дамуға ұмтылыс жағдайында жас кәсіпкерлер саланы жаңғыртудың катализаторына, ал экожүйе — оларды болашақ экономикасына кіріктіру құралына айнала алады.

Кәсіпкерлік экожүйені қалыптастырудың маңызды аспектісі — жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту арқылы туристік саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға тікелей ықпал етуі. Осы зерттеу аясында әзірленген авторлық модель экожүйенің жеті бейімделген домені мен бәсекеге қабілеттілік арасындағы өзара байланысты көрсетеді. Бұл домендер халықаралық рейтингтер көрсеткіштерімен үйлеседі. Атап айтқанда, маңызды халықаралық индикаторлардың бірі — Дүниежүзілік экономикалық форумның Туризм және

саяхат бәсекеге қабілеттілік индексі (WEF Travel & Tourism Competitiveness Index). [230]. Дүниежүзілік экономикалық форумның 2024 жылғы «Саяхат және туризмді дамыту индексінде» (Travel and Tourism Development Index — TTDI) Қазақстан 119 елдің ішінде 52-орынға ие болып, 7 мүмкін балдың 4,07-сін жинады. Бұл көрсеткіш TTDI-2021 жылмен салыстырғанда 14 сатыға (66-орын) және TTDI-2019 жылмен салыстырғанда 28 сатыға (80-орын) жоғары. Республика ең жоғары бағаларды келесі санаттар бойынша алды: баға бойынша бәсекеге қабілеттілік (2-орын), туризмнің әлеуметтік-экономикалық ықпалы (5-орын), денсаулық сақтау және гигиена (23-орын). Бұл рейтингтік көрсеткіштердің жақсаруы, ең алдымен, осы зерттеу аясында әзірленген авторлық модельдің негізгі домендері бойынша ілгерілеумен тікелей байланысты. Атап айтқанда, «Қаржылық қолжетімділік», «Кадрлық және білім беру әлеуеті», сондай-ақ «Кәсіпкерлік мәдениет және жастардың тартылуы» домендері бойынша байқалған оң өзгерістер елдің позициясын арттыруға ықпал етті. TTDI индексіндегі Қазақстанның жоғарылауы — ұсынылған экожүйелік шешімдер мен стратегиялардың тиімділігін эмпирикалық дәлелдейтін фактор болып табылады.

Мысалы, «Цифрлық трансформация және технологиялық инфрақұрылым» домені жас кәсіпкерлерге виртуалды және толықтырылған шындық (VR/AR) технологияларын қоса алғанда, инновацияларды белсенді түрде енгізуге мүмкіндік береді. SAGE Open журналында жарияланған зерттеуге сәйкес, виртуалды туризм туристер үшін бірегей тәжірибе жасау арқылы бәсекеге қабілеттілікке айтарлықтай әсер етеді — бұл олардың туристік бағыттарға бару ниетін арттырады. [231].

«Кадрлық және білім беру әлеуеті» домені де маңызды рөл атқарады. Ол саланы экологиялық және әлеуметтік талаптарға жауап беретін инновациялық туристік өнімдерді әзірлей алатын білікті кадрлармен қамтамасыз етеді. Кадрлық әлеуеттің инновациялық және креативтік сипаты туристік өңірлердің тұрақты дамуына және олардың халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

«Кәсіпкерлік мәдениет және жастардың тартылуы» доменіне сәйкес, жастарды инновацияларға және кәсіпкерлік тәуекелге ынталандыру – бірегей туристік өнімдер жасау мен өңірлік брендті нығайтудың аса маңызды шарты. Кәсіпкерлік мәдениеті – туризм саласына инновацияны тиімді енгізудің кілттік элементі, ал бұл өз кезегінде өңірлік бәсекеге қабілеттілікті тікелей арттырады.

Сонымен қатар, «Қаржылық қолжетімділік және инвестициялық белсенділік» домені жастардың болашағы бар идеялары мен инновациялық жобаларын жүзеге асыруы үшін қаржылық ресурстармен қамтамасыз етудің шешуші факторы болып табылады. Бұл компоненттің маңыздылығы Mason мен Brown (2014) зерттеулерінде атап өтіледі (Entrepreneurship & Regional Development журналында жарияланған), онда инновациялық стартаптардың сәтті масштабталуы үшін қаржыландырудың қолжетімділігі міндетті шарт ретінде көрсетілген. «Өңірлік қолжетімділік және институционалдық қамту» домені кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымына елдің барлық өңірлерінде тең

қолжетімділікті қамтамасыз етіп, туристік кластерлердің біркелкі дамуына мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде Қазақстанның жалпы бәсекеге қабілеттілігін халықаралық деңгейде арттырады. Мұндай өңірлік инклюзия мен инфрақұрылымдық қолдаудың маңыздылығы Stam және Spigel (2017) зерттеулерінде дәлелденген, олар ресурстар мен институционалдық қолдаудың тең бөлінуі тұрақты өңірлік даму үшін маңызды екенін көрсетеді. Осылайша, ұсынылған авторлық экожүйе моделі негізгі шарттар мен ресурстарды жүйелеп қана қоймай, оларды туристік саланың бәсекеге қабілеттілігін арттырумен тікелей байланыстырады, бұл өңірлердің тұрақты және инновациялық дамуын қамтамасыз етеді. Жеті мұқият бейімделген доменге негізделген бұл модель жастар кәсіпкерлігін дамытудағы бар кедергілер мен мүмкіндіктерді кешенді түрде бағалауға, мемлекеттік қолдаудың стратегиялық бағыттарын анықтауға және барлық мүдделі тараптардың тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Модельді енгізудің нәтижесінде Қазақстанның туристік дестинация ретіндегі тартымдылығы артып, өңірлік бәсекелік артықшылықтары күшейеді және жастардың инновациялық кәсіпкерлігінің серпінді әрі тұрақты өсуі үшін қолайлы орта қалыптасады. Болашақта модельдің табысты іске асуы Қазақстанның халықаралық туристік нарықтағы орнын нығайтып, инвестициялық тартымдылықтың артуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына және тұрақты экономикалық даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

3.2 Қазақстан республикасы жастар инновациялық туристік кәсіпкерлігін дамытудың бәсекеге қабілетті стратегиясы әзірлеу

Жүргізілген талдау Қазақстандағы туризм саласының инновациялық дамуына жастар кәсіпкерлігінің шешуші рөл атқаратынын растады. Туризм саласы өз табиғатынан кәсіпкерлік белсенділікке және стартаптардың дамуына айтарлықтай тәуелді, өйткені дәл осы факторлар саланың өсуі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын құру стратегиялық басқарудың классикалық және заманауи ғылыми тәсілдеріне негізделеді. И. Ансоффың (Ansoff, 1965) пайымдауынша, стратегия — бұл сыртқы ортаны жүйелі түрде талдау, мақсаттар қою және ұйымның ұзақ мерзімді қызмет бағыттарын қалыптастыру процесі. А. Чендлердің (Chandler, 1962) еңбектерінде «құрылым стратегиядан кейін жүреді» деген қағида негізделеді: стратегияны қалыптастыру – оны іске асыру үшін қажетті ұйымдық өзгерістерге алғышарт болады.

Г. Минцберг (Mintzberg, 1994) өз әдіснамасында стратегияны тек алдын ала жоспарланған әрекет нәтижесі ретінде ғана емес, сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімделе отырып эволюциялық жолмен қалыптасатын процесс ретінде де қарастырады. Бұл көзқарас жоғары технологиялық және қарқынды дамып жатқан салаларға, соның ішінде инновациялық туристік кәсіпкерлікке де ерекше

өзекті. Қазақстан жағдайында жоспарлы және бейімделгіш стратегия элементтерін үйлестіру қажет. Кәсіпкерлік экожүйелер саласындағы заманауи зерттеулер (Isenberg, 2010) жастар кәсіпкерлігін тиімді қолдау үшін қолайлы орта құрудың маңыздылығын көрсетеді. Ондай орта қаржылық ресурстардың, менторлықтың, білім беру бағдарламаларының, нарықтық мүмкіндіктер мен өзара әрекеттесу желілерінің болуын талап етеді. Туризм саласында бұл қағидалар Волкгер мен Хаухтың (Volgger & Hauck, 2017) еңбектерінде расталады, онда туристік стартаптардың тұрақты дамуы тек кәсіпкерлік экожүйенің кешенді қолдауымен ғана мүмкін екені айтылады.

Осылайша, жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеу келесі теориялық негіздерге сүйенеді (25 кесте): стратегиялық жоспарлау теориясы (Ansoff, 1965; Chandler, 1962); бейімделгіш стратегиялық басқару теориясы (Mintzberg, 1994); кәсіпкерлік экожүйе теориясы (Isenberg, 2011); туризмнің тұрақты дамуы теориясы (Grant, 2004).

Бұл көзқарас даму кезеңдерін, сыртқы орта өзгерістеріне бейімделу икемділігін және жастар бастамаларын кешенді қолдаудың қажеттілігін ескеретін интеграцияланған модельді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда баяндалған теориялық тәсілдерге сүйене отырып, туризм саласындағы жастардың инновациялық кәсіпкерлігіне тән ерекшеліктерді ескере отырып, стратегияны нақты жобалауға көшу орынды.

Қазақстан Республикасында туризм саласындағы жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын іске асыру мерзімі ретінде 2027-2036 жылдар ұсынылады. Мұндай даму стратегиясы басқа елдердің туризмді дамыту стратегияларының эмпирикалық деректеріне де сүйенеді.

Кесте 25 - Стратегия әзірлеу тұжырымдамалары, авторлар және олардың негізгі идеялары

Автор	Ғылыми еңбек	Стратегияда қолданылатын негізгі идея
И. Ансофф (Ansoff)	Corporate Strategy (1965) [232]	Стратегия — бұл сыртқы ортаны талдау, мақсат қою және ұйымның ұзақ мерзімді бағытын айқындау процесі.
А. Чендлер (Chandler)	Strategy and Structure (1962) [233]	«Құрылым стратегиядан кейін жүреді»: ұйымдық өзгерістер стратегиялық шешімдерге негізделуі тиіс.
Г. Минцберг (Mintzberg)	The Rise and Fall of Strategic Planning (1994) [234]	Стратегия — бұл сыртқы ортаның өзгерістеріне жауап ретінде эволюциялық жолмен қалыптасатын бейімделгіш процесс.
Д. Айзенберг (Isenberg)	The Entrepreneurship Ecosystem Strategy as a New Paradigm for Economic Policy (2011) [235]	Стартаптарды қолдау үшін тиімді кәсіпкерлік экожүйесін қалыптастыру қажеттілігі.
М. Грант (Grant)	Innovation in Tourism Planning Processes: Action learning to support a coalition of stakeholders for sustainability (2004) [236]	Туризмді жоспарлауға мүдделі тараптардың қатысуы – тұрақты даму мен инновацияға апаратын өзара оқыту мен ынтымақтастықтың негізі.
Ескертпе – кесте автормен көрсетілген әдебиеттер негізінде құрастырылған		

Ұқсас әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бар елдердің тәжірибесі ұзақ мерзімді стратегиялық көкжиек негізділігінің жақсы мысалы бола алады. Мәселен, Өзбекстан туризм саласындағы жағдайды жақсарту және туристер ағынын айтарлықтай ұлғайту мақсатында «Uzbekistan – 2030» ұлттық стратегиясын қабылдады. Бұл құжатта қолайлы жағдай жасау және саланың ұзақ мерзімді дамуы бойынша нақты индикаторлар мен механизмдер қарастырылған. [237]. Малайзия кезең - кезеңімен жүзеге асырылған стратегиялық жоспарлау аясында (IX–X Малайзия даму жоспарлары) он жыл ішінде елге келген туристер санының 25 миллион адамға дейін өсуін қамтамасыз етті. [238]. Осыған ұқсас түрде Таиландтың Туризм басқармасы туристерді тартуға бағытталған «Strategic Direction 2025» бағдарламасын әзірледі. Бұл бағдарлама аясында ірі көлемдегі маркетингтік кампаниялар («Thai Charms – Must-Visit Cities») іске қосылып, туризмнен түсетін кірісті алдыңғы жылмен салыстырғанда 7,5%-ға арттыру көзделген. [239]. Осылайша, халықаралық тәжірибе туризм мен кәсіпкерлік саласындағы стратегиялық жоспарлаудың тиімділігін растайды.

Қазақстан Республикасының туристік саласындағы жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеу – ел үшін өзекті және қажетті міндет, себебі, жастардың инновациялық әлеуеті жоғары, ал туризм – ұлттық экономиканың маңызды құрамдас бөлігі. Жастар саланы жаңа көзқарастармен және технологиялық шешімдермен байыта алады, бұл Қазақстан дамуының стратегиялық басымдықтарына толық сәйкес келеді.

Ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізу және жүйелі тәсілді қамтамасыз ету үшін қазіргі бар кедергілерді еңсеруге бағытталған айқын мақсаттары, міндеттері және іске асыру тетіктері бар нормативтік ресімделген стратегия қажет.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы № 260 бұйрығына сәйкес, ұсынылатын стратегия келесі құрылымға ие [240].

1. Кіріспе

Жастар — Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі ресурстарының бірі, бүгінде олар ел халқының шамамен үштен бір бөлігін құрайды (шамамен 5,76 миллион адам) [241]. Сонымен қатар, туризм саласы Қазақстан Республикасында экономиканы әртараптандыру мен өңірлік дамудың басым бағыты ретінде айқындалған [242]. Туризм — әлемдік экономиканың ең қарқынды дамып жатқан секторларының бірі, оның өсу қарқыны басқа салалармен салыстырғанда екі есеге жуық жоғары. [243]. Осындай жағдайда жас кәсіпкерлерді туризмнің инновациялық дамуына тарту стратегиялық мәнге ие болады. Осы Стратегия Қазақстан Республикасының қолданыстағы даму бағдарламаларына сәйкес әзірленді: Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы, Жастарды қолдаудың 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары, Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба және басқа да құжаттар. Стратегияның негізгі мақсаты — туризм саласында жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамытуға қажетті жағдайларды қалыптастыру. Бұл құжат қолданыстағы мемлекеттік

бағдарламалармен сабақтастық қағидаттарын сақтай отырып әзірленген және Қазақстан Республикасының жастар саясаты мен кәсіпкерлікті қолдау саласындағы заңнамасына толық сәйкес келеді. Стратегияда жастардың белсенділігін арттыру арқылы туризм саласындағы ұлттық мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізуге ерекше назар аударылады. Туристік саланы дамытудың тұжырымдамасында жастар кәсіпкерлігін ынталандыру — туризмдегі жаңа бағыттарды игерудің нақты құралы ретінде тікелей қарастырылған. [242].

1.1 ЖИКДС авторлық моделінің стратегиямен сәйкестігі

ЖИКДС авторлық моделіне сәйкес (6 сурет), ол бес кезеңді қамтиды – сыртқы және ішкі ортаны талдау; стратегиялық миссияны, мақсаттар мен міндеттерді айқындау; стратегияны әзірлеу; оны жүзеге асыру және бақылау; жастар инновациялық кәсіпкерлігін тәжірибелік тұрғыдан дамыту – стратегияның құрылымы мен мазмұны осы логикаға толық сәйкес келеді:

- Сыртқы және ішкі ортаны талдау 3.1 тармақта «Туризм саласының жағдайы» және 3.3 тармақта «Мәселелер мен кедергілер» жүргізілген. Онда жастар туризмін дамытуға әсер ететін институционалдық, технологиялық, кадрлық және қаржылық факторлар бағаланады.

- Миссияны, мақсаттар мен міндеттерді айқындау 4-бөлімде көрініс тапқан. Онда стратегиялық мақсат ретінде – жастар инновациялық кәсіпкерлігін ынталандыру арқылы туристік саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру белгіленіп, бес базалық міндет айқындалған: институционалдық шаралар, қаржылық қолдау, құзыреттерді дамыту, инновацияны ынталандыру және ақпараттық ілгерілету.

- Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеу 1-5 міндеттердің нақтылауынан (4-бөлім), мақсатты индикаторларды айқындаудан (5-бөлім), сондай-ақ іске асыру кезеңдері (6-бөлім) мен орындаушылар мен іске асыру тетіктері (8-бөлім) көрсетілген іс-шаралар жоспарын қалыптастырудан тұрады.

- Іске асыру және бақылау 6.1–6.3 тармақтарда сипатталған. Онда индикаторларға қол жеткізуді мониторингтеу тетіктері, есептілік тәртібі және стратегияны түзету рәсімдері қарастырылған.

- Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту 3.2-тармақта («Әлеуеті мен үрдістері»), сондай-ақ адами капиталды дамытуға (3-міндет), инновациялық тауашаларды ынталандыруға (4-міндет) және ақпараттық ілгерілетуге (5-міндет) қатысты тапсырмаларда ашылып көрсетілген.

Осылайша, стратегияның құрылымы 1-тарауда берілген теориялық тұжырымдамадан бастап практикалық нақтылауға және іске асыру тетіктеріне дейінгі бірізді логикалық дамуды қамтамасыз етіп, ЖИКДС авторлық моделіне толық сәйкес келеді.

2. Өзектілігі. Пандемиядан кейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының туризм саласы тұрақты түрде қалпына келіп, өсім көрсетуде. 2022 жылы елге келген шетелдік туристер саны 4,73 миллион адамнан 2023 жылы 9,20 миллион адамға дейін артты [244]. Ішкі туризм де қарқынды дамуда: 2019 жылғы 6,66

миллионнан 2023 жылы 9,57 миллионға дейін өсіп, бес жылда 44%-ға артқан [245]. Бүгінгі таңда туризм саласы ел экономикасының маңызды сегментіне айналуда: 2023 жылы ел ішіндегі жалпы туристік тұтыну көлемі 2,75 трлн теңгеден асты, ал туризм индустриясының жалпы қосылған құны 3,283 трлн теңгені құрады [244]. Мемлекет 2029 жылға дейін мынадай ауқымды мақсаттарды алға қойып отыр: туризм саласындағы жұмыспен қамтылғандар санын 520 мыңнан 800 мың адамға дейін ұлғайту; туризмнің жалпы қосылған құнын 6 трлн теңгеден асыру [242]. Бұл көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жас кәсіпкерлердің инновациялық әлеуетін тиімді пайдалану қажет. Жастар жаңа технологиялар мен трендтерге бейімділігімен ерекшеленеді, бұл әсіресе мынадай бағыттарда аса маңызды: цифрлық туризм, экотуризм, қонақжайлылық индустриясындағы креативті секторлар және т.б. Жас новаторлардың белсенді қатысуы жаңа туристік өнімдер жасауға, саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жастарды жұмыспен қамту мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

2.1 Құқықтық негіздер. Бұл стратегия жастардың кәсіпкерлік қызметін қолдауға бағытталған Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының негізгі ережелерін ескере отырып әзірленді. Құжатты дайындаудың құқықтық негіздері мыналар болып табылады: Қазақстан Республикасы Президентінің №521 Жарлығы (2025 жылға дейінгі Дамудың стратегиялық жоспарына енгізілген өзгерістер); Қазақстан Республикасы Үкіметінің №790 Қаулысы (Мемлекеттік жоспарлау жүйесі); Мемлекет басшысының жастарды қолдау жөніндегі тапсырмалары (соның ішінде «Адал азамат» тұжырымдамасы, 2024 ж. және басқа да бастамалар). Туризм саласын дамытудың 2029 жылға дейінгі стратегиясы мен 2021–2025 жылдарға арналған Жастарды қолдаудың кешенді жоспары туризм мен жастар саясатының басымдықтарын біріктіруге негіз қалады. Осы құжат туризм саласындағы жастар стартаптарына басымдық бере отырып, Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыруға бағытталған. Стратегияны іске асыру қолданыстағы бағдарламалармен үйлестіре отырып жүзеге асырылады: «Бастау Бизнес», жастарға арналған гранттар, «Zhas Project» жобасы және т.б. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қолдаудың сабақтастығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді.

3. Қазіргі жағдайды талдау

3.1 Туризм саласының жай-күйі. Қазақстанның туризм саласы пандемия салдарын еңсеріп, белсенді өсу фазасына өтуде. Келуші туристер ағыны қалпына келіп қана қоймай, пандемияға дейінгі деңгейден асты: 2023 жылы елге 9,2 миллионнан астам шетелдік келуші тіркелді, ал ішкі туризм бойынша 9,57 миллион азамат саяхаттады. Өсу қарқыны әсерлі: мысалы, келуші туризм бір жылда екі есеге жуық, ал ішкі туризм – 11%-ға артты. 2023 жылы шетелдік туристердің шығыстары 1,172 трлн теңгеге жетіп, ішкі туристер шығыстарынан (1,061 трлн теңге) асып түсті [243]. Сала айтарлықтай мультипликативті әсер береді: Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2023 жылы туризм индустриясының жалпы қосылған құны 3,283 трлн теңгені құрап, ІЖӨ-дегі үлесін 5%-ға жақындатты. Туризм саласындағы жұмыспен қамту тұрақты өсуде — 2023 жылға арналған жоспарлы көрсеткіш шамамен 520 мың адам болды

[243]. Сонымен қатар, сала бірқатар мәселелерге тап болуда: негізгі туристік кластерлерден тыс жерде сапалы инфрақұрылымның жетіспеушілігі, сұраныстың маусымдылығы, халық табысының артуымен бірге шетелге кететін туристік ағынның өсуі, инновациялық турөнімдердің тапшылығы. Көптеген туристік қызметтер дәстүрлі сипатта қалып отыр, цифрлық шешімдерді қолдану шектеулі. Саланы әрі қарай дамыту үшін шығармашылыққа және технологияға негізделген жаңа тәсілдер қажет, ал мұндай серпінді тек жастар кәсіпкерлігі бере алады.

3.2 Жастар кәсіпкерлігі: әлеуеті мен үрдістері. Қазақстанда жастардың кәсіпкерлік белсенділігінің тұрақты өсімі байқалады. 2024 жылғы деректерге сәйкес, елде 15–35 жас аралығындағы 804 мыңнан астам тіркелген заңды тұлға мен жеке кәсіпкер жұмыс істейді [246]. 2020–2024 жылдар аралығында жастар кәсіпкерлерінің саны 4,4 есеге артқан, ал 2022 жылы ерекше серпіліс байқалды — бір жыл ішінде +56,4%. Бұл жастардың жеке іс ашуға деген қызығушылығының жоғары екенін және мемлекеттік қолдау шараларының (жеңілдетілген несиелер, жаңа бизнес-идеяларға гранттар, бизнес негіздеріне оқыту және т.б.) тиімділігін көрсетеді. Бүгінгі таңда жастар бизнесінің негізгі бағыттары – сауда және қызмет көрсету, өңдеуші өнеркәсіп, көлік [245]. Туризм саласында жастар кәсіпкерлігінің үлесі әзірге төмен. Көптеген турфирмалар, санаторийлер, ірі қонақүйлер дәстүрлі түрде аға буын өкілдерінің қолында. Соған қарамастан, шағын бизнес сегментінде жастардың белсенділігі артып келеді: қонақ үйлер мен хостелдер, агротуризм мен этнотуризм, туристерге арналған IT-сервистер, фриланс-гидтер және т.б. Стартаптардың табысты мысалдары пайда болуда – онлайн-платформалар, туристерге арналған мобильді қосымшалар, жаңа форматтағы турөнімдер. 2025 жылы Қазақстанда «Цифрлық туризм – 2025» атты салалық форум өткізілді, онда туризм саласындағы стартаптар байқауы ұйымдастырылып, жүлде қоры 10 млн теңгені құрады [247]. Жеңімпаздардың қатарында онлайн-брондау, виртуалды турлар және басқа да инновациялық IT-шешімдер ұсынған жас командалар болды. Бұл жастардың туризм саласындағы жоғары әлеуетін нақты дәлелдейді.

Airbnb тәжірибесі қысқа мерзімді жалға беру қызметтерінің туристік жүктемені ірі қалалардан өңірлерге қайта бағыттай алатынын көрсетті. BlaBlaCar мен FlixBus peer-to-peer және бюджеттік тасымалдар үлгісінің тиімділігін дәлелдеді. Осындай бизнес-модельдерді Қазақстанда енгізу шалғайдағы туристік кластерлерді дамытуға, көлік қолжетімділігін арттыруға, туристік ағынды тең бөлуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибе де жастар стартаптарын қолдау тиімділігін көрсетіп отыр: Испания – Emprendetur бағдарламасы аясында жеңілдетілген несиелер [248], Оңтүстік Корея – өңірлік инновациялық орталықтар құру [249] Португалия – бірлескен инвестициялық қорлар [250]. Қазақстанда да мұндай құралдар жастар кәсіпкерлігінің туризмдегі әлеуетін ашудың қуатты драйверіне айнала алады.

3.3 Мәселелер мен кедергілер. Талдау көрсеткендей, оң үрдістерге қарамастан, туризм саласындағы жастар кәсіпкерлігінің дамуына бірқатар

факторлар кедергі келтіреді. Бірінші кедергі – қаржылық шектеулер: бастаушы кәсіпкерлердің старттық капиталы жеткіліксіз; несиеге қол жеткізу қиын; мемлекеттік гранттар (~1,57 млн теңге [251]) тек базалық қажеттіліктерді жабуға жетеді және шектеулі адамға ғана конкурс арқылы беріледі. Екінші кедергі – салалық білім мен тәжірибенің жетіспеуі: турбизнесті басқару қонақжайлылық менеджменті, маркетинг, цифрлық дағдылар сияқты нақты құзыреттерді талап етеді; бұл дағдылар тиісті білімсіз немесе тәлімгерсіз жастарда жиі болмайды. Білім беру мен тәжірибелік байланысы әлсіз: ЖОО мен колледждерде тәжірибеге бағытталған оқыту элементтері енгізілгенімен, туризмде жеке іс бастаған тұлғалар саны әлі де төмен.

Инфрақұрылымдық және реттеуші кедергілер де бар: кейбір өңірлерде туризмге бағытталған коворкингтер, инкубаторлар, технопарктер жоқ; мамандандырылған акселераторлар жетіспейді; лицензиялау, сертификаттау секілді әкімшілік рәсімдер жаңадан бастағандар үшін күрделі болуы мүмкін. Жас кәсіпкерлер нарыққа шығуда келесі қиындықтарға тап болады: ірі компаниялармен бәсекелестік, ақпараттың жетіспеушілігі, мемлекеттік қолдау шаралары туралы хабарсыздық.

Жалпы, жағдай екіжақты сипатқа ие: бір жағынан — жоғары әлеует (жастар кәсіпкерлігінің өсімі, МЖӘ тетіктері, туризмдегі инновацияға сұраныс), екінші жағынан — кедергілер, бұл әлеуеттің толық ашылуына тосқауыл болуда. Осы стратегия осы олқылықтарды жоюға бағытталған. Халықаралық тәжірибе (Өзбекстан, Малайзия, Таиланд) көрсеткендей, жастар туризмі мен стартаптарды дамытуға арналған мақсатты бағдарламалар тиісті үйлестіру мен қаржыландыру қамтамасыз етілсе ғана, айтарлықтай нәтиже береді. Келесі бөлімдерде мақсаттар, міндеттер, индикаторлар және іске асыру тетіктері айқындалып, жастар инновациялық кәсіпкерлігін Қазақстанның туризм саласындағы өсудің негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналдыру көзделеді.

4. Мақсаттар мен міндеттер

Стратегия мақсаты: Қазақстан Республикасының туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру – жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту арқылы, оны экономикалық өсімге, жұмыспен қамтуға және саланың инновациялық трансформациясына үлес қосатын негізгі факторлардың біріне айналдыру. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей негізгі міндеттер айқындалды:

1. Туризм саласындағы жастар кәсіпкерлігі үшін институционалдық ортаны жетілдіру. Туризм саласында жастардың кәсіпкерлік белсенділігін арттыру үшін бизнесті ашуға және жүргізуге кедергі келтіретін реттеуші және әкімшілік тосқауылдарды жою қажет. Осы міндет аясында туристік кәсіпорындарды тіркеу рәсімдерін жеңілдету, жас кәсіпкерлер үшін кейбір қызмет түрлеріне (туроператорлық, қонақ үй бизнесі) жеңілдетілген лицензиялау, салықтық жеңілдіктер мен салық демалыстарын енгізу көзделеді. Жастардың туристік салаға қатысуын жеңілдететін қажетті нормативтік-құқықтық актілер әзірленіп, бекітіледі. Мысалы, туризм саласындағы жастар стартаптары үшін әкімшілік кедергілерді азайтуға бағытталған келесі шараларды қарастыруға болады:

- Жерді жеңілдетілген жалға алу және пайдалану. Туристік кластерлер аумағындағы жер телімдерін алғашқы 2–3 жыл ішінде жеңілдетілген (немесе нөлдік) мөлшерлеменен жалға беру.

- Онлайн тіркеу және «бір терезе» қағидасы. Туризм саласындағы ЖК және ЖШС-ті eGov порталы арқылы толық цифрландырылған тәртіпте тіркеу, барлық қажетті анықтамалар мен лицензияларды автоматты түрде қалыптастыру.

- Өтініштерді жылдам қарау. Туристік лицензияларды, маршруттық карталарды келісуді, бұқаралық іс-шараларға рұқсаттарды беру үшін 7 жұмыс күнінен аспайтын нақты регламенттер белгілеу.

- Коммуналдық қызметтерге жеңілдіктер. Жастарға арналған орналастыру нысандары (кемпингтер, хостелдер, қонақ үйлер) үшін алғашқы 2 жыл ішінде су, жарық, ғаламтор секілді қызметтердің шығындарын субсидиялау.

- Жеңілдетілген есептілік. Стартаптар үшін алғашқы 3 жылда есептік және салықтық есептіліктің оңайлатылған форматына көшу (ең аз есеп формалары, арнайы қосымша есепсіз).

- Инфрақұрылымға жедел қолжетімділік. Мемлекеттік немесе жергілікті коворкингтер мен технопарктерде мастер-класстар өткізу, туристерді қабылдау және стартап-командалардың жұмысы үшін конкурсыз жеңілдетілген шарттармен үй-жай беру.

- Экскурсиялық қызмет үшін патенттік жүйе. Белгіленген маршруттар бойынша экскурсияларды сертификаттаусыз жүргізу үшін патент негізінде жұмыс істеу мүмкіндігін енгізу.

- Салаға қатысты қызметтермен автоматтандырылған келісу. ҚР ТЖМ, СЭҚ, экологиялық бақылау органдарымен келісу процестерін электронды кабинет арқылы автоматты жүргізу, салалық стандарттарға сәйкес қажетті актілерді алдын ала дайындау.

- Алғашқы табыстарға салықтық жеңілдіктер. Егер жас кәсіпкер кемінде екі жұмыс орнын құрса, алғашқы 12 айда корпоративтік және/немесе жеке табыс салығынан босату.

Бұл шаралар туризм саласына жаңадан кірген жастар кәсіпкерлері үшін бизнес ашу мен жүргізу шығындарын едәуір төмендетіп, жұмысты жеңілдетеді және жеделдетеді, бұл өз кезегінде туристік саланың жаңаруына және дамуына ықпал етеді.

2. Жастар стартаптарын қаржылық және ақпараттық-кеңестік қолдау. Аталған міндеттің мақсаты – инновациялық жобалардың іске қосылуына және ауқымын кеңейтуіне қолайлы жағдай жасау. Ол үшін келесі шаралар көзделіп отыр:

- Жастарға арналған гранттық қаржыландыру бағдарламаларын кеңейту, оның ішінде туризм саласындағы бизнес-идеяларды іске асыру үшін берілетін мемлекеттік гранттардың көлемі мен санын арттыру;

- Жас кәсіпкерлер үшін «Даму» қорының жеңілдетілген несиелік желілеріне және микроқаржыландыру бағдарламаларына басым қатысу мүмкіндігі қамтамасыз ету;

- Туристік жобаларға бейімделген бизнес-инкубаторлар мен акселераторларды дамыта отырып, қолдау инфрақұрылымы кеңейту;

- Тұрақты консультациялық қызметтер ұйымдастыру (ҰКҚП «Атамекен», әкімдіктер жанында), сонымен қатар, тәлімгерлік бағдарламалар енгізу, онда туристік саланың тәжірибелі мамандары жас стартаперлерге бизнес-жоспар әзірлеу, маркетинг, инвестиция тарту мәселелерінде көмектесу;

- Португалиядағы 200М қорына ұқсас модель бойынша мемлекеттік және жеке венчурлік қорлардың бірлескен қаржыландыру тетігі іске қосу. Бұл шешім стартаптар үшін қолжетімді капитал көлемін ұлғайтып, жеке инвесторлар үшін тәуекелдерді азайтады;

- Зерттеулер, мониторинг және әкімшілік етуге деректерді жүйелі жинау, әлеуметтік сауалнамалар, аудит және тиімділік бойынша тәуелсіз бағалау кіреді. Орташа жылдық бюджет — шамамен 30 млн теңге. Негіз ретінде Қазақстанның ірі қалаларындағы осындай қызметтерге арналған тендерлер алынған. Мысалы, Алматы қаласында 2023–2024 жж. әлеуметтанулық зерттеулерге 17 млн теңгеден бастап, ал кешенді медиа мониторингке 260 млн теңгеге дейінгі бюджеттер бөлінді. Алматы мысалы – туризм мен бизнес белсенділігінің репрезентативті орталығы ретінде пилоттық стратегия жобалары үшін шығындарды бағалау кезінде қолданылады.

Қаржыландыру әлеуеті 2029 жылдан кейінгі жылы басталады: 2030 жылдан бастап шығындар құрылымы өзгереді. Тікелей бюджет қаржыландыру тек мақсатты бағдарламаларға ғана сақталады, ал негізгі қолдау түрлері: Matching funds (мемлекет пен жеке сектордың бірлескен инвестициясы); тәлімгерлік пен дамытуға субсидиялар; гранттық желілер арқылы халықаралық донорларды тарту.

Осылайша, Қазақстан Республикасындағы туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын іске асыру орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, даму институттарының және қоғам өкілдерінің үйлестірілген іс-әрекеттерімен қамтамасыз етіледі. Рөлдердің нақты бөлінуі, тұрақты мониторинг және шараларды түзету осы құжатта көзделген мақсаттарға қол жеткізуге және Қазақстан жастары мен туризм саласының гүлденуіне елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді.

Ұлттық туризмнің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру контекстінде жастар стартаптарының нарық қажеттіліктеріне жедел жауап беру, инновациялық шешімдерді енгізу және бірегей туристік өнімдерді ілгерілету қабілеті айрықша маңызға ие. Қазіргі саяхатшылар жеке қызмет көрсетуді, цифрлық сервистерді және аутенттік әсерлерді көбірек күтеді, бұл жас кәсіпкерлер үшін жаңа тауашаларды игеруге мүмкіндік береді.

Біріншіден, жастар компаниялары жасайтын инновациялық цифрлық платформалар туристік қызмет көрсету сапасын жақсартады және туристердің шешім қабылдау жылдамдығын арттырады. Бұл Қазақстанның халықаралық нарықтағы орнын нығайтады, кіру туризміне тосқауылдарды азайтады және туристердің қанағаттану индексі арттырады.

Екіншіден, жастар бастамаларының икемділігі мен бейімделгіштігі мәдени, шытырман, гастрономиялық және «жасыл» туризм секілді жаңа бағыттарды тез игеруге мүмкіндік береді. Бұл тұрақты даму мен экологиялық жауапкершілікке жаһандық трендтерге бейімделуге жол ашады. Мұндай нишалық өнімдердің дамуы халықаралық серіктестердің қолдауымен туризм экспортының өсуіне және аймақтық туристік ағындардың әртараптануына ықпал етеді.

Үшіншіден, Қазақстанның жаһандық туристік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі жастар брендтерінің халықаралық деңгейде танылуымен артады: халықаралық көрмелерге қатысу, әлеуметтік желілер арқылы цифрлық маркетинг, краудфандингтік платформалар мен шетелдік блогерлермен әріптестік. Жастар стартаптары өз өнімдерін жылжытуда жоғары мобильдік пен

креативке ие, бұл мемлекеттік бағдарламалармен үйлесе отырып, Қазақстан туризмінің шетелдегі танымалдылығын арттыруға септігін тигізеді.

Соңында, жастар инновациялық кәсіпкерлігінің экономикалық әсері тек жаңа жұмыс орындарын құрумен немесе салық түсімдерінің артуымен өлшенбейді. Ол мультипликативтік әсер арқылы да байқалады: жаңа сервистік компаниялардың пайда болуы, жергілікті тауарлар мен қызметтерге сұраныстың артуы, көлік және қонақүй инфрақұрылымының дамуы. Бұл туристік саланың жалпы бәсекеге қабілеттілігін арттырып, ЖІӨ-дегі туризм үлесінің көбеюіне алып келеді.

Демек, жастар инновациялық кәсіпкерлігін жандандыру Қазақстанның туристік бағыт ретіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттырудың қозғаушы күшіне айналады. Бұл экономикалық өсімді ғана емес, сонымен қатар елдің халықаралық имиджін де нығайтады.

Осыған байланысты, туризмдегі жастар кәсіпкерлігін қолдаудың тиімді моделін қалыптастыру кешенді көзқарасты талап етеді. Мұнда мемлекет, бизнес, білім беру мекемелері және азаматтық қоғамның келісілген қатысуы — саланың ұзақ мерзімді дамуын және Қазақстанның жаһандық туристік инновациялық үдерістерге интеграциясын қамтамасыз ететін тұрақты кәсіпкерлік экожүйенің негізі болмақ.

Қазақстан Республикасы туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы әлемдік ғылыми тәжірибеде танылған стратегиялық жоспарлау мен кәсіпкерлік экожүйелерді қалыптастырудың теориялық тәсілдеріне сүйенеді. Дамудың кезең-кезеңмен логикасын, сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімделуді және өсу үлгілерінің институционалдық бекітілуін қамти отырып, ол сала бәсекеге қабілеттілігін ұзақ мерзімді арттыруға бағытталған кешенді жол картасын ұсынады.

Қазақстан ішкі нарығының ерекшеліктерін ескере отырып, стратегияда ішкі тосқауылдармен қатар жаһандық туризмді дамытудың сын-қатерлері де қарастырылған. Ұсынылып отырған шаралар кешені жастар кәсіпкерлік белсенділігін ынталандыруға, қаржыландыруға қол жеткізуді кеңейтуге, цифрлық дағдыларды дамытуға, тұрақты туризм түрлерін қолдауға және халықаралық интеграцияға бағытталған. Тараптардың үйлестірілген қатысуына негізделген қолайлы кәсіпкерлік орта құру туризм саласын серпінді дамитын инновациялық экономика секторына айналдыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, туризмдегі жастар инновациялық кәсіпкерлігін жандандыру Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік стратегиясының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол елдің экономикалық өсуімен қатар, қазіргі заманғы әрі тартымды туристік бағыт ретіндегі халықаралық бейнесін де нығайтады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зерттеуде жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы Қазақстан Республикасының туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретінде кешенді түрде қарастырылды. Жұмыстың әр тарауында қойылған теориялық-әдіснамалық, талдамалық және қолданбалы міндеттер жүйелі шешімін тауып, төмендегідей түйінді нәтижелер алынды:

1. Зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетелдік жұмыстарға жүйелі талдау жасалды, онда ғалымдардың кәсіпкерлік қызметті, жастар кәсіпкерлігін, инновациялық кәсіпкерлікті айқындаудағы еңбектері жан-жақты талданды. Нәтижесінде жастар инновациялық кәсіпкерлігі ұғымы нақтыланды. Оның құрамдас бөліктері, мәні мен мазмұны толық қамтылды.

2. Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы туристік дестинацияның бәсекеге қабілеттілігінің факторы ретінде қарастырылды. «Стратегия», «даму стратегиясы» терминдері жан-жақты талданып, жастар инновациялық кәсіпкерлігінің даму стратегиясы ұғымы анықталды және бұл ұғымның мазмұнына авторлық көзқарас қалыптасты және стратегияны әзірлеудегі артықшылықтар анықталды. Халықаралық тәжірибені талдау нәтижесінде, жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегияларының құрамдас бөліктері аталды. Нәтижесінде туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясының авторлық моделі әзірленді.

3. Туризм саласындағы бәсекеге қабілетті стартап жобаларды дамытудың шетелдік тәжірибесін зерттеу нәтижесінде халықаралық тәжірибеде туристік стартаптардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін негізгі сипаттамалар айқындалды, туризм саласындағы стартаптардың ерекшеліктері мен олардың бәсекелестік артықшылықтарының негізгі бағыттары анықталды.

4. Қазақстандық туристік бизнесті дамытудың жалпы құрылымындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін талдауда ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері пайдаланылып, Жастар кәсіпкерлігінің даму қарқынын және туристік саладағы жастар кәсіпкерлігінің өсу деңгейін айқындау үшін басқа экономикалық секторлармен салыстырғанда орташа жылдық өсу қарқынын (CAGR) есептелді. Нәтижесінде 7 жыл ішінде жастар арасындағы туризм саласы бойынша кәсіпкерлік саны жыл сайын орташа есеппен 29,41% өсіп отырғанын анықталды. Бұл зерттеліп отырған көрсеткіштің айтарлықтай қарқынды дамығанын көрсетеді. Алайда, басқа экономика салаларымен салыстырғандағы қарқыны бойынша ең үлкен көрсеткіш мемлекеттік басқару және қорғаныс, міндетті әлеуметтік қамсыздандыру саласында 93,66% болды, екінші орында – денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету саласы 48,39%, үшінші орында өнеркәсіп саласы 46,78%. Туризм саласы 8-орынға орналасты. Бұл көрсеткішті тереңірек талдау үшін, жастар арасындағы туризм саласындағы кәсіпкерліктің ағымдағы жағдайы: салада жұмыс істеп тұрған жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың саны, олардың аймақтар бойынша бөлінісі және динамикасы туризмнің дамуына әсер ететін негізгі факторларды анықтауға

мүмкіндік берді. Нәтижесінде туризм саласындағы жастар кәсіпкерлігі дамуының оң серпін көрсетіп жатқанын, алайда жастар кәсіпорындарының жалпы санындағы осы сектордың үлес салмағының төмендеуі оның өсуін ынталандыру жөніндегі шараларды одан әрі зерделеуді және әзірлеуді талап ететіндігі анықталды.

5. Қазақстан өңірлерінің туризм саласындағы жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту әлеуетін кластерлік талдау негізінде келесідей қорытындылар жасалды: Қазақстан өңірлерінде кәсіпкерлік пен инновациялық белсенділік біркелкі дамып жатқан жоқ, ешбір өңірде толық басымдық байқалмайды; жастар кәсіпкерлігінің өсу динамикасы аймақтар арасында елеулі түрде өзгешеленеді; Түркістан, Алматы және Қарағанды облыстары жастардың туризм саласындағы кәсіпкерлігі бойынша алдыңғы орында және даму әлеуеті жоғары болып табылады; бірқатар өңірлерде жастардың бизнесті бастауға деген ынтасы күшейіп келеді, бұл өз кезегінде туризм индустриясының дамуына және аймақтық әлеуметтік-экономикалық серпінге оң ықпал етуі мүмкін; бұл талдау нәтижелері әр кластерге тән ерекшеліктерді ескере отырып, жастар инновациялық кәсіпкерлік стратегияларын локализациялауға мүмкіндік береді. Әр түрлі табиғи-климаттық аймақтарды қамтитын Қазақстанның кең аумағын ескере отырып, ел өңірлері бойынша жастар туристік кәсіпкерлігінің даму деңгейін бағаланды - 2024 жылы туристік сектордағы жастар кәсіпкерлігі субъектілерінің ең көп үлесін Алматы және Астана қалалары қамтамасыз етті. Шымкент және Түркістан облыстарымен қатар бұл өңірлер жоғары нарықтық үлесімен және жылдам өсу қарқынымен сипатталатын матрицаның ең тартымды квадрантына түсті, барлық басқа аймақтар өсу қарқыны жоғары болса да нарықтық үлесі салыстырмалы түрде төмен квадрантта. Туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігі туралы аймақтық және сандық деректер бұл саланың дамуы көптеген сыртқы және ішкі факторларға байланысты екенін көрсетті.

6. Туристік саланың ерекшеліктерін ескере отырып, негізгі әсер етуші факторларды әлеуметтік, экономикалық, инновациялық және институционалдық деп, кәсіпкерліктің, атап айтқанда жастар кәсіпкерлігінің экономикаға, инновациялық белсенділікке және жұмыспен қамтуға (Н1–Н7) әсері туралы гипотезалар тұжырымдалды: Н1: Кәсіпкерліктің өсуі жалпы жұмыспен қамтудың артуына ықпал етеді; Н2: Кәсіпкерлікті дамыту экономиканың инновациялық белсенділігінің өсуіне ықпал етеді; Н3: Кәсіпкерлікті дамыту еңбек өнімділігін арттыруды ынталандырады; Н4: Жастардың туристік кәсіпкерлігін дамыту жалпы қосылған құнның өсуіне ықпал етеді; Н5: Жастардың туристік кәсіпкерлігін дамыту туристік саланың дамуын ынталандырады; Н6: Жастардың туристік кәсіпкерлігін дамыту жалпы аймақтық өнімнің өсуіне ықпал етеді; Н7: Жастар туристік кәсіпкерлігін дамыту

Зерттеу гипотезаларын (Н1–Н7) тексеру үшін әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің кәсіпкерліктің даму деңгейіне тәуелділігін анықтауға бағытталған корреляциялық талдау жүргізілді. Талдаудың негізгі қорытындысы – жастар туристік кәсіпкерлігін дамытудың ұлттық экономиканың негізгі

көрсеткіштеріне, өңірлік дамуға және туристік салаға елеулі әсерінің расталуы болды.

7. Жастардың туристік кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған бастамаларды, сондай-ақ оның дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтау үшін Қазақстанның әрбір өңірінде жастар арасында сауалнама жүргізілді. Әлеуметтік зерттеу 2024 жылдың 26 тамызы мен 4 қазаны аралығында Google Forms арқылы жүргізілді және әлеуметтік желілер арқылы таратылды. Сауалнама екі тілде жүргізілді және 16 сұрақтан тұрды. Зерттеуге елдің 20 аймағынан 18-35 жас аралығындағы 601 респондент қатысты. Осы сауалнаманың басты нәтижесі жастардың туристік кәсіпкерлікке жоғары қызығушылығы, сондай-ақ осы саладағы тартымды тараптар мен кедергілерді анықталғандығы болды. Осылайша, Н8 «Қазақстандық жастар туристік кәсіпкерлікке қатысуға қызығады» гипотезасы расталды.

8. Жастар инновациялық кәсіпкерлігінің Қазақстан Республикасының туристік саласының бәсекеге қабілеттілігіне әсерін талдау үшін келесілер таңдалды: Travel and Tourism Competitiveness Index (TTCI) индексі, туризмді дамытудың интегралдық индексі болып қайта құрылған – Travel and Tourism Development Index (TTDI), сондай – ақ оның маңызды құрамдас ішкі индекстерінің бірі – Human Resources and Labor market бойынша 2013, 2015, 2017, 2019, 2021 және 2024 жылдардың көрсеткіштері. Қазақстан үшін TTCI/TTDI жалпы баллы орташа оң динамиканы көрсетті: 2013 жылғы 3.82 баллдан 2024 жылы 4.07 баллға дейін, бұл елдің жаһандық рейтингтегі позицияларының 88 – ден 52-орынға дейін айтарлықтай өсуімен қатар жүрді. Бұл туристік саланың бәсекеге қабілеттілігінің біртіндеп артқанын көрсетеді. Ал, «адам ресурстары» компоненті бойынша әртүрлі динамика, балдық бағасы 4.9-дан (2013 ж.) 4.46-ға (2024 ж.) дейін төмендегеніне қарамастан, Қазақстанның жаһандық рейтингтегі позициясы толқынды түрде өзгеріп, 2015 жылы ең жақсы нәтижеге (37-ші орын) қол жеткізді, содан кейін 2019 жылы 57-ге дейін төмендеп, 2024 жылы 43-ке дейін қалпына келді. Мұндай динамика еңбек ресурстары саласындағы бар құрылымдық мәселелерді, сондай-ақ инновациялық сипаттағы факторлардың, оның ішінде жастар кәсіпкерлерінің белсенділігінің туризмдегі жұмыспен қамтудың біліктілігі мен құрылымына жаңа талаптарды қалыптастыруға әсерін айғақтай алады.

Алайда, TTDI индексі мен оның компоненттерінің ресми статистикалық деректерінің жеткіліксіз көлемі корреляциялық-регрессиялық талдауды жүзеге асыруға және жастар кәсіпкерлігі дамуының туристік саланың бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерінің динамикасына әсерінің дұрыс моделін құруға мүмкіндік бермеді. Осылайша, зерттеу шеңберінде жастар кәсіпкерлік белсенділігінің туризмнің бәсекеге қабілеттілігіне әлеуетті әсерін көрсететін қолжетімді көрсеткіштерді сапалы түсіндіру жүзеге асырылды. Ұсынылған нәтижелер салалық трансформацияларды талдаудың маңызды элементі ретінде жастар кәсіпкерлігін статистикалық бақылауды одан әрі дамыту қажеттілігін көрсетеді.

9. Қазақстандағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін қолдау мен дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық тетігін талдауда 129 нормативтік-құқықтық актілер, оның ішінде Конституция, 10 кодекс, 38 заң, 40 қаулы, 26 концепция, 14 ҚР Президентінің жолдауы жан-жақты қаралды. Экономикалық тетігі контекстінде «Даму» Қорының бағдарламалар кешені — кепілдік беру және субсидиялау Қазақстандағы туристік сектордың, оның ішінде жастар кәсіпкерлері үшін инвестициялық тартымдылығының өсуіне елеулі серпін береді деп қорытындылауға болады. Осы құралдардың арқасында, отандық туризмнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға үлес қоса алады. Қазақстанның туристік саладағы инвестициялық белсенділікті талдау кезінде қаржыландыру көздерінің құрылымдық талдауы мемлекеттік қолдау үлесінің едәуір ұлғаюына қарамастан инвестициялардың негізгі көлемі кәсіпкерлердің өз қаражаты есебінен қамтамасыз етілуін жалғастыратынын көрсетті. Осылайша, Қазақстанда жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту үшін берік іргетас қаланды деген қорытындыға келуге болады, алайда оның тиімділігін арттыру үшін: экожүйеге қатысушылар арасындағы үйлестіруді күшейту; қаржыландыруға кедергілерді жою; өңірлік қолдау платформаларын дамыту; сондай-ақ іске асырылып жатқан шаралардың нәтижелілігін мониторингтеу және бағалау тетіктерін жетілдіру талап етіледі.

10. Туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігіне арналған авторлық кәсіпкерлік экожүйе моделі негізгі шарттар мен ресурстарды жүйелеп қана қоймай, оларды туристік саланың бәсекеге қабілеттілігін арттырумен тікелей байланыстырды, бұл өңірлердің тұрақты және инновациялық дамуын қамтамасыз етеді. Жеті мұқият бейімделген доменге негізделген бұл модель жастар кәсіпкерлігін дамытудағы бар кедергілер мен мүмкіндіктерді кешенді түрде бағалауға, мемлекеттік қолдаудың стратегиялық бағыттарын анықтауға және барлық мүдделі тараптардың тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Модельді енгізудің нәтижесінде Қазақстанның туристік дестинация ретіндегі тартымдылығы артып, өңірлік бәсекелік артықшылықтары күшейеді және жастардың инновациялық кәсіпкерлігінің серпінді әрі тұрақты өсуі үшін қолайлы орта қалыптасады. Болашақта модельдің табысты іске асуы Қазақстанның халықаралық туристік нарықтағы орнын нығайтып, инвестициялық тартымдылықтың артуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына және тұрақты экономикалық даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

11. Диссертациялық жұмыстың соңында Қазақстан Республикасы туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы әзірленді. Ол әлемдік ғылыми тәжірибеде танылған стратегиялық жоспарлау мен кәсіпкерлік экожүйелерді қалыптастырудың теориялық тәсілдеріне сүйенеді. Дамудың кезең-кезеңмен логикасын, сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімделуді және өсу үлгілерінің институционалдық бекітілуін қамти отырып, ол сала бәсекеге қабілеттілігін ұзақ мерзімді арттыруға бағытталған кешенді жол картасын ұсынды.

Қорыта келе, диссертациялық жұмыс жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы Қазақстан Республикасының туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретінде анықталды. Қойылған міндеттер орындалды. Алынған ғылыми нәтижелер ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институтының қызметіне, «Қарағанды облысының туризм басқармасы» ММ қызметіне енгізілді.

Диссертациялық зерттеу АР26199455 «Өңірлік экономиканы әртараптандыру кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру факторы ретінде: әлеуметтік-мәдени алғышарттар, іске асырудың жаңа бағыттары мен әдістері» шеңберінде орындалды.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерін қолдану саласы туристік индустрия субъектілерінің қызметі болып табылады: министрліктер, мәдениет және спорт басқармалары, туризмді дамыту басқармалары, туроператорлар және турагенттер, салалық ұйымдар, ғылыми қызметкерлер. Зерттеу нәтижелері отандық туристік кәсіпкерлікті реттеудің заңнамалық және нормативтік-әдістемелік базасын жетілдіру, туризмді дамытудың өңірлік және мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 World Travel & Tourism Council. Travel & Tourism Economic Impact Research. <https://wtcc.org/research/economic-impact> 20.12.2024.
- 2 United Nations World Tourism Organization. International Tourism and Covid-19. <https://www.unwto.org/tourism-data/international-tourism-and-covid-19> 20.12.2024.
- 3 World Economic Forum. The Travel & Tourism Competitiveness Report 2024. https://www3.weforum.org/docs/WEF_Travel_and_Tourism_Development_Index_2024.pdf 02.01.2025.
- 4 Ақорда. Мемлекет басшысы туризмді дамыту жөнінде кеңес өткізді. <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-provel-soveshchanie-po-razvitiyu-turizma-1352435> 20.06.2024.
- 5 Ақорда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-daurindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957> 08.09.2025.
- 6 Ақорда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқын Жаңа жылмен құттықтауы. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyn-zhana-zhylmen-kuttyktauy-31115030> 01.01.2026.
- 7 Green F. «Youth entrepreneurship», OECD Local Economic and Employment Development (LEED) Papers. – 2013. - No. 2013/18. - OECD Publishing, Paris. – DOI: <https://doi.org/10.1787/e523decb-en>
- 8 International Labour Organization. Governing Body. Committee on Employment and Social Policy. Progress Report on Preparations for the Second ILO Enterprise Forum: Activities of the Tripartite Working Group // Papers of the Governing Body. – 1998. – No. GB.271/ESP/2. - Geneva: ILO.
- 9 Schumpeter J.A. The Theory of Economic Development. – 10th ed. – New Brunswick, New Jersey: Transaction Publishers, 2004. – Originally published in 1912. - 189 p.
- 10 Cantillon R. Essai sur la nature du commerce en general, - London: Macmillan, 1931. – 254 p.
- 11 Smith A. An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations. - London: W. Strahan. - 1776. - Vol. 1 (1 ed.). - ISBN 978-1537480787
- 12 Marshall A. Principles of economics; an introductory volume. – London: Macmillan Book. - 1920. - IV, Ch. XI, §4. - P. 236-237
- 13 Walker F.A. The Wages Question: A Treatise on Wages and the Wages Class. London: Macmillan. - 1888. – P.1-3
- 14 Knight F. H. Risk, Uncertainty and Profit. - Boston and New York: Houghton Mifflin. - 1921. - 388 p.

- 15 Kirzner I.M. Competition and Entrepreneurship. – Chicago: University of Chicago Press. – 1978. DOI: <https://doi.org/10.7208/chicago/9780226375489.001.0001>
- 16 Hisrich R. D., Peters M. P. Entrepreneurship. – 4th ed. – Boston: Irwin/McGraw-Hill. - 1998. – 681 p. – ISBN 0071153233, 9780071153232
- 17 Дафт Р.Л. Менеджмент. – СПб.: Питер, 2003. – С.175– 832.
- 18 Герчикова И.Н. Менеджмент: Учебник для вузов. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: ЮНИТИ – ДАНА, 2006. – 511 с.
- 19 Оценка конкурентных позиций субъектов предпринимательской деятельности / под ред. д.э.н, профессора, А. Н. Асаула – СПб: АНО «ИПЭВ», - 2007. – 271 с. – DOI: <https://doi.org/10.17513/np.305>
- 20 Океанова З.К. Экономическая теория: Учебник – 5-е изд. – М.: Издательско - торговая корпорация «Дашков и К», 2014. – 650 с.
- 21 Котерова Н.П. Экономика организации: учеб.для студ. учреждений сред. проф. образования. – 5-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательский центр «Академия», 2014. – 288 с.
- 22 Say J-B. A Treatise on Political Economy. – Philadelphia: Lippincott, Grambo, and Company, 1803. – 269 p.
- 23 Schumpeter J. A. Economic theory and entrepreneurial history // Aitken H.G. J. (ed), Explorations in Enterprise. - Cambridge: Harvard University Press. - 1965. - P. 45-64.
- 24 Мизес Л. Человеческая деятельность: Трактат по экономической теории 2-е испр. изд. — Челябинск: Социум, 2005. — 878 с. — ISBN 5-901901-29-0
- 25 Drucker P. F. Innovation and entrepreneurship: practice and principles. - New ed. - Oxford; New York: Elsevier Butterworth-Heinemann. - 1999. - 238 p.
- 26 Хайек Ф. Частные деньги / Фридрих Хайек ; авт. предисл. В. А. Найшуль, Г. Г. Сапов ; пер. Б. Верпаховский. – [Б. м.]: Институт национальной модели экономики, 1996. - <http://www.trader-lib.ru/books/488/index.html#0> 20.03.2023.
- 27 Lamb R. K. The entrepreneur and the community // Men in Business. – 1952. P. 91-119.
- 28 Агеев А.И. Предпринимательство. – 4-е изд., расш. и доп. – М.: Институт экономических стратегии РУБИН. – М., 2016. – 524 с. - https://www.ageev.net/wp-content/uploads/2017/11/Blok_Predprinimatelstvo.pdf 20.03.2023.
- 29 Дорожкина Т.В., Крутиков В.К., Зайцев Ю.В. Основы предпринимательского дела. – Калуга: Издательство «Эйдос», 2013. – 143 с.
- 30 Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 480 б.
- 31 Шеденов У.К. Общая экономическая теория: учебник – Изд. 4-е, перераб. и доп. – Алматы; Актобе: А – Полиграфия, 2009 – 626 с.
- 32 Сабден О. Экономика. Избранные труды – Алматы: ИЭ КН МОН РК, 2011. - 612 с.
- 33 Токсанова А.Н. Развитие системы управления малым бизнесом в РК: автореф. дис. ...док.эконом. наук: 08.00.05. – Астана, 2000. – 12 с.

- 34 Менеджмент и предпринимательство / учебное пособие. К.К.Жуйриков. – Алматы: Экономика, 2016. – 280 с.
- 35 Andaleeb Alam. Youth entrepreneurship: concepts and evidence. UNICEF, Issue brief. - 2019. - <https://www.unicef.org/media/72406/file/Youth-entrepreneurship-concepts-and-evidence-issue-brief-2019.pdf> 25.03.2023.
- 36 Dhaliwal Amrita. Role Of Entrepreneurship In Economic Development. // International Journal of scientific research and management. 2016. – DOI: <http://dx.doi.org/10.18535/ijstrm/v4i6.08>
- 37 O'Dwyer M., & Ryan E. Management development issues for owners/managers of micro-enterprises // Journal of European Industrial Training. – 2000. – Vol. 24(6). – P. 345-353.
- 38 Chauhan K., Aggarwal A. Youth entrepreneurship: The role and implications for the Indian economy // Amity Journal of Entrepreneurship. – 2019. – Vol. 2 (2). – P. 1-11.
- 39 White S., Kenyon P. Enterprise-Based Youth Employment Policies, Strategies and Programmes. – Geneva: ILO, InFocus Programme on Skills, Knowledge and Employability, 2001.
- 40 Schoof U. Stimulating Youth Entrepreneurship: Barriers and incentives to enterprise start-ups by young people. Series on Youth and Entrepreneurship. SEED Working. – 2006. - Paper No. 76. Small Enterprise Development Programme. Job Creation and Enterprise Development Department. International Labour Office. Geneva. <https://www.fi-compass.eu/sites/default/files/publications/stimulating-youth-entrepreneurship-barriers-and-incentives-to-enterprises-start-ups-by-young-people.pdf> 20.09.2022.
- 41 Мемлекеттік жастар саясаты туралы ҚР Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ. - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285> 25.09.2022.
- 42 Drucker P. La disciplina de la innovación //Harvard business review. – 2004. – Т. 82, №. 8. – С. 3-7.
- 43 Global Entrepreneurship Monitor - <https://www.gemconsortium.org/> 10.10.2022.
- 44 Youth of the XXI century: realities and perspectives. Economic commission for europe. Series: entrepreneurship and SMEs. Geneva and New York. – 2004. - <https://unece.org/sites/default/files/datastore/fileadmin/DAM/operact/pubyouth.pdf> 29.10.2022.
- 45 Chauhan K., Aggarwal A. Youth Entrepreneurship: The Role and Implications for the Indian Economy / Amity Journal of Entrepreneurship. - 2017. - Vol. 2 (2) – P.1-11.
- 46 Sambo W. Factors influencing the development of youth entrepreneurship: the case of Ethekwini municipality, South Africa // Problems and Perspectives in Management. – 2015. – Vol. 13, No. 4-1. – P. 159–167.
- 47 Muriithi S. M., Ndegwa C., Juma J. Business Incubators: The Missing Link to Small Business Survival // The International Journal of Humanities & Social Studies. - 2018. - Vol. 6, № 10. - P. 201–209.

48 Hisrich R. et al. Entrepreneurship Research and Practice: A Call to Action for Psychology. - American Psychologist. – 2005. – Vol. 62. – P. 575-589. - <https://doi.org/10.1037/0003-066X.62.6.575>

49 Egorov E., Lebedeva T., Prokhorova M., Shobonova L., Bulganina S. Youth Entrepreneurship: Motivational Aspects and Economic Effects // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. – 2019. – Vol. 272. – Article 032129. – DOI: <http://dx.doi.org/10.1088/1755-1315/272/3/032129>

50 Ахиярова Н. В. Социально-управленческие проблемы государственной поддержки молодежного предпринимательства в республике Башкортостан: автореф. дис. ...канд. соц. наук: 22.00.08 - Уфа: Уфимский государственный нефтяной технический университет, 2009. - 21 с.

51 Oseifuah E.K. Financial Literacy and Youth Entrepreneurship in South Africa // African Journal of Economic and Management Studies. - 2010. - № 1 (2) - P. 164-182.

52 Riahi S. Youth Entrepreneurship: Ottawa's Portfolio in Talent Development // Open Source Business Resource. – 2010. <https://timreview.ca/article/394> 29.10.2022.

53 Петросян С.Г. Направления и формы государственной поддержки молодежного предпринимательства // Управление экономическими системами. - 2011. - № 12 (36). http://www.uecs.ru/uecs_36-122011/item/929-2011-12-27-12-08-14 29.10.2022.

54 Иванова А.В. Комплексная оценка факторов развития молодежного предпринимательства в университетской среде: автореф. дис. ...канд. экон. наук: 08.00.05. - Екатеринбург, 2013.

55 Далибожко А. И. Понятие молодежного предпринимательства и его место в развитии экономики страны // Вестник Белгородского университета кооперации, экономики и права. - 2017. - № 3. - С. 307-315.

56 Хусаинова Ж.С. Жартай Ж.М., Адилова Ж.Г., Бектлеева Д.Е., Абаюова Г.М. Развитие молодежного предпринимательства в механизме индустриально-инновационного роста Республики Казахстан: Монография. - Караганда: ТОО Изд-во «Арко», 2020. - 388 с.

57 Chigunta F. et al. Being “real” about youth entrepreneurship in Eastern and Southern Africa //SEED working paper. – 2005. – Т. 72. – С. 1-105.

58 Харин А. А., Коленский И. Л., Харин А. А. Словарь инновационных терминов: учебно-методическое пособие. – М.: Берлин: Директ-Медиа, 2016. – 255 с.

59 Алиева Э. А. Сущность инноваций: анализ теоретических подходов. Управление инновациями. – 2016. - №6. - С. 21-31. DOI: <http://dx.doi.org/10.21686/2413-2829-2019-6-21-31>

60 Бугаян И.Р., Каймачникова Н.В. Инновационное предпринимательство в России. Наука и образование: хозяйство и экономика; предпринимательство; право и управление, 2010. - № 2. – 57 с.

61 Ярославская Е.А., Якубов Б.А. Инновационное предпринимательство в единстве трех основных компонентов. Современные проблемы науки и образования. - 2012. - № 6. – 473 с.

62 Бирюкова И.Ю. Инновационный менеджмент: определение, сущность, подходы к понятию. Вестник ИНЖЭКОНА: серия Экономика. - 2012. - № 5. - с. 121-131

63 Крутилина С.Ф. Инновационное предпринимательство // Современные научные исследования и инновации. - 2013. - № 5. <https://web.snauka.ru/issues/2013/05/24050> 15.11.2022.

64 Тлеубердинова А.Т., Шохаманова А.М., Салауатова Д.М. Молодежное инновационное предпринимательство: сущность и особенности развития. Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2023. – №3 (52). – Б.128-136. / DOI 10.52260/2304-7216.2023.3(52).15

65 Клаузевиц К. О войне. — М.: Госвоениздат, 1934. <http://militera.lib.ru/science/clauserwitz/index.html> 05.04.2023.

66 Drucker P.F. The Practice of Management. / Allied Publishers, ISBN 8170230306, 9788170230304. - 1975. - 399 p.

67 Можаяев Е.Е., Лившиц И.Л. Формирование инновационной стратегии предприятия. Международный научно-исследовательский журнал. - 2016. - №5 (47). DOI: <https://doi.org/10.18454/IRJ.2016.47.216>

68 Lee T., Liu H.M. How do Firms with Management Ability Promote Competitive Advantages? An Integrated Model from Entrepreneurial Strategy Making and Internal Resources // Entrepreneurship Research Journal. – 2018. – Vol. 8, № 2. – P. 1–15. <https://doi.org/10.1515/erj-2017-0071>

69 Newbert S.L. Value, Rareness, Competitive Advantage, and Performance: A Conceptual-Level Empirical Investigation of the Resource // Strategic Management Journal. – 2008. – Vol. 29, № 7. – P. 745–768. <https://doi.org/10.1002/smj.686>

70 J.C. de Sousa et all. Entrepreneurial Strategies and Innovative Strategies: Bibliometric review, concepts, models and future investigations. RASI, Volta Redonda/RJ. – 2020. - Vol. 6, № 2. – P. 112-133. <https://doi.org/10.20401/rasi.6.2.425>

71 Мяснянкина О.В. Инновационная стратегия развития предприятия: выбор и условия реализации. Национальная ассоциация ученых (НАУ). – 2020. - №5. - С. 19-22.

72 Porter M. E. Competitive Strategy: Techniques for Analyzing Industries and Competitors. New York: Free Press, 1980. - 422 p.

73 Хаммер М., Чампи Дж. Реинжиниринг корпорации: Манифест революции в бизнесе. Пер. с англ. - СПб.: Издательство С. - Петербургского университета, 1997. - 332 с.

74 Hamel G. Leading the revolution /: Boston: Harvard Business School Press. - 2000. - 333 p.

75 Chan Kim W., and Renee A. Mauborgne. Blue Ocean Strategy. Harvard Business Review Press. - 2005. - 258 p.

76 Чендлер Альфред Д., 1962/1998, Стратегия и структура: главы в истории американского промышленного предприятия. MIT Press. – 1962. – 488 p.

77 Mintzberg H. Structure in Fives: Designing Effective Organisations, Englewood Cliffs. -NJ : Prentice-Hall. - 1983. – 312 p.

78 Уразова Н.Г., Еопчина З.В. Инновационная стратегия как основа развития компании. Вестник ИрГТУ. – 2011. - №1(48). - С. 222- 227.

79 Ансофф И. Новая корпоративная стратегия. - СПб.: Питер Ком, 1999. - 416 с.

80 Kenneth Nduka Omede, Aghanenu. Innovation and Entrepreneurship Performance in Aba, Abia State, Nigeria. Omede and Aghanenu // Journal of Management (SME's). – 2021. - Vol.14, No.3. – P.257-275.

81 Velasquez J.L., Dalla Santa E.D., Dias T. Innovation and Entrepreneurship: A Study Bibliometric of Articles Published in the Period 2003 to 2013 // Revista da UNIFEVE. – 2016. – Vol. 19, № 1. – P. 86–103.

82 Wang E.S., Juan P. Entrepreneurial Orientation and Service Innovation on Consumer Response: A B&B Case // Journal of Small Business Management. – 2016. – Vol. 54, № 2. – P. 532–545. <https://doi.org/10.1111/jsbm.12156>

83 Severo E.A., et al. Vamos expandir um negócio inovador? Caso de ensino // Revista de Administração, Sociedade e Inovação – RASI. – 2019. – Vol. 5, № 1. – P. 77–90. <https://doi.org/10.20401/rasi.5.1.254>

84 Tondolo V.A.G., Bitencourt C.C., Tondolo R.R.P. Implementation of International Entrepreneurial Strategy in the Wine Sector: The Case of the Miolo Winery // Organizações Rurais & Agroindustriais. – 2011. – Vol. 13, № 3. – P. 363–376.

85 Spekman R., Davis E.W. The Extended Enterprise: A Decade Later // International Journal of Physical Distribution & Logistics Management. – 2016. – Vol. 46, № 1. – P. 43–61. <https://doi.org/10.1108/ijpdlm-07-2015-0164>

86 Narasimhan R., Kull T.J., Nahm A. Alternative Relationships among Integrative Beliefs, Time-Based Manufacturing and Performance // International Journal of Operations & Production Management. – 2012. – Vol. 32, № 4. – P. 496–524. <https://doi.org/10.1108/01443571211223112>

87 Grimaldi M., Cricelli L., Di Giovanni M., Rogo F. The Patent Portfolio Value Analysis: A New Framework to Leverage Patent Information for Strategic Technology Planning // Technological Forecasting & Social Change. – 2014. – Vol. 94, № 1. – P. 286–302. <https://doi.org/10.1016/j.techfore.2014.10.013>

88 Fomba E.M. Reinforcing Experiential Learning with Training Culture as an Innovative Governance Strategy in Informal Microfinance Institutions // International Journal of Technology Management. – 2009. – Vol. 45, № 1/2. – P. 141–155. <https://doi.org/10.1504/ijtm.2009.021525>

89 Kobets V., Yatsenko V. What Can Economic Experiments Discover about Evolutionary Effectiveness of Supermarket Strategies? // Marketing and Management of Innovations. – 2018. – № 1. – P. 152–168. <https://doi.org/10.21272/mmi.2018.1-11>

90 Zhang H.N. Complexity Absorption: A Processual Strategic Approach to Corporate Entrepreneurship Strategy // Frontiers of Business Research in China. – 2017. – Vol. 11, № 3. – P. 1–20. <https://doi.org/10.1186/s11782-017-0015-5>

91 Steffens P., Davidsson P., Fitzsimmons J. Performance Configurations Over Time: Implications for Growth- and Profit-Oriented Strategies // Entrepreneurship

Theory and Practice. – 2009. – Vol. 33, № 1. – P. 125–148.
<https://doi.org/10.1111/j.1540-6520.2008.00283.x>

92 Li H.Y., Li J. Top Management Team Conflict and Entrepreneurial Strategy Making in China // Asia Pacific Journal of Management. – 2009. – Vol. 26, № 2. – P. 263–283. <https://doi.org/10.1007/s10490-007-9071-2>

93 Williams C., Lee S.H. Political Heterarchy and Dispersed Entrepreneurship in the MNC // Journal of Management Studies. – 2011. – Vol. 48, № 6. – P. 1243–1268.
<https://doi.org/10.1111/j.1467-6486.2010.00996.x>

94 Malkanduev Y.A., Ksanaeva M.B. Formation of the Innovative Entrepreneurship Development Strategy in the Region // SCTMG 2020. International Scientific Conference «Social and Cultural Transformations in the Context of Modern Globalism». – 2020. – P. 665–672. <https://doi.org/10.15405/epsbs.2020.10.05.89>

95 Припотень В. Ю., Кобзева Е. В., Демченко В. В. Формирование стратегии инновационного развития предприятия. Экономика строительства и городского хозяйства. - 2018. - №1(14). - С.47–55.

96 National Science Foundation. Step-by-step process for getting an NSF grant // America's Seed Fund: Get Started. — Alexandria, VA: National Science Foundation. - 2025. <https://seedfund.nsf.gov/apply/get-started/> 08.05.2023.

97 General Services Administration. Small Business Resources // GSA – U.S. General Services Administration. <https://www.gsa.gov/small-business/small-business-resources> 08.05.2023.

98 Techstars. Accelerators. <https://accelerate.techstars.com/> 08.05.2023.

99 Y Combinator. Official Website - <https://www.ycombinator.com/> 08.05.2023.

100 Silicon Valley Bank. SVB Innovators Card. <https://www.svb.com/business-banking/business-credit-cards/svb-innovators-card> 08.05.2023.

101 Google for Startups. Accelerator Program – Ресми сайты: <https://startup.google.com/programs/accelerator/> 08.05.2023.

102 Startup Nation Central. Official Website. <https://startupnationcentral.org/> 09.05.2023.

103 Israel Innovation Authority. Official Website. <https://innovationisrael.org.il/en/> 09.05.2023.

104 Vinnova – Sweden's Innovation Agency. Official Website - <https://www.vinnova.se/en/> 10.05.2023.

105 Swedish Agency for Economic and Regional Growth. Official Website. <https://www.government.se/government-agencies/swedish-agency-for-economic-and-regional-growth/> 10.05.2023.

106 ICT Group. Official Website - <https://www.ict.eu/en> 10.05.2023.

107 Ideone. Online Compiler and Debugging Tool. Official Website. <https://ideone.com/> 11.05.2023.

108 State Council of China. Made in China 2025. Official Website. <https://english.www.gov.cn/2016special/madeinchina2025/> 11.05.2023.

109 China SME Development Fund (ENT Fund). <https://www.ent-fund.org/> 11.05.2023.

- 110 Tencent Holdings Ltd. Official Website. <https://www.tencent.com/en-us/> 11.05.2023.
- 111 Zhongguancun Science Park (Z-Park). <https://www.zpark.space/> 11.05.2023.
- 112 Chinaccelerator. Startup Accelerator Program. <https://chinaccelerator.com/> 13.05.2023.
- 113 Techstars. Official Website - <https://www.techstars.com/> 13.05.2023.
- 114 Aalto Startup Center. Official Website - <https://startupcenter.aalto.fi/> 15.05.2023.
- 115 Think Company Finland. Official Website - <https://www.thinkcompany.fi/> 15.05.2023.
- 116 Vertical VC – HealthTech Accelerator. Official Website. <https://www.vertical.vc/> 15.05.2023.
- 117 Business Finland – Official Innovation Funding Agency. Official Website. <https://www.businessfinland.fi/> 15.05.2023.
- 118 Тлеубердинова А.Т., Шохаманова А.М., Салауатова Д.М. Туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігі: талдау және даму стратегиясы. Торайғыров университетінің хабаршысы. – 2024. – №4. – Б. 392-407. <https://doi.org/10.48081/QVUT8980>
- 119 Airbnb. New report highlights Airbnb’s contribution to inclusive growth of tourism. <https://news.airbnb.com/new-report-highlights-airbnbs-contribution-to-inclusive-growth-of-tourism/> 18.06.2023.
- 120 FlixBus. About FlixBus: Company Information. <https://global.flixbus.com/company/about-flixbus> 18.06.2023.
- 121 BlaBlaCar. О нас. <https://blog.blablacar.ru/about-us>. 18.06.2023.
- 122 Skyscanner. Affiliates Program // Skyscanner for Partners. <https://www.partners.skyscanner.net/product/affiliates#:~:text=Trusted%20worldwide> 21.06.2023.
- 123 Klook. Klook Closes \$100 Million Investment to Fuel Next Decade of Travel Experiences Growth. <https://www.businesswire.com/news/home/20250211163358/en/Klook-Closes-%24100-Million-Investment-to-Fuel-Next-Decade-of-Travel-Experiences-Growth> 21.06.2023.
- 124 Get Your Guide. About Us. <https://www.getyourguide.press/about-us> 21.06.2023.
- 125 Vacayit. Introducing Vacayit: travel tech startup tackles blind spot in tourism. <https://www.vacayit.com/blog/introducing-vacayit>. 24.06.2023.
- 126 Pantano E., Priporas C. V., Stylos N. ‘You will like it!’ using open data to predict tourists' response to a tourist attraction / Tourism Management. - 2017. -Vol. 60. - P. 430-438. <https://doi.org/10.1016/j.tourman.2016.12.020>
- 127 Bangare M. L. et al. Role of machine learning in improving tourism and education sector //Materials Today: Proceedings. – 2022. – Т. 51. – С. 2457-2461. <https://doi.org/10.1016/j.matpr.2021.11.615>

- 128 Stripp M., Steinert K.B.R. Trust on Peer-to-Peer Platforms in the Sharing Economy: A Case Study of Airbnb: Master Thesis in Service Management / Copenhagen Business School. – Copenhagen. - 2021. – 117 p.
- 129 Budeanu A. et al. Sustainable tourism, progress, challenges and opportunities: an introduction //Journal of cleaner production. – 2016. – T. 111. – C. 285-294. <https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2015.10.027>
- 130 Konstantinova S. Digital transformation in tourism // KNOWLEDGE-International Journal. – 2019. – T. 35, №. 1. – C. 188-193.
- 131 SkedSocial, Instagram Strategy: How Airbnb Uses Instagram for Marketing Experiences. - 2022. <https://skedsocial.com/blog/instagram-strategy-how-airbnb-experiences> 26.06.2023.
- 132 EY Global, The Future of Travel: Building Seamless Cross-Sector Customer Journeys. - 2023. https://www.ey.com/en_gl/travel-hospitality/future-travel-customer-experience 26.06.2023.
- 133 Ries E. The lean startup: How today's entrepreneurs use continuous innovation to create radically successful businesses. – Currency, 2011. – 296 p.
- 134 Blank S. The four steps to the epiphany: successful strategies for products that win. – John Wiley & Sons. – 2020. – 45 p.
- 135 Osterwalder A., Pigneur Y. Business model generation: a handbook for visionaries, game changers, and challengers. – John Wiley & Sons. - 2010. – 288 p.
- 136 Christensen C. M. The innovator's dilemma: when new technologies cause great firms to fail. – Harvard Business Review Press. - 2013. – 340 p.
- 137 Maurya A. Running lean: Iterate from Plan A to a Plan That Works. – «O'Reilly Media, Inc.», 2022. – 75 p.
- 138 Ries E. The startup way: how modern companies use entrepreneurial management to transform culture and drive long-term growth. – Currency, 2017. – 238 p.
- 139 Croll A., Yoskovitz B. Lean analytics: Use data to build a better startup faster. – «O'Reilly Media, Inc.», 2013. – 440 p.
- 140 Rubin J., Chisnell D. Handbook of usability testing: How to plan, design, and conduct effective tests. – John Wiley & Sons, 2008. – 30 p.
- 141 Cooper A. et al. The essentials of interaction design. – John Wiley & Sons, 2014. – 20 p.
- 142 Euromonitor International. Travel Industry Reports: Voice of the Industry – 2021. <https://www.euromonitor.com/voice-of-the-industry-travel-one-year-on/report> 29.06.2023.
- 143 Crunchbase. Start-up Funding Trends. – 2022. <https://www.crunchbase.com/hub/startups-founded-in-2022> 29.06.2023.
- 144 United Nations World Tourism Organization. International Tourism and Covid-19. <https://www.unwto.org/tourism-data/international-tourism-and-covid-19> 20.12.2024.
- 145 World Travel & Tourism Council. Travel & Tourism Economic Impact Research. <https://wttc.org/research/economic-impact> 20.12.2024.

146 Akorda.kz. Мемлекет басшысы БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымының Бас хатшысы Зураб Пололикашвилиді қабылдады. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-buu-duniezhuizilik-turistik-uyymynyn-bas-hatshysy-zurab-pololikashvilidi-kabyldady-98210> 12.09.2024.

147 Ұлттық статистика бюросы. ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі. Салалар. Экономика. Ұлттық шоттар статистикасы. Динамикалық қатарлар. Туризмнің қосалқы шоты. ҚР туризмнің негізгі даму көрсеткіштері. <https://stat.gov.kz/industries/economy/national-accounts/dynamic-tables/> 30.04.2025.

148 Ұлттық статистика бюросы. ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі. Салалар. Кәсіпорын статистикасы. Электронды кестелер. Бюллетендер. ҚР субъектілер санының негізгі көрсеткіштері (2018 жылғы 1 ақпандағы). <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/spreadsheets/?year=2018&name=24364&period=&type=bulletin> 15.11.2024.

149 Ұлттық статистика бюросы. ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі. Салалар. Салалық статистика. Кәсіпорын статистикасы. Электронды кестелер. Қазақстан Республикасындағы субъектілер санының негізгі көрсеткіштері (2025 жылғы 01 қаңтарға). <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/spreadsheets/?year=2024&name=19142&period=&type=> 15.01.2025.

150 Ұлттық статистика бюросы. ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі. Салалар. Салалық статистика. Кәсіпорын статистикасы. Электронды кестелер. Жасы 29 жасқа дейін тіркелген және жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлер және жасы 29 жасқа дейінгі олардың иесі (100%) болып табылатын заңды тұлғалардың саны (2018 жылғы 01 қаңтарға). <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/spreadsheets/?year=2018&name=22871&period=&type=> 15.11.2024.

151 Ұлттық статистика бюросы. ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі. Салалар. Салалық статистика. Кәсіпорын статистикасы. Электронды кестелер. 35 жасқа дейін тіркелген және жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлердің және меншік иелері (100%) 35 жасқа дейінгі адамдар болып табылатын заңды тұлғалардың саны (2025 жылғы 01 қаңтарға). <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/spreadsheets/?year=2024&name=19408&period=&type=> 15.01.2025.

152 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> 25.07.2023.

153 Brealey R. A., Myers S. C., Allen F. Principles of corporate finance. McGraw-Hill Education. - 2011. – 17 p.

154 Ross S. Ebook: Fundamentals of Corporate Finance. – McGraw Hill. - 2015. – 44 p.

155 Fetscherin M. et al. Export competitiveness patterns in Indian industries // Competitiveness Review: An International Business Journal. – 2012. – Т. 22, №. 3. – С. 188-206. <https://doi.org/10.1108/10595421211229637>

- 156 Budiman J. et al. The Development and Prototyping of Game Modeling At A Family Entertainment Center, Utilizing Web-Based Arduino Technology For Calculating CAGR // *Procedia Computer Science*. – 2024. – Т. 234. – С. 920-927. <https://doi.org/10.1016/j.procs.2024.03.080>
- 157 Damodaran A. Aswath. Useful Data Sets - NYU Stern School of Business. http://pages.stern.nyu.edu/~adamodar/New_Home_Page/data.html 10.10.2024.
- 158 Organisation for Economic Co-operation and Development. Economic Outlook . <https://www.oecd.org/economic-outlook> 10.10.2024.
- 159 Chan L. K. C., Karceski J., Lakonishok J. The level and persistence of growth rates // *The Journal of Finance*. – 2003. – Т. 58, №. 2. – С. 643-684. <https://doi.org/10.1111/1540-6261.00540>
- 160 Fama E. F., French K. R. Forecasting profitability and earnings // *The journal of business*. – 2000. – Т. 73, №. 2. – С. 161-175. <https://doi.org/10.1086/209638>
- 161 McKinsey & Company. Featured Insights: Industry Reports. <https://www.mckinsey.com/featured-insights> 10.10.2024.
- 162 Boston Consulting Group. BCG Publications. <https://www.bcg.com/publications>) 10.10.2024.
- 163 Statista. Industry Growth Markets Overview. <https://www.statista.com/markets/> 10.10.2024.
- 164 International Monetary Fund. World Economic Outlook. <https://www.imf.org/en/Publications/WEO> 10.10.2024.
- 165 Smith S. A Quantitative Analysis of Integrated Reporting via CAGR on Publicly Traded U.S. Corporations Listed in the S & P 500. *Theoretical Economics Letters* – 2018. - № 8. – P. 1443-1459. DOI: 10.4236/tel.2018.88093
- 166 Lane B.H., Mallow P.J., Hooker M.B., Hooker E. Trends in United States Emergency Department Visits and Associated Charges from 2010 to 2016 // *The American Journal of Emergency Medicine*. – 2020. – Published by Elsevier. <https://doi.org/10.1016/j.ajem.2019.158423>
- 167 Межов М. А. Инновации в банковской сфере. Инновации в российских банках // *Синергия наук*. – 2018. – №. 22. – С. 459-471.
- 168 Hatton L., Spinellis D., van Genuchten M. The long-term growth rate of evolving software: Empirical results and implications // *Journal of Software: Evolution and Process*. – 2017. – Vol. 29, №. 5. – e1847 p. - <https://doi.org/10.1002/smr.1847>
- 169 Ұлттық статистика бюросы. ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі. Салалар. Салалық статистика. Кәсіпорын статистикасы. Электронды кестелер. Жасы 29 жасқа дейін тіркелген және жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлер және жасы 29 жасқа дейінгі олардың иесі (100%) болып табылатын заңды тұлғалардың саны (2019 жылғы 01 қаңтарға). <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/spreadsheets/?year=2019&name=22871&period=&type=> 15.11.2024.
- 170 Ұлттық статистика бюросы. ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі. Салалар. Салалық статистика. Кәсіпорын статистикасы. Электронды кестелер. Жасы 29 жасқа дейін тіркелген және жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлер және жасы 29 жасқа дейінгі олардың иесі (100%) болып

табылатын заңды тұлғалардың саны (2020 жылғы 01 қаңтарға). <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/spreadsheets/?year=2020&name=22871&period=&type=> 15.11.2024.

171 Ұлттық статистика бюросы. ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі. Салалар. Салалық статистика. Кәсіпорын статистикасы. Электронды кестелер. Жасы 29 жасқа дейін тіркелген және жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлер және жасы 29 жасқа дейінгі олардың иесі (100%) болып табылатын заңды тұлғалардың саны (2021 жылғы 01 қаңтарға). <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/spreadsheets/?year=2021&name=22871&period=&type=> 15.11.2024.

172 Ұлттық статистика бюросы. ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі. Салалар. Салалық статистика. Кәсіпорын статистикасы. Электронды кестелер. Жасы 29 жасқа дейін тіркелген және жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлер және жасы 29 жасқа дейінгі олардың иесі (100%) болып табылатын заңды тұлғалардың саны (2022 жылғы 01 қаңтарға). <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/spreadsheets/?year=2022&name=22871&period=&type=> 15.11.2024.

